

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*

*Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектелулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

**Казахский язык и литература  
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**2/2013 АҚПАН**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

## ***АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:***

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

	<b><i>Мұғалімдерге көмек</i></b>	
Гүлсім ДҮЙСЕНБИЕВА.	Қазақ тілі сабағын дәстүрлі емес әдіспен өту.....	3
Жанар ӘЗІРБАЕВА, Бекзат ОТЫНШЫНОВА.	Жеке білім бағытын қолдану арқылы бастауыш мектепте оқу-танымдық біліктілікті қалыптастыру.....	8
Зәуреш НҰРЫМОВА. Айнаш МАКЕЕВА.	Орта мектепте үш тілде оқыту мәселелері..... Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау жолдары.....	12 22
	<b><i>Қазақ тілі орыс аудиториясында</i></b>	
Базаргүл КӨЛБАЕВА.	Қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуы мен жазылуын үйрету.....	27
	<b><i>Тиімді әдіс – баршаға ортақ</i></b>	
Юлат ЖҰМАДІЛОВ.	Қазақ тілін оқыту технологияларының тиімділігі.....	32
Маржан ТӨКЕНОВА.	Коммуникативтік технологиямен оқушылардың сөйлеу тілін дамыту.....	38
	<b><i>В мире педагогики</i></b>	
Айнур ШАКИРОВА.	Самообразование педагога как фактор профессионального саморазвития.....	42
	<b><i>Мұғалім мінбесі</i></b>	
Рая БАЙЖАНОВА.	Бүгінгі күннің талабы – білімді ұрпақ тәрбиелеу.....	48
	<b><i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i></b>	
Рита МҰХТАРҚЫЗЫ.	Сәкен Сейфуллин. «Ананың хаты».....	53
	<b><i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i></b>	
Қаламқас ТОҒАСБАЕВА.	Етістіктің шақтарында «Нан дастарханға қалай келеді?».....	57
Сабира БАКИРОВА. Фатима ХАМИТОВА.	Етістіктің рай категориясы..... Сөздік қорға қосылған Қаныш тапқан қара тас.....	60 65
Ақбаян КӨПТІЛЕУҚЫЗЫ. Ақжарқын ӨМІРБАЕВА.	Зат есімнің септік жалғаулары..... Сан есімнен өткенді қайталау.....	74 78
Айзада МИРМАНОВА. Гүлсім ЖИЕНАЛИНА.	Сөз құрамын үйреткен күз..... Ауызекі сөйлеу дағдысында – «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?».....	82 88
	<b><i>Білім негізі – бастауышта</i></b>	
Гүлнар БЕРКУТОВА. Гүлмира МҰҚАНОВА.	Жаңа сөздерге бай қыс айлары..... Сөйлемде «Адам не істейді?».....	92 94
	<b><i>Сайыс сабақ</i></b>	
Айжан АБДРАСИЛОВА. Индира МҰСТАЖАПҚЫЗЫ. Анаргүл КӨКЕШОВА.	Тіл – ұлттың жаны..... Мұқағали – мәңгілік жыр..... Әдебиет әлемінде – зияткерлік ойыны.....	99 104 110
	<b><i>Білім сынағында</i></b>	
Шолпан ӘБЛЕМОВА.	ҰБТ-ға дайындалуға арналған лексика-грамматикалық сұрақтар.....	113
Бибігүл ТҰЯҚОВА. Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ.	10-сыныпқа арналған бақылау диктанттары..... 10-сыныпқа арналған емтихан билеттері.....	118 126
	<b><i>Балабақша бағында</i></b>	
Назира ИНСЕБАЕВА.	Отбасындағы сыйластық.....	131
	<b><i>Тәрбие сағаты</i></b>	
Анар ЕРМЕКҚЫЗЫ.	«Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...» .....	137

Гүлсім ДҮЙСЕНБИЕВА,  
№122 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі,  
ғылым магистрі.  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Мақтарал ауданы,  
Жетісай қаласы.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫН ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ӘДІСПЕН ӨТУ

Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу.

Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз.

Білім берудің талабына сай әр кезеңдегі білім парадигмалары өз міндеттерін атқарады. Ал, бүгінгі талап басқаша. Мұндағы басты мақсат – келешек ұрпақты жан-жақты қалыптастыру, яғни, терең білімді, рухани-шығармашылық қабілеті жоғары, сыни ойлау мүмкіндігі бар, өз бетімен ізденіп, игерген білімін іс жүзіне асыра алатын тұлға дайындау.

Мақсат – айқын. Аталған мақсатқа жетудің тиімді жолы ретінде оқытудың әр алуан технологиясын, әдістемесін пайдалану керек екені сөзсіз.

Технология мен әдістеменің мақсаты бір – “қалай оқыту мәселелерін қарастыру”.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Менің өз әдісім – ізденіске жұмылдыру.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, т.б. таным әрекеттерін жасайды.

“Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық” деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіндігіне қарай мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ, оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты, әркілі деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін.

“Мемлекеттік тіл – менің тілім ” тақырыбында сабақ өттім. Сабақтың тәрбиелік мақсаты өз Отанына, өз тіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру болса, осы мақсатты бетке ұстай отырып жұмысымды құрастырдым. Экрандағы көріністер туралы алдын ала тапсырма берілді. Сабақ барысында оқушылар “Тіл туралы” заң ата заңымыздың қай бабында, қай бөлімінде екенін білді. Осы сабақтарда мультимедиялық проекторды қолданудың маңызы қандай десек, біріншіден, оқушылар үлкен әсер алады, қасиетті тіліміз жөнінде көп мағлұмат алып, білімін тереңдетеді. Өз бетімен жұмыс істеу арқылы өз күшіне деген сенімділік пайда болады, патриоттық тәрбие алады.

Өзім сабақ беретін сыныптарда оқушылардың танымдық ой-өрісін қалыптастыру мақсатында сабақтың әр кезеңінде

өз қалауымен жаңа тақырып түсіндіру алдында, өтілген тақырыпты қайталау мақсатында, жаңа тақырыпты бекіту үшін сабақ соңында, тіл дамыту сабақтарында немесе пән бойынша аудиториядан тыс өткізілетін шараларды мультимедиялық проекторды қолдануға көңіл бөліп жүрмін.

Мультимедиялық проекторды қолдану арқылы оқытушы:

Оқушының танымдық күшін қалыптастырады;

Барлық баланы оқытады;

Оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі;


Білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқарады;

Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады;

Оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену (Оқушыларға алдын ала тапсырма беріледі).

Мультимедиялық слайдтарды қолдану, әсіресе, дәстүрлі емес сабақтарда ыңғайлы. Үлгі ретінде мен сіздердің назарларыңызға сабақтарымнан бірнеше мысал келтіргім келіп отыр. Мысалы:


Сөздік жұмысын жүргізгенде технология стратегиясының бір түрі – “Ассоциацияны” қолдануға болады. “Қазақстан” сөзін естігенде қандай сөздер ойға оралып, еске түсетініне тоқталады. Сол сөздерді дәптерлеріне жазады, содан кейін экранда төмендегі кесте шығады. Осы кесте бойынша мәтін құрастырады.



“Тәуелсіз Қазақстан” тақырыбын өткенде проектордан қайталау кезеңінде қолданылды. Проектордан еліміз және оның бас қаласы бойынша маңызды көріністер, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері оқушылардың назарына ұсынылады, сонымен қатар “Астана”, “Қазақстан” тақырыбындағы сөзжұмбақтар арқылы қайталау жұмысы жүргізіледі.

Экранда: «Астана» сөзжұмбағы.

1. Астананың бұрынғы аты.
2. Астана қай өзеннің жағасында орналасқан?
3. Астанадағы тәуелсіздік символы.
4. Астанадағы университеттің аты.
5. Астана өңірінде жасалатын қасиетті тағам.
6. Болашақтың символы елестейтін мүсін.



Бағдарлама бойынша берілген тіл ұстарту сабақтарының тақырыптары оқытушылардың қалауынша алынады. Сондықтан да өз қалауым бойынша (орыс мектебінде оқитын оқушылардың қазақ халқының салт-дәстүрлерін атүсті білетінін байқадым) бір тіл ұстарту сабағымды қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, соның ішінде сәбилерге байланысты рәсімдерге арнадым. Салт-дәстүр туралы сұрақ-жауап арқылы әңгімелескеннен кейін мультимедиялық

проектор арқылы бірнеше көріністер мәтіндерімен экранға түсірілді. Сол суреттер және мәтіндермен түрлі әдісті қолдана отырып жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде:

- Оқушылардың сөйлеу қабілеті дамиды;
- Тілдік қорын жетілдіреді;
- Салт-дәстүр туралы танымы тереңдейді;
- Ұлттық сана-сезімін оятуға әсерін тигізді.

Ал, грамматикалық тақырыптар бойынша слайдтарды сабақты қорытындылау кезеңінде қолданған өте тиімді деп есептеймін.

Мысалы: “Сөз құрамы” тақырыбын алсақ, қос сөз, біріккен сөз, қосарлы сөз тақырыптары бөлек-бөлек сабақтарда өтіледі. Осы сабақты қорытындылағанда “Сөз құрамы” слайдын экранға түсіріп, қорытындылау жұмысын жүргізсек ұтымды.

“Үстеуді” өткенде мекен, мезгіл, себеп, мақсат, сын-бейне, мөлшер үстеулері де бөлек-бөлек сабақтарда өткізілсе, қорытындылау сабағында “Үстеу” тақырыбындағы слайд арқылы қорытындылау жұмысын жүргізсек, оқушылардың осы тақырып бойынша алған білімін тұжырымдауға, ойын жинақтауға әсерін тигізетіндігі сөзсіз.

Қытайдың даналық сөздерін еске түсірсек:

- «Айтсаң – ұмытып қаламын,
- Көрсетсең – есімде сақтаймын,
- Жасатсаң – үйренемін» дейді.

Сөйтіп, жүйелі түрде оқу үрдісінде мультимедиялық проекторды қолданып отырсақ, біріншіден, оқытушы ұтады, яғни, ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады, екіншіден, оқушы да ұтады, себебі өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік алады, өз бетімен еңбек етуге ұмтылады, өздерін сөйлету оқушының ой-өрісін дамытуға септігін тигізеді, оның тақырып бойынша танымы кеңейеді.

# ЖЕКЕ БІЛІМ БАҒЫТЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ БІЛІКТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бастауыш мектептің ең басты тапсырмаларының бірі – динамикалық дамыған ортада өмір сүруге бейім, білімді, шығармашылық жеке білікті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Осы тапсырманы шешу белсенділігі артып келеді. Базалық біліктіліктің бірі – оқу-танымдық біліктілік болып табылады.

Біз жеке білім бағытын немесе траекториясын қолдану кезіндегі оқу-танымдық біліктілікті қалыптастыру бойынша жұмыс жүйесіне тоқталамыз.

Жеке білім бағыты – оқушының іс-әрекет бағдарламасының құрылымы. Жеке білім бағыты бойынша оқушыларды оқыту үшін көптеген себептер болды. Алысқа бармай ақ, өз мектебіміздің ішінен мысал келтірсек:

1. Сыныпқа жаңадан бір оқушы орта мектептен №34 мектеп-лицейге ауысып келеді. Үлгерімі төмен. Сабақ барысында бұл мәселені жауып тастап, жұмыс жүргізу мүмкін болмады.

2. Сыныпта логопедиялық қателігі бар, жақсы оқитын оқушы оқиды. Ата-анасы қанша тырысса да, көмектесе алмады, ал, логопед уақытының жоқтығынан бас тартты. Әрине, бұл балаға маманның көмегі қажет болды. Сабақ



барысында жеке отырып жұмыс жасауға мүмкіндік болмады. Ақырында педагог барлық әдебиеттерді меңгере келе, балаларды жеке білім бағыты бойынша жұмыс жасауға баулыды. Бұл бағыт оң нәтиже тудырғандықтан, осы бағытта жұмыс жасайтын оқушылар саны да көбейе бастады.

Жеке білім бағыты:

- Әлсіз оқушы үшін;
- Мықты оқушы үшін жоспарлануы мүмкін.

Мықты оқушы ауырғандықтан немесе басқа да көптеген себептердің салдарынан көптеген оқу күндерін босатуы мүмкін, сондықтан оның білімін жүйеге келтіріп, мәселесін жабу қажет. Ал, әлсіз оқушыны үнемі қызығушылығын, сәттілік әрекетін, дәлелін қолдап отыру керек.

Жеке білім бағыты:

- Қысқа;
- Ұзақ болуы мүмкін.

Әлсіз оқушыда бағыт барлық оқу жылына есептелсе, мықты оқушыға бірнеше апта мен ай жетеді.

Мұғалімнің міндеттері:

- Оқушының жеке білім бағыты бойынша білім алуға көшудегі дайындық бағасы. (Пәндер бойынша педагогикалық диагностика, ОУУН диагностикасы).
- Оқушымен жеке білім бағытын бірге таңдау.
- Оқушымен тиянақты кездесу. (Аптасына бір сағаттан кем емес.)
- Білім бағытын жүйеге келтіру.
- Білім бағытының нәтижесін жасау. (ОУУН диагностикасы, пәндер бойынша педагогикалық диагностика).

Жеке білім бағыты оқушылардың әр түрдегі іс-әрекетінің ұйымдасуы арқылы жүзеге асады.

- **Сыныптық жұмыс.**

Өткен сабақты қайталау немесе бекіту кезінде балаларға

жеке тапсырмалар беріледі – қима қағаздар, жаттықтыру тапсырмалары. Балалар өз беттерімен жұмыс жасайды, соңынан жұмыстары тексеріліп, бағаланады.

- **Топтық жұмыс.**

Жеке бағыт бойынша оқитын оқушыларда бір ғана мәселе, мысалы: «Екпінсіз дауыстыларды сөз түбірінде дұрыс жазу». Мұғалім оларды бір топқа біріктіріп, топтық жұмыстар жүргізеді.

- **Материалды өз бетімен меңгеру.**

Бұл түрді мықты оқушыны оқытуда қолдануға болады. Мысал келтірсек: орта мектептен №34 мектеп-лицейге ауысып келген оқушыға өз бетімен меңгеру тапсырмасын береді. «Тәуелдік жалғауының үш жағын сөйлем ішінде қолдануды меңгеріп, бірнеше сөйлемдер құрап әкел». Артынан мұғалім ережені тексеріп, сол ережені оқушы қаншалықты меңгеріп, сөйлем ішінде қолдана алғандығын бағалайды.

- **Өз бетімен үй жұмысын жасау.**

Оқушы мұғаліммен бірге ережелерді қайталай отырып, бірнеше күнге үйге тапсырма алады. Белгіленген уақытта мұғалім оны тексеріп, міндетті түрде бағалайды.

Барлық бағалар жеке бағыт журналына қойылып отырады.

Қазір біз жеке бағыт бойынша жұмысты қалай жоспарлау керектігін көреміз. Жеке білім бағыты бойынша жұмыс жоспарын құру алгоритімі:

1. Жоспарды әрқашанда жалпы оқу дағдысы мен машық диагностикасынан бастап құру керек.

2. Төменгі үлгерім себебін анықтау керек.

Себептері төменгідей болуы мүмкін:

- Жеке ОӘК (УМК) көшу.
- Өзіндік бақылаудың дұрыс болмауы.
- Оқушының тұрақты әрекетінің болмауы.
- Сабақ барысындағы тұрақсыздық, оқудағы машық,

дағды мәселелері.

- Сөздік қорының аздығы.
- Жалпы сөйлеу іс-әрекетінің дамымағандығы.
- Танымдық іс-әрекеттің қалыптаспауы.

Осы себептерден шыға отырып, жұмыстың бағытын анықтаймыз. Мысалы:

№34 мектеп-лицейдің бағдарламасы бойынша артта қалуды жою.

Сөйлеу тілінің дамуы мен сөздік қорының баюы.

Оқу іс-әрекеті сарынының қалыптасуы. Сәттілік әрекетінің құрылуына көңіл аударып, баланың алдында көлемі бойынша көп емес, қиындығы бойынша қолжетімді тапсырмалар қоя білу.

Жұмыстың бағытын анықтап, маршрут жоспарын құрамыз және жоспардың жүзеге асуы бойынша жұмыс жүргіземіз.

*Жеке бағыттың тақырыптық жоспарының мөлшерлі схемасы.*

№	Күні	Сабақтың тақырыбы	Оқушының іс-әрекетін ұйымдастырудың түрі	Үй тапсырмасы	Ұсыныс
---	------	-------------------	--	---------------	--------

Сабақтың өту күнін белгілейміз (аптасына 1 рет). Егер оқушыға кеңес қажет болса, мұғалімге кез келген уақытта жолыға алады.

Қорытынды жасау. Бұл – диагностикалық жұмыс.

Егер мақсат орындалса, маршрут жабылады; егер олай болмаса, жұмыс жалғасады.

Жеке білім бағыты бойынша жұмыстың нәтижесінде оқушыларда оқу-танымдық біліктілік негізі қалыптасады.

Олар сабақ барысында өз бетімен ұйымдасуға бейімделеді.

Өз жұмыстарын жоспарлауға үйренеді.

Өз жұмыстарын талдап, бағалай алады.

оқушының:

1 – үздік.

1 – 4-5-ке оқиды.

2 – қанағаттанарлық бағамен оқиды.

5-сыныпқа көшуде оқушылар оқу үлгерімін сақтады.

Сонымен қатар, 5-сыныпта да қазақ тілін меңгеруде жеке оқу бағытының барлығы қуантады.

Қазіргі уақытта жеке бағыт бойынша 2 оқушы оқиды.

Бір оқушыда алға жылжушылық бар. Ал, екінші оқушы әлі де ілгеріде, сонда да, динамикасы қанағаттанарлық. Оқушылардың үлгерімі әлі де жақсаратындығынан үмітіміз мол.



**Зәуреш НҰРЫМОВА,**

**Шымкент қаласындағы**

**Ұлықбек атындағы**

**№ 3 жалпы орта мектебінің**

**қазақ тілі мен әдебиеті**

**пәнінің мұғалімі.**

## **ОРТА МЕКТЕПТЕ ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

«Қазақстан халқы дүние жүзінде үш тілді бірдей пайдаланатын ел ретінде көрінуі тиіс. Бұлар – қазақ тілі, яғни, мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынастар тілі және ағылшын тілі – әлемдік экономиканың сәтті қолданысындағы тілі» делінген Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында.

Еліміздің әлемнің дамыған елу мемлекеті қатарынан орын алу үшін бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады. Шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, ой-өрісі, дүниетанымы дамыған, Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – мектепте көптілді және билингвалды білім беруді жолға қою болып табылады.

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылық және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету мәселесіне ерекше мән берілген. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады.

Сондықтан қазақ тілін оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою – бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. Педагогикалық жұмыстың осы бағытындағы мәселелер, оларды шешу жолындағы ұмтылыстар, ізденістер нәтижесінде көптілді және билингвалды білім беру саласында біраз тәжірибе жинақталды.

Көптілді және билингвалды білім беру үлгісін енгізудің идеялық негізіне Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан

Халқы Ассамблеясының XII сессиясында айтқан «Бізге кейбір пәндерді мектепте оқыту бір мезгілде қазақ тілінде де, орыс тілінде де жүргізілуі туралы ойласу керек. Бұл — біздің бүкіл білім беру жүйеміз үшін жаңа міндет» деген сөздері басшылыққа алынды.

Біздің тәжірибемізге сәйкес келетін нұсқалар төмендегіше болды:

- көптілді білім беру – бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілдерде аудармасыз оқыту;

- билингвалды білім беру-оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үрдісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану.

*Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде үш тілді білім беру моделін енгізудің өзектілігі мынада:*

- бүгінгі қазақстандық қоғамда көптілді, көп мәдениетті тұлғаға деген сұраныстың артуы;

- ұлттық мектеп бітірушілерін жалпы қазақстандық және әлемдік білім және ақпарат кеңістігіне кіріктірудегі мәселелерді шешу қажеттілігі;

- болашақ ұрпақты қазақстандық патриотизмге, ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің өзекті мәселеге айналуы;

- аз ұлт өкілдерінің этникалық ерекшеліктерін сақтаумен бірге олардың жалпықазақстандық экономикалық, әлеуметтік-мәдени үрдістерге толыққанды қосылуына жағдай жасау;

- мектеп бітірушілерінің коммуникативтік және ақпараттық құзырлықтарының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу.

Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсат анықталды.

Ол – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

*Қазақ тілін оқу құралы ретінде пайдалану:*

Әр түрлі пәндерді қазақ тілінде оқыту;

Аудармасыз оқыту;

Көптілді оқытуда мектеп, отбасы, педагогикалық ұжым мен жұртшылықтың ынтымақтастығы;

Тіл меңгеру және мемлекеттік білім стандарттары деңгейінде;

Оқытудың жеке, жұптық, топтық және ұжымдық формаларын біріктіру;

Бір тіл ұстанымы.

Әлемдік білім берудің іс-тәжірибесі негізінде де (АҚШ, Франция, Англия, Германия елдерінде) мемлекеттік тілді білу арқылы жүзеге асыру басшылыққа алынады.

Қазақ тілінің өзге ұлт мектептерінде оқытылуы – мемлекеттік тілдің өркендеп дамуына, келешекте ғылым тіліне айналуына жол ашу деген сөз. Мектебімізде қазақ тілін оқыту бірнеше жылдардан бері төмендегідей арнайы ережелерді басшылыққа ала отырып, кезең-кезеңмен жүзеге асырылып келеді:

- пәннің білім мазмұнын анықтау. Дамытушылық ұстанымдарын басшылыққа алып, оқуға пайдаланатын материалды нақтылау;

- оқу-тәрбие үрдісінің оқушылардың жас және жеке дербес ерекшелігі мен қажеттілігіне қарай құрылуы;

- бағдарлама оқушыға қиындық туғызбау үшін оны шамадан тыс толықтырып, күрделендірмеу;

- оқушылардың негізгі бағдарлама мазмұнын жоғары деңгейде меңгеруі;

- бүкіл оқуда әр түрлі қолжазба материалдарымен, қосымша әдебиеттермен, электрондық оқу құралдарымен толықтырып отыру;

- оқушының өз бетінше жұмыс істеуіне, ой-өрісін кеңейтуіне мән беру;

- жыл бойы білім дәрежесін үздіксіз тексеріп, диагностикалық талдау жүргізу;

- қазақ тілі пәнінен оқыту-әдістемелік кешендер әзірлеу, қазақ тілі пәнін оқытудың оқу-материалдық базасын нығайту.

Мемлекеттік тілді осылайша оқыту өз жемісін беріп келеді. Соның нәтижесінде мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның қолдану аясын кеңейту мақсатында мектепте көп жұмыстар қолға алынған. Атап айтқанда:

1) қазақ тілді ортаны қалыптастыру үшін аптаның жұма күні «қазақ тілі» күні деп белгіленіп, мектеп ұжымы сол күні тек қазақ тілінде ғана сөйлейді, «Қазақ тілін үйренеміз!» үйірмесі жүргізіледі;

2) мектепте кейбір пәндер қазақ тілінде оқытылып келеді. Мәселен, дене шынықтыру, бейнелеу өнері, ән-күй, технология сияқты пәндер екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде өтеді. Сондай-ақ химия, физика, тарих, биология пәндері билингвалды негізде мемлекеттік тілде және өзбек, орыс тілдерінде өткізіледі.

3) ата-аналар мәжілісі, педагогикалық кеңестер, тәрбиелік іс-шаралар қазақ тілінде өткізіледі;

4) оқушылар мемлекеттік тілді дамыту мақсатында өткізіліп келе жатқан «Мемлекеттік тіл – менің тілім», «Мемлекеттік тілді білу – парызың», «Мен, өзге ұлт өкілі, мемлекеттік тілде бәсекелесе аламын» байқауларына



катысады.


Жуырда мектебімізде «Көп тілді және жан-жақты мәдени дамыған тұлғаны қалыптастыру: міндеттері мен іске асыру жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Мұнда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саны аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары өкілдерінің, Қырғызстан облыстарындағы өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектеп мұғалімдері мен басшыларының қатысуымен көптілді білім беру мәселелеріне арналды. Мектеп ұжымында БО мен КО бойынша шығармашылық топ құрылған. Бұл топ мектеп, оқушы, ата-аналардың сұраныстары мен тілектерін ескере отырып, жұмыс жоспары мен мақсатын белгіледі.

Мектепте 1428 оқушы оқиды, 61 сынып бар.

10 сынып қазақ тілінде оқиды.

23 сынып орыс тілінде оқиды.

28 сынып өзбек тілінде оқиды.



Диаграммада көрсетілгендей, мектеп оқушылары билингвалды ортада қалыптасуда, қарапайым күнделікті тілдік қарым-қатынастан бастап екінші мемлекеттік және үшінші (орыс) тілге өту, оларды меңгеру – бағдарламаның негізгі мақсаты. Мектеп мұғалімдері билингвалды және көптілді оқыту курсынан өтіп, ОҚО мектептерінің тәжірибесімен алмасуда. Бұдан шығатын қорытынды: билингвалды және көптілді оқыту – өмір қажеттілігі деп

қарау керек.

Көптілді және билингвалды білім берудің бейімделген үлгісін мектептің оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің нәтижелерін сараптау, сандық және сапалық талдау біздің іс-тәжірибеміздің тиімділігін дәлелдей түседі.

Біз БО және КО бойынша қандай нәтижеге жеттік?

- мұғалімдер, оқушылар бұл іске белсене ат салысты (олимпиадалар, байқаулар, ғылыми жоба қорғаулары екі тілде жүргізілді, оқушылар қала және облыс көлемінде қатысты). Мәселен, 6-сынып оқушылары Сабина Абутова, Жұлдыз Кочкарова, Фарух Абдувахаров, Юлия Ногайлар байқауларда мемлекеттік тілден өз білімдерін көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды. Мақтау қағаздарымен, алғыс хаттармен марапатталды.

Оқушылардың оқуға қызығушылығы артты.

Сонымен, біраз іс-тәжірибемізді жинақтай отырып, мына мәселелерге шешім табылса екен деген ұсыныс-тілегіміз бар:

1. Материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету;
2. Мұғалімдерге тәжірибе жинақтау үшін жағдай туғызу;
3. БО мен КО бойынша курстар ұйымдастыру;
4. Басқа мектептермен тығыз байланыста болып, олармен тәжірибе алмасу;
5. Нормативтік-құқықтық база, әдістемелік әдебиет беру.

*Орта мектепте үш тілде оқытудан мына нәтижелерге жетуге болады:*

- ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары талаптары деңгейінде қалыптасқан білімдерін ана тілі, мемлекеттік тіл, орыс тілінде еркін білдіретін мектеп бітірушісі;

- бітірушінің көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі;

- көп мәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі;

- ұлттық және жалпы қазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға;

- бітірушілер еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды.

«Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып-білуге деген қызығушылықтары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббатын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу – басты міндетіміз.

Өзім сабақ беретін өзбек тілінде білім алатын 6-сынып оқушыларына қазақ тілі пәні қазақ мектептерінің бағдарламасы бойынша жүргізілді. Алғашқы кезеңде тілдік кедергілердің көптеген қиындықтары болса да, мемлекеттік стандарт көрсеткіштерін қалайда орындауға үлкен құлшыныспен кірістік: тіл үйрену бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырдым, сабақтан тыс уақыттарда сынып балаларын қатыстыра отырып тек қазақ тілінде грамматикалық ойындар мен мәдени-тәрбие шараларын өткіздім, әдебиет сабақтарында өтілетін оқу материалдарының ыңғайлы жерлерін сахналық қойылымдарға айналдыра орындаттық.

Көптілді оқыту сыныптарында қазақ тілі пәнін қазақ мектебінің бағдарламасы бойынша оқыту, яғни, оқу материалдарын күрделендіру оқушыларды көп ізденіп, мол білім жинақтауға жетелейді, мемлекеттік тілдің қажеттілігін

арттырады, тілдік ортаны кеңейтеді, дарынды балалардың танымдық сұранысын қанағаттандырады, қазақ халқының тарихы, мәдениеті, фольклоры мен этнографиясы туралы оқушы білімін байыта түседі, қазақстандық патриотизм тәрбиесінің қызметін нәтижеге бағыттайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ойын элементтерін молырақ пайдаланғаным тиімді болып шықты. Балалар тілдік кедергілерді жеңіп, қазақ тілінің грамматикасын меңгерді.

Бүгінде балалар оқу қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің оқушыларына арналған тест материалдарымен жұмыс істеуге қиналмайды. Әдебиет сабақтарында көркем шығармаларды талдауға, олардың эстетикалық құндылықтарын бағалай алуға бейім. Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің өздеріне тән ерекшеліктерін ажырата алады.

Коммуникативтік, әрекеттік мәдениеттанымдық құзыреттіліктері мен жобалаушылық қабілеттерін дамыту мақсатында үш тілде оқып жүрген балаларды ғылыми-ізденушілік жұмыстарға тартуды қолға алып отырмыз. Үстіміздегі оқу жылында сынып оқушысы ғылыми жобалардың облыстық жарысына қатысып, «Аңыз әңгімелер» деп аталатын жұмысты қазақ тілінде қорғады. Өзбек тілінде оқитын оқушыға қазақ тілі пәнін қазақ мектебі бағдарламасымен оқып кету қиынға соғатыны мәлім. Сондықтан біздің әдістемелік бірлестікте төселу, бейімделу кезеңіне арналған бағдарлама жасалынып, әдістемелік кешен құрылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін көптілді формат бағдарламасы бойынша оқытудағы мәселелер төмендегіше болды:

1. Көптілді мектептерге арналған арнайы оқулықтар шығарылуы қажет;

2. Көптілді мектептерге арналған маман кадрлар даярлау қолға алынуы тиіс;

3. Көптілді форматпен оқытуға арналған қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқулықтар жасалуы керек;

3. Материалдық база жеткіліксіз;

4. Қазақ тілі пәнінің белгілі бір саласы бойынша қосымша пән енгізілуі тиіс.

Сөз соңында көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік деп айтар едім.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 3/2003.

2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. 5/2010.

3. Қазақ тілі мен әдебиеті. Орыс тілінде жалпы білім беретін мектептің 5-7 сыныптарына арналған бағдарламалар. А., «РОНД», 2003, 32-бет.

4. М.М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. А., 2002, 180-бет.

5. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. 9/2003.

6. «Қазақстан мектебі» журналы. 2/2010. А.Рахымбердиев. Үш өлшемді әдістемелік жүйе. 39-41-бет.

7. «Қазақстан мектебі» журналы. 7/2010. Б.Нұралиев. Көптілді және билингвалды білім беру – басты бағытымыз. 3-6-бет.

8. «Қазақстан мектебі» журналы. 6/2011. Ж.Жакенова. Үш тілде білім беру – заман талабы. 3-4-бет.

9. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 10/2009. Қ.Жүнісханова. Тіл мерейі – ел мерейі. 139-143-бет.

## ОҚУШЫЛАРДЫ ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі білім беру жүйесінің басты бағыты – қоғам өзгерістеріне қарсы тұра алатын ғана емес, әлеуметтік-экономикалық үдерістерін басқара алатын мамандарды қалыптастыру. Шын мәнінде, өркениетті қоғамдағы бәсекелес нарықтық қатынастардың барлық қиындықтары – бүгінгі оқушылардың мойынында. Мектептің білім беру жүйесінің стратегиялық міндеті – бәсекеге төтеп беретін тұлғаны тәрбиелеу мен оқытуына жағдай тудыру.

Постиндустриалды қоғамда еңбек ететін мектеп түлегі белгілі қасиеттерді меңгеруі тиіс, атап айтқанда:

- өз бетінше сыни тұрғыда ойлай алуы, нақты өмірдегі қиындықтарды көруі және оларды тиімді шешу жолдарын таба білуі қажет;

- өзінің адамгершілігін, санасын, мәдениеттілік деңгейін дамыту үшін өз бетінше еңбектенуі қажет.

ҰБТ дегеніміз – мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның қажеттілігінде сәйкес келетін бүгінгі білім сапасын көтеру және басты бағыт болып табылады.

Жыл сайын ҰБТ өткізу келесі жағдайларды туғызады:

- Білім беру мәселелеріне қоғамның назарын аудару;
- Оқуда оқушы мен оқытушының жақсы нәтижелерінің себептерін жоғарылату;

- Білім сапасы бағасының әділдігін және нақтылығын орнықтыру;

- Білім беру ұйымының қызметін әділ бағалау;
- Бірыңғай өлшеу материалдарының көмегімен білім сапасын басқару.

ҰБТ-ның жоғары нәтижесі 11-сыныпта ғана пайда болмайды. ҰБТ-ға дайындаудың **басты тұлғасы — оқытушы**. Мұғалімге қойылатын талаптар:

- Оқушылардың білім алу себептерін айқындау;
- Пәндік оқыту үдерісін ұйымдастыру;
- Тиімді технологияларды қолдану.

Сонымен, мұғалім ҰБТ-ға дайындауда қандай мақсат қоюға тиіс?

### **Мақсаттар:**

1. Оқушылар сабақта алған білімдерін өмірде қолдана білуге тиіс;
  2. ҰБТ-ға сапалы дайындық ұйымдастыру;
  3. Оқушыларын 100% оқу үлгеріміне талаптандыру;
  4. ҰБТ-ның сапасын және орташа ұпайын жоғарылату;
- Күнделікті жүйелі жұмыс ұйымдастыру;
  - Оқыту өлшеуіштерін құрастыру;
  - Интерактивті технологияларды қолдану;
  - Жеке тұлғаның даралығын дамыту;
  - Оқушылардың білім алу себептерін қалыптастыру.

Мұғалімнің жұмысында көп қиындық тудыратын орташа деңгейлі оқушы емес, потенциалды және үлгерімі төмен балалар, өйткені тест сұрақтары орташа оқитын оқушыларға бағытталған. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру және білім сапасын көтеру жұмыстарын келесі кезеңдерден көруге болады.

### **1-кезең. Диагностикалық:**

- Бақылау жұмыстарын өткізу арқылы оқушылардың білім деңгейлерін анықтау;
- Өткен жылдағы ҰБТ нәтижесі мен байқау тестілердің сараптамаларын жасау арқылы қиындық тудыратын мәселелерді анықтау;

- ҰБТ-ны өткізу ережелерімен және ұсыныстарымен танысу.

## **2-кезең. Практикалық:**

- Тест жинақтарымен жұмыс;
- Күрделі тақырыптар бойынша деңгейлік тапсырмалар;
- Топтық және жеке дайындық;
- Тестпен жұмыс істеуде тиімді тәсілдерді қолдану.

## **3-кезең. Синтетикалық (анықтаушылық):**

- Тақырыптар бойынша бақылау тестілері;
- Мониторинг;
- Қатемен жұмыс парағын жүргізу;
- Психологиялық тренинг ұйымдастыру және өткізу.

Үш кезең бойынша өткізілген жұмыстар оқушылардың үш топқа бөлінетінін анықтайды: 1-топ – үнемі 20 ұпайдан жоғары алатын оқушылар; 2-топ – 15 ұпайдан 20 ұпайға дейін алатын оқушылар; 3-топ – 15 ұпайдан төмен алатындар.

Мен 11 «А», 11 «Б» сыныптарында жұмыс істеймін. Жалпы оқушылардың саны – 33, 1-топта – 9, 2-топта – 16, 3-топта – 8 оқушы. Жұмысты неден бастадым? Алдын ала өзім бақылау тест – «Кіріспе тест» өткіздім. Әр сыныпқа жеке папка дайындадым. Оның ішінде: ҰБТ нәтижелерінің жеке парағы, қателерді талдау парағы, оқушылардың мониторинг парағы, сыныптың мониторинг парағы, сонымен қатар әр оқушының жеке жұмыс ұйымдастыру дәптері бар.

Бірінші, әр оқушы мониторинг парағын алғаннан соң, өзіне мақсат қояды (мақсаты мүмкіндігіне қарай нақтылы болу тиіс). Мұғалім сыныптың мақсатын жоспарлайды (11 «А» сынып – 17 ұпай, 11 «Б» - 18 ұпай). Тест нәтижелері шыққан соң қатемен жұмыс жасалады. Қатемен жұмыс парағына қазақ тілінің грамматикалық тарауларының сұрақтары және лексикалық сұрақтар енгізілген. Парак бойынша түрлі жұмыс ұйымдастыруға болады.



Мысалы:

- грамматикалық терминдерді аудару, жаттау;
- түрлерін анықтап жазу немесе айту;
- ережелерін еске түсіріп жазу;
- мысалдар келтіру;
- тест жинақтарынан сұрақтар тергізу;
- бірін-бірі тексеру;
- өзін тексеру.

Сабақта жеке өткізілетін жұмыстар грамматикалық түсініктерді жақсы білуге, естерінде сақтауға көп көмегін тигізеді. Мектепшілік байқау – тестілеу нәтижелерінің мониторингі өткізіледі. Оқушылардың алдына қойылған мақсаттары және фактілік нәтиже салыстырылып қаралады.

Келесі тоқсанның жұмысы жоспарланады. Ал, енді, жұмыс түріне тоқталсақ деймін:

**А) Үлгерімдері төмен оқушылар тобы** үшін оқу материалы жай түрінен басталып күрделенуі тиіс. Әр тақырыпты қайталағаннан соң түрлі жаттығулар беріледі, үлестірмелі кәртішкелер тапсырмалары орындалады, тест өткізіледі. Алдымен бұл оқушыларға 2 жауап нұсқасы бар тест ұсынылады (жауаптары: дұрыс – бұрыс немесе иә - жоқ). Кейін жасырын тест түрі (3 немесе 5 жауап нұсқасы бар тест) беріледі. Ең соңында ашық (жауаптары жоқ) тест түрі орындалады немесе сынақ өткізіледі.

Мысал ретінде «Грамматика» тақырыбын алсақ: ережелерді талқылау (оқушы – НЕ БІЛЕМІН, мұғалім – НЕ БІЛУ КЕРЕК).

2. Бекіту жұмыстарын орындау (жаттығулар, үлестірмелі материалдар).

3. Тест (2 жауап нұсқасы бар).

4. Жасырын тест түрі (3 немесе 5 жауабы бар)

5. Ашық тест түрі (жауап жоқ) немесе сынақ.

6. Түзету жұмыстары жүргізіледі:

ә) Бұл оқушылардың жеке жұмыс өткізу кестесі құрылады. Оқушылар міндетті түрде қатысуы тиіс;

б) Мектеп психологінің кеңестері, оқушылардың аналитикалық қабілеттерін, есін, зейінін дамыту тренингтерін өткізу;

в) Оқушылардың ата-аналарымен кездесуін, ұйымдастырмаларын жоспарлау және бақылау.

II. а) **Потенциалды немесе үлгерімі жоғары** оқушылармен өзгеше жұмыс өткізіледі.

1. Тестілердің күрделі түрлері берілді (жасырын және ашық).

2. Қазақ мектеп оқушыларына арналған 2005-2013 аралығындағы тестілер бойынша жұмыс.

3. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және жауапкершіліктерін қалыптастыру үшін кеңесші рөлін атқаруға мүмкіндік беріледі. Кеңесші ретінде олар үлгерімі төмен оқушыларға ережелерді түсіндіреді, көмектеседі, жауаптарын тексереді, бағалайды.

4. Тақырыптық тестілер құрастыру.

5. 2008-2013 жылдар аралығындағы тест жинақтары бойынша тақырыптық сұрақтарын жүйелеу.

6. Интернет жүйесіндегі жаңа тест материалдарын қадағалау:

а) мектеп психологі жеке жұмыс өткізеді. Оқушылардың өзін-өзі бағалау сезімдерін жоғарылату, алаңдаушылық сезімін төмендету тренингтерін өткізу;

ә) оқушылардың тілектері бойынша жеке жұмыс кестесі құрылады;

б) оқушылардың ата-аналарымен кездесу.

- Сонымен, үлгерімі төмен және потенциалды (үлгерімі жоғары) оқушылармен жұмыс жүргізу көп уақытты, төзімділікті талап етеді. Солай бола тұрса да, бұл – қажетті жұмыс, өйткені ол ҰБТ нәтижелеріне әсер етеді.

Базаргүл КӨЛБАЕВА,  
Қарағанды облысының  
Теміртау қаласындағы  
№24 жалпы орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТӘН ДЫБЫСТАРДЫҢ ДҰРЫС АЙТЫЛУЫ МЕН ЖАЗЫЛУЫН ҮЙРЕТУ

Мұғалімнің әдіссіз оқыту үдерісі жүзеге асуы мүмкін емес. Осы оқыту әдісі дегеніміз не? Соған тоқтала кетейік.

Оқыту әдісі – дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Оқыту әдістері білім берудің мазмұны сияқты оқытудың жалпы мақсаттарымен және міндеттерімен анықталады. Оқыту үдерістерінің нәтижелі және сапалы болуы оқыту әдістемесінің тиімді шығармашылықпен жүзеге асырылуына байланысты. Ол – мұғалім мен оқушының бірігіп жұмыс атқаруы. Оның арқасында білім, іскерлік, дағдының қалыптасып, оқушының дүниетанымдылығы мен қабілеттілігінің артуы.

Қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуы мен жазылуына көңіл бөлсек, олардың бірнеше әдістемелік түрлері бар.

Бірінші, қазақ тіліне тән әріптерді дұрыс үйрету. Олардың естілуі мен айтылуына тоқталу. Ол үшін суреттерді қолданып, оқушылардың танымдық, көру, білу қасиеттерін жаттықтыру.

Екіншіден, оқушылардың танымдық қасиеттері қалыптасқаннан кейін тән дыбыстарды дұрыс жазу, дұрыс қолдана білулеріне ерекше көңіл бөлу керек. Ол үшін оқушылармен көбірек қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді қолдана отырып жұмыстар жасау қажет.

Үшіншіден, оқушылардың сөздік қорларын молайту. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, бейнекассеталар, тақырыптар бойынша электронды оқулықтармен сабақты көркемдеп отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығады деген сенімдемін.

Жалпы педагогиканың әдістерінен әр пәннің өзіне тән әдістері шығады.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларға қазақ тілінен үйретілетін сөздер, біріншіден, белгілі бір тақырыптарға, екіншіден, сөз таптарға қатысты болады, сол себептен қазақ тілі сабағы әрі тілдік, әрі әдебиеттік оқу материалдарын қамтиды. Кейбір грамматикалық түсініктемелер, жаттығу шарттары орыс тілінде берілетіндіктен, салыстырмалы грамматикаға байланысты мәліметтер де қамтылады. Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол – сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отырады. Әр түрлі жаңа технологияларды өз тәжірибемізде қолданып жүрміз.

Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтерді.

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы орынын көтеру үшін жүйелі жұмыс істеуіміз қажет. Бала енді тілі шығып, балабақшаға барып, қазақ сөздерімен танысуы тиіс.

Мектеп қабырғасынан күнделікті өмірдегі қолданыстағы тілді үйреніп шықса, жоғарғы оқу орындарында мектеп бағдарламасын қайталамай, тілдік категория тереңірек оқытылса, болашақта орысша және қазақша тіл білетін маман даярлар едік. Осындай күрделі де ауқымды мәселені шешу үшін сөздік қорды байытуға бағытталған әдістер жайлы бағдарламамды ұсынып отырмын.

Себебі сөздік қордың бай болуы – маңызды мәселе.

Мақсаты:

- Оқушылардың сөздік қорын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер туралы мәлімет беру.
- Әдіс-тәсілдер туралы теориялық ұғым беру.
- Әдістерді тәжірибеде қолдана білуге үйрету.
- Қазақша сөйлеу дағдысын дамыту.
- Жазбаша тілін дамытып, орфографиядан түсінік беру.
- Қазақ тілінің сөздік қорындағы сөздер арқылы қазақ халқын сыйлауға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Сөздікті дамыту.
- Сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру.
- Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.
- Диалогтік сөзді қалыптастыру.
- Түсінгенін айта білу.
- Көркем шығармамен таныстыру.
- Сауатты жазуға дағдыландыру.

Тіл үйренуде ең басты міндет – оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру.

Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті. Сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану. Сол әдістерді ұсынып отырмын.

Түсіндіру әдісі – жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни, сөздік жұмысында іске асады. Сондай-ақ қазақ тілі грамматикасының кейбір ерекшеліктері (алфавит бойынша қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды, дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке, ал дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіндігі, екпіннің соңғы буынға түсіп, «не істейді?» сұрағына жауап беретін сөздердің сөйлем соңында тұратындығы, жалғау, жұрнақтардың жуан, жіңішке – екі вариантта болатындығы, «кім?» сұрағының тек адамға қойылатындығы, ма, ме, ба, бе, па, пе деген қосымшалардың бірде жалғау болатындығы, т.б.) түсіндіріледі.

Көрнекілік әдіс – сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылады. 1-2-сыныптарда түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды, яғни, эстетикалық жағынан жақсы, ірі екі немесе үш түстен болуы керек.

Мысалы: «Ұлттық киімдер» тақырыбын өткен кезде киімдердің суретін көрсету арқылы немесе сыныпқа кәдімгі киімдерді көрсету арқылы жүзеге асып отырады. Әр түрлі тірек кестелер және таблицалармен сөздерді, сөз тіркестерін үйретуге болады. Ы.Алтынсарин Натуральды әдіс туралы былай деген: «балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзіне көрсетіп, мұрынымен иіскетіп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Бұл әдісті сөздік қорды дамытуға бастауыш сыныптарда қолданады. Мысалы: *Алма* сөзін алманы көрсету арқылы ұғындырамыз. Бұл әдіс – «Жеміс-жидектер», «Оқу құралдары», «Ойыншықтар», «Тағамдар» тақырыптарында жүзеге асады.

Келесі бір ұтымды әдіс: Сұрақ-жауап әдісі – балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Қай сынып болсын,

сабақтың қай кезеңінде болсын қолдануға болады. Өте белгілі де тиімді әдіс. Жас ерекшелігіне байланысты сұрақ дайындалады. Мысалы:

- Сенің тұратын қалаң қалай аталады?
- Менің қалам Теміртау деп аталады.
- Қаланың жанынан қандай өзен ағады?
- Нұра өзені ағып өтеді.

Практикалық әдіске ойнау элементтері бойынша тіл үйрену кіреді. Дидактикалық ойындар оқушылардың білімін бекітіп, сөздік қорын молайтады, сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға, қажетті сөздерді дұрыс тауып қоюға, кішігірім әңгіме айтуға жаттығады. Балалар ойынның тәртібін білмейтін балаға үйретеді, түсіндіреді.

Сонымен қатар бұрынғы ойнаған ойындарын естеріне түсіреді. Белгілі суретшілердің туындыларын, балаларға арналған суретті кітапшалар, мерекелерге дайындық, түрлі ойын-сауықтар өткізу де балалардың тілін дамытуға септігін тигізеді.

Балалармен түрлі әдеби-музыкалық ойындар өткізу – олардың әдеби тілде сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет. Оқушылар қазақша сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді оқығанда сөйлеу екпінін сөзге, буынға дұрыс түсіруді үйренеді. Рөлдік ойын баланың ойын өз бетінше тұжырымдап айтуына көмектеседі.

Тағы да өте көп әдіс-тәсілідерді сөздік қорды дамытуға қолданып жүрмін.

Қандай әдіс болсын мұғалім өз сабағына икемдеп қолдануы керек. Сол кезде ғана сабағы жүйелі түрде өтеді деп ойлаймын. Мұғалімнің сабағы жүйелі түрде өтсе, сол сыныптың білім көрсеткіші де жоғары боларына сенімдімін.

Юлат ЖҰМАДІЛОВ,

Екібастұз қаласындағы

№6 лицей-мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақ тілі мектептерде кеңінен оқытылып жатқалы бері сан алуан технологиялардың тәжірибеде сыналғаны белгілі. Әйтсе де технологиялардың түрлерін сабақта қолдану дәстүрін бәсеңсітпеуіміз керек. Оқытудың жаңа технологияларын қазақ тілі сабағында қолданудың тиімділігі сол – оқушының терең білім алуына және мұғалімнің де шығармашылық шыңдалуына септігін тигізіп жатқаны сөзсіз. Алдымызда дайын сабақ жоспарының болуымен қатар оны шәкірттерге жеткізудің сан түрлі әдістерін біліп, жетілдіру үшін оқыту технологияларын игеріп дамыта беру керек.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытқанда деңгейлік оқыту технологиясын қолданып жүрміз. Бірақ «жаңа технологияны білемін, сабағымда қолданамын» деп ойлап жүргеннен гөрі оның жаңа замандағы білім беру үрдісіндегі пайдасын, ғылыми жан-жақтылығын айқындап алып отыру көзі қарақты мұғалімдердің назарынан тыс қалмаған шығар деп ойлаймын. Балаларға қазақ тілін оқытуда басқа тілдер сияқты әріптерден бастайтынымыз белгілі. Қазақ тіліне тән айналдырған тоғыз дыбысты оқытуда қиындықтар көптеп



кездеседі. Әйтсе де оның да тиімді жолдары жоқ емес. Қазақ тіліне тән әріптерді оқушылардың дұрыс жаза білуіне үйретуден жалықпауымыз керек.

Қазақ тіліне тән дыбыстар нешеу болса, орыс тілінде қолданылатын әріптерден де сонша сыңарлары табылады. Мысалы: а-ә, о-ө, ы-і, у-ұ (ү), к-қ, г-ғ, н-ң, х-һ. Осы әріптерді оқушылардың алдына іліп қоюға да болады. Қазақ тіліне тән дыбыстарды орыс тіліндегі әріптермен шатастырмау үшін көптеген салыстырмалы түрдегі мысалдарды жазып қоямын.

Ал-әл, ар-әр, ау-әу, от-өт, тос-төс, ос-өс, ой-өй, жық-жік, қыр-кір, ыс-іс, тыс-тіс, бура-бұра, тура-тұра, кура-құра, тумба-тұмба, тур-түр, жук-жүк, кар-қар, так-тақ, бак-бақ, лак-лақ, сок-соқ, ага-аға, сайгак-сайғақ, тайга-тайға, он-оң, тон-тоң, сон-соң, қон-қоң, мен-мең, сен-сең, кен-кең.

Оқушылар диктант жазуда әріптерді меңгереді. Қазіргі маңызды мәселе – өзге ұлт өкілдеріне үндестік заңын оқытудың қыр-сырын меңгеру болып отыр. Көп жағдайда оқушылар тест сұрақтарына жауап бергенде ілгерінді ықпал мен кейінді ықпалды ажырата алмай жатады. Осы қиындықтан шығудың жолдарын қарастыра бастадым. Ол үшін мынандай кесте жасауды жөн деп таптым.

Ілгерінді ықпал: Қара – гөз, Қара – көз; алып – пер, алып – бер; Нұр – гелді, Нұр – келді.

Кейінді ықпал: қас – са, қаз – са; мектеп – і, мектеб – і; тап – у, таб – у, т.с.с

Ілгерінді ықпал ілгергі дыбыстың өзгеруі, кейінді ықпал кейінгі дыбыстың өзгеріске ұшырауы деп түсіндіруіміз қажет. Негізінде ілгерінді, кейінді ықпалдарға да мысалдарды көптеп келтіріп, өзгеріске ұшыраған дыбыстарды қарамен белгілеп отырғанда оқушылардың көздері қаныға береді.

Деңгейлік оқыту технологиясын қолданғанда

да, модульдік оқыту технологиясын қолданғанда да грамматиканы меңгертуде жаттығу мәтіндерінің орыны бөлек. Біріншіден, мәтіндерге тек қана грамматикалық талдау ғана жасалып қоймайды, сонымен бірге мәтіннің тәрбиелік мәнін де құр жібермей, оқушылардың санасына сіңіруді көздеймін. Мысалы, 10-сынып жоспарында белгіленген қазақ халқының салт-дәстүрлеріне қатысты тақырыптар көп болды. Жаңа бағдарламаға сәйкес бір тақырыптың аясында бірнеше тақырыптар бөлініп берілді. Бірақ осы тақырыптардың қайталанып берілуі «мені жалықтырды демей-ақ», өзімнің ізденуіме жол тауып алдым десем де болады. Оның сыры: «халқымыздың қандай да болсын рухани қазынасы болатын, тұрмыс-тіршілігінде ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени дәстүрін мақтанышпен жеткізуге асыққаным. Асыға отырып қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне баулығаным» десем, артық айтқандығым емес. Күнделікті сабақта мәтіндерді дәптерлеріне жаздыртып отырғандықтан, оқушылардың мәтін мазмұнына ден қоюы да байқалды. Себебі үнемі мәтіннің мазмұнын әңгімелеуді тапсырамын. Мәтіндегі сөйлемдерді талдаудың үлгілерін көрсетіп отырдым.

*Бесік ағаштан, талдан иіп жасалады.* Ең алдымен сөйлемдегі сөздерге түсінік берулерін сұраймын. **Бесік** – сәбидің, нәрестенің жатар орыны, ағаш, тал – өсімдік атаулары, **иу** – қиуластыру, жасау, істеу. Антоним сөздер **иу** – түзету, **жасау** – бұзу. Енді сөйлемдегі сөздерге морфологиялық талдау жасауды үйретемін. **Бесік** – негізгі, **дара**, **жалпы**, **деректі зат есім**; **ағаштан** – негізгі, **дара**, **жалпы**, **деректі зат есім**, **ағаш** – түбір, **-тан** – шығыс септігінің жалғауы; **иіп** – негізгі, **дара**, **болымды**, **салт** етістік, **и** – түбір, **-іп** – көсемшенің жұрнағы; **жасалады**

негізгі, дара, болымды, салт етістік; жаса – түбір, -л – ырықсыз етіс, -а – көсемшенің жұрнағы, -ды – жіктік жалғауы. Сөйлемге синтаксистік талдау жасайды. Жасалады – баяндауыш, бесік – бастауыш, ағаштан, талдан – толықтауыш, иіп – пысықтауыш. Жай, хабарлы, жақты, жайылма, толымсыз сөйлем.

Сөйлемдерді бұлай талдаудың негізгі мақсаты оқушыларға сөздердің синоним, антонимін табуға, сөз таптарын, сөздердің қалай жасалуын, сөйлем мүшелерін, жай сөйлемнің түрлерін жүйелі меңгере түсуге үйрету болып табылады. Оқушылардың тест тапсырмаларынан сүрінбей өтулерінің бірден-бір жолы – мәтіннің мазмұнын меңгеру, сөйлемдерді жан-жақты, толық талдап отыру. Оқушылардың талдауды ауызша жүргізуі олардың сөйлеу тілін дамытты.

«Сөздіктегі сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар» дегенде, «сөздерге жалғанған жалғауларды өзгертуге бола ма?» деп жатады. Ә дегенде не деп жауап берерімді де білмей қаламын. Артынан есімді жиып, «жалғауларын өзгертуге болады» деп, бірақ жалғауларын өзгерткенде қиындықтарға тап болады-ау деп алаңдаумен боламын. Кейде сөйлемнің дұрыс нұсқасын тақтаға жазып та жіберемін. Осындай жағдаяттардан кейін оқулықтардағы сирек кездесетін сөйлем құрастырудың үлгілері көңіліме орала берді. Мысалы: шашылған сөздерден сөйлем құрастыру.

*Ала жібін, біреудің, аттама.*

*Сәбиіне, ата-ана, қояды, есімді, ең жақсы.*

*Қойған, молда, есімін, баланың.*

*Қойған екен, Кенесарының, Шоқай би, есімін.*

*Жиналады, шілдеханаға, туған-туыстары.*

Сөйлемді құрастыру үшін осы қалыптағы тапсырмаларды беріп отыру оқушылардың тек сөздердің орынын

ауыстыру арқылы сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін білулеріне септігін тигізеді. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі дегенде оның ережесін түсіндіріп, мысалдар келтіру аздық ететіні белгілі болды. Енді оқушылардың қазақ тіліндегі сөйлемдердегі сөздердің орын тәртібін меңгеруіне, жаттығуына тапсырмалардың қолайлы болуын қарастырғанымыз жөн болады. Сөйлем құрастыруда оның бөлшектеріне жеке-жеке тоқталғаннан гөрі сөйлемді тұтастай алып, орынды құрастырылуын қадағалауымыз керек. Бұл жерде қосымша қазақ тіліндегі кітаптарды, газет-журналдарды оқуларына мүмкіндік туғызудың да жолдарын іздестіріп жүрмін. Мысалы, 9,10-сыныптарда баспасөзге қатысты тақырыптарды өткенде жергілікті газет-журналдар «Отарқа» газетінен соңғы жаңалықтарды жазып келулерін өтіндім. Тапсырманы тиянақты орындап келген оқушылар болды.

Ал 10-сынып оқушыларын Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындағанда тест тапсырмаларын көптеп орындайды. Алғашқы бетте жоғары деңгейге жете қоймайды. Тест тапсырмаларының қорытындысы бойынша қатемен жұмыстар да жүргізіледі. Бірақ тест қорытындысының нәтижесі бойынша тек қатемен жұмыс жүргізу аздық етеді. Оқушылар дайын тест тапсырмаларын орындай салары да, өздерінің толық меңгере қоймаған тақырыптарын ескермейді. Сол себепті тест тапсырмаларының орындалу қорытындысын бекіту мақсатында төмендегідей тапсырмаларды құрастырдым.

**1. Сөздердің синонимін жаз:** сындыру, күш, қолдану, зорға, біраз. **Сөздердің антонимін жаз:** жіңішке, аз, тез, көп, қауіпсіз. **2. Етістіктерді үш шақта жікте:** аламын, ойландым. **3. Сөздермен сөз тіркестерін құрастыр:**

жеткіншек, сабырлы, ұстамды, амандық, саулық. **4. Сөз тіркестерін аудар:** ең таңдаулысы, салтанатты жиындар, керегесінің биіктігі, шаңырағының диаметрі, аса құрметті қонақ. **5. Омонимдермен сөйлем құрастыр:** жіп өткізу, кітап өткізу, күн өткізу, суға түсу, автобустан түсу, еске түсу, орнынан түсу.

**1. Сөздердің синонимін жаз:** көп, барлық, тауыстым, жұмыс істедім, түрлі адамдар, қажет. **2.Сөздерді аудар:** шәкірт, түсінемін, өлім, еңбек, ұста, құрал. **3.Сөздерді септе:** шәкірт, қобыз. **4.Сөз тіркестерімен сөйлем құрастыр:** туған жерінен, қолынан жасаған, күй тартқан, өз заманында, тамаша орындаушы. **5.Сөздерді сөз құрамына талда:** шәкіртіне, аспаптарын, заманында, орындаушы, әдістерін, сазгерлік.

Қазақ тілін оқытудың маңыздылығы – оның грамматикасын ғана меңгерту ғана емес, жалпы ұлтымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін, рухани қазынасын тұтасымен насихаттап, ана тілінің қазақ қоғамындағы тарихи мәнге ие екендігіне назар аудартуды ұмытпауымыз керек. Сөйтіп келер ұрпаққа қазақ тілі мен әдебиетін оқыту – қазақ елінің жан-жақты өркендеуі деп ұққанымыз абзал. Сол үшін де шығармашылығымыз үнемі артып, ойымызда қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тың әдіс-тәсілдері туындай берсе екен деп тілеймін.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ тілі. 10-сынып. Ж.Адамбаева, Ф.Оразбаева, К.Оңалбаева. А., «Мектеп», 2006.
2. С.Дүйсебаев, Г.Байтілеуова, А.Қошқари, Г.Боранбаева. Қазақ тілі. 8-сынып. А., «Мектеп», 2008.
3. «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Қарағанды. Болашақ – Баспа, 2012.

## КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

Мемлекеттік тілді орыс сыныптарындағы оқушыларға меңгерту – аса күрделі әрі үнемі ізденісті қажет ететін іс. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, сауатты жазуды бастауыш сыныптан бастап қолға алған жөн. Бұл мұғалімнен көп ізденіспен қатар әр оқушының тіл үйренудегі ерекшелігін жете зерттеуді қажет етеді. Бастауыш сыныпта тіл қағидаларын меңгермеген бала жоғары сыныпта да жақсы үлгерімге жетуі қиын. Бұл жерде сабақ жүргізу әдістемесін меңгерген ұстаз сабақты түсіндіріп қана қоймай, оқушының өз бетімен ізденуіне түрткі болып отыруы, жетектей білуі қажет.

Пәнді дәстүрлі әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып және жаңа технологияларды ұтымды пайдалана оқыта білсек, оқушының бойында тілге деген қызығушылықты арттырамыз сөзсіз. Бүгінгі күні бізге белгілі көптеген технологиялар бар. Соның бірі өз тәжірибемде қолданып жүрген Ефим Израилевич Пассовтың коммуникативтік (қарым-қатынас) технологиясы. Технологияның негізгі қағидалары – тілге бағыттау (қарым-қатынас), тілдің қызметі (сөйлесу), жағдаят (рөлдік ойындар), моделирование (мақсат қою), ұжымдық өзара қимыл (оқу үдерісін ұйымдастыру

тәсілі), жаңалық (жұмыс тәсілдері), сонымен қатар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру.

Коммуникативті тәсіл дегеніміздің өзі адамдардың арасындағы ақпараттық айырбас деген мағынаны береді. Технологияның негізгі мазмұны – оқу үдерісін күнделікті өмірдегі қарым-қатынасқа ұқсастыру. Оның әдістемелік маңыздылығы екі негізгі фактормен түсіндіріледі.

1. Тасымалдау жағдайы (оқыту жағдайының және оқытудың нәтижесін күнделікті өмірдегі жағдайларға ұқсастығын қамтамасыз ету).

II. Оқуға ынталандыру жағдайы. Ол:

1) жалпы алғанда – жалпы тіл үйренуге деген ынта;

2) нақтылап алғанда - әр оқушының заман талабына сай өзге тілді үйренуі.

Әр оқушының тіл үйренуге деген ынтасы мұғалімнің қарым-қатынасты қандайлық шебер ұйымдастыруына байланысты және сол кезде мынадай факторларды есепке алуы қажет:

а) тілдің әсерлілігі (мұғалімнің оқушыны сөзге тартудағы белсенділігі);

ә) тілдік қарым-қатынастағы оқушының субъект ретінде белсенділігі (оқушының іскерлігі және еркі).

Сонымен, тілдік қарым-қатынас болу үшін, біріншіден, моделирование (нақты мақсат, тақырып) болу керек.

Екіншіден, сөйлесу жағдайы күнделікті өмірдегі қарым-қатынасқа ұқсас болуы керек, мысалы «Дүкенде», «Дәрігердің қабылдауында», «Кітапханада», т.б. тақырыптарға сұхбаттар.

Үшіншіден, сабақта ТОҚ (техникалық оқыту құралдары), дидактикалық материалдар (слайдтар, суреттер ...) және жаңалық (сабақтың әр түрлері – саяхат сабағы, диспут сабағы) және оқыту тәсілдері (топпен, жұптап оқыту), сонымен қатар, оқушылардың өзіндік өзгешеліктерін ескеру қажет (қабілеті, сөйлеу мүмкіндігі, жас ерекшелігі, мінезі,

өмірлік тәжірибесі).

Сабақ кезінде оқушылардың белсенділігін ояту үшін психологиялық жағдайлар туғызып, әр түрлі тақырыптарға арнап жасалған ребустарды шешіп, ойындар жүргізіп тұрамын. Мақсатым – бірнеше қайталау арқылы жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, қысқа сөйлемдерді жылдам еске сақтату.

Бұл ойындар кезінде оқушылардың алдымен сыртқы белсенділігі пайда болады. Ал оқушының ішкі белсенділігі, қазіргі сөзбен айтқанда, бәсекелестіктің әсерінен пайда болады.

Тілдің қызметі (сөйлесу қағидасы) оқушыларды жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, грамматикалық ережелерді дұрыс қолдануға үйретуді қажет етеді.

Мысалы: 4-сыныптағы «Біздің мамандықтарымыз» тақырыбын алайық.

Сабақты 8 бөлімге бөліп, әр бөлімге арнап флипчарт жасадым, олардың бәрі маңызды деп ойлаймын. Сабақта жаңа технологияларды қолдана отырып, оқушы бойына тіл заңдылықтарын сіңіріп, қолдана білу, ауызекі сөйлеу, мәнерлеп оқу, логикалық ойлау қабілеттерін, сауатты жазу дағдысын тиімді меңгертуді мақсат еттім. Сондықтан осы сабақтың түрін «білім байқауы» деп алдым.

1. Тақырыпты ребус арқылы шешіп алдық.
2. Сурет арқылы әр түрлі мамандық аттарын есімізге түсірдік.
3. Графикалық диктант жүргізіп, дидактикалық ойын ойнадық.
4. Деңгейлік тапсырмалар арқылы фонетикалық талдау, көптік жалғауларды дұрыс қолдана білу жұмыстары жүргізілді.
5. Мәнерлеп оқу мен тыңдалым да тыс қалған жоқ.
6. Топпен жұмыста оқушылар күнделікті «Дүкенде»



және «Дәрігерде» деген өмірдегі ситуацияларды туғызып, рөлдік ойын арқылы көрсете білді.

7. «Кім болғың келеді?» деген сұраққа оқушылар қандай мамандық иесі болғысы келетінін, қандай мамандыққа жақын екенін айтып өтті. Кейбір оқушылар кабинетте интерактивті тақта арқылы осы тақырыпқа байланысты слайдтар жасады.

Бұл қағида оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырады және сөйлеуін жеңілдетеді. Оқыту кезінде әр оқушының аз да болса жетістігін елеп-ескеріп, мақтап қойған жөн.

Коммуникативтік технология баланы бірден әлеуметтік жағдайлар арқылы сөйлеуге үйретуге мүмкіндік береді. (Сенің атың кім? Сен қайда тұрасың? және рөлдік ойындар арқылы). Мұның бәрі оқушылардың тілдік белсенділігін арттырудың негізі болып табылады. Оқушылардың рөлдік ойындарға қатысуы қарым-қатынас қуанышына бөлейді, ал тілдік қарым-қатынас қуанышы оқуға деген қызығушылығын қалыптастырады.

Осы технология бойынша 3 жыл жұмыс барысында оқушылардың білім-білік дағдыларына үнемі мына көрсеткіштер бойынша мониторинг жүргізіп отырдым.

1. Оқу дағдысы.
2. Тыңдалым.
3. Сұхбат.
4. Грамматикалық тапсырмаларды орындау.

Оқушылардың білім-біліктілік көрсеткіші бойынша сапасының өскенін байқатады. Коммуникативтік технологияны қолданғанда оқушылардың тілдік белсенділігі артып, сынып алдында өздерін еркін ұстауға көмектесетіндігін дәлелдейді. Қазір біздің қоғамымызға адамдармен еркін сөйлесіп, тіл табыса алатын (коммуникативті) адамдар керек. Өйткені олар – ертеңгі сатушы, дәрігер, кәсіпкер, заңгер, т.б. салаларда адамдармен жұмыс істейтін мамандар.

**Айнур ШАКИРОВА,**  
учитель казахского языка  
и литературы.  
г.Алматы.

## **САМООБРАЗОВАНИЕ ПЕДАГОГА КАК ФАКТОР ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМОРАЗВИТИЯ**

Во все времена педагоги являлись носителями идей обновления образования на основе сохранения и приумножения его лучших традиций. Происходящие в последние годы изменения в социокультурной и экономической жизни общества потребовали более качественного преобразования деятельности педагогов, постоянной работы по самосовершенствованию и саморазвитию. Концепция непрерывного педагогического образования Республики Казахстан обращает внимание на педагога новой формации, духовно развитую, творческую личность, обладающую способностью к рефлексии, профессиональными навыками, педагогическим даром и стремлением к новому, мотивацией к дальнейшему росту и развитию своей личности. Ведь совершенствование качества обучения и воспитания в общеобразовательных школах напрямую зависит от уровня подготовки педагога.

Различные курсы повышения квалификации, научно-практические конференции, семинары,

профессиональные конкурсы способствуют развитию учителя как личности и профессионала, главную роль в обеспечении непрерывного процесса образования педагога принадлежит самообразованию. Самообразование педагога подразумевает обновление и совершенствование имеющихся учителя знаний, умений и навыков с целью достижения желаемого уровня профессиональной компетентности. Д.И.Писарев писал, *«кто дорожит жизнью мысли, тот знает очень хорошо, что настоящее образование есть только самообразование и что оно начинается только с той минуты, когда человек, распроставшись навсегда со всеми школами, делается полным хозяином своего времени и своих занятий»*.

Самообразование педагога – это непрерывная работа над профессиональным саморазвитием. По мнению автора многих методических пособий для педагогов В.М.Лизинского, *«учитель – это человек, который учится всю жизнь, только в этом случае он обретает право учить»*.

Традиционное самообразование – это ознакомление с новыми достижениями педагогики, изучение прогрессивного опыта коллег по проблемам использования различных форм организации уроков и внеурочных занятий, чтение специальных статей и книг по профильным предметам, изучение широкого круга тем в области психологии, философии, искусства, самостоятельное изучение научно-популярной литературы, художественной литературы, социальной публицистики, работа с периодической печатью, а также посещение публичных лекций, музеев, других городов и

стран. Самообразование также предусматривает работу в методических объединениях, творческих группах, методсоветах, педсоветах, во время которых происходит знакомство с различным материалом из области дидактики и методики. Особо следует отметить участие в проведении предметных декад, которые являются одним из активных форм развития профессиональных компетенций преподавателя. Такие недели можно назвать школой мастерства и обмена опытом, так как в течение декады каждый преподаватель дает открытые уроки, мастер-классы, посещает уроки своих коллег, обменивается мнением по вопросам организации занятий, содержания обучения, методов преподавания, проводит теоретическую разработку и практическую апробацию разных форм занятий, внеклассных мероприятий и учебных материалов. И в процессе такой деятельности учитель, в конечном итоге, овладевает способами самопознания и самоанализа педагогического опыта, и самое главное, развивается его способность к рефлексии и самообразование педагога становится более продуктивным.

Информатизация общества также существенно изменила подходы к самообразованию. Информационные технологии сделали практически общедоступным огромный объём педагогической, методической и научной информации. И сейчас, в век технологического прогресса, особенно актуальны слова академика Д.С.Лихачева о том, что *«учиться нужно всегда... Ибо знания все растут и усложняются»*. Так и поток профессиональной информации не только растёт, но и качественно обновляется, видоизменяется и саморазвитие

становится ведущей ценностью образования. Появилась уникальная возможность разместить в сети интересные разработки, методики, статьи, дидактический материал, благодаря средствам коммуникации интернет, участвовать в различных семинарах, конференциях, олимпиадах, форумах, соответственно обмениваться опытом (воспользоваться результатами, дополнить, оставить отзыв, обсудить), то есть возможность самостоятельно учиться, советуясь с коллегами во всем мире. И чтобы быстро и адекватно реагировать на реалии и тенденции современного образования с постоянно изменяющимися условиями педагогического труда, перестраивать свою деятельность, уметь решать новые, более сложные задачи каждому учителю следует «включиться в процесс», а может сделать это и образом жизни. Ведь чем больше информации, методов и инструментов в своей работе использует учитель, тем больше эффект от его работ.

Переключаясь с другими педагогами-новаторами, известный немецкий педагог-демократ А.Дистерверг писал, что *«педагог лишь до тех пор способен на самом деле воспитывать и образовывать, пока сам работает над своим собственным воспитанием и образованием»*. Каждый учитель определяет свою траекторию самосовершенствования и саморазвития, так как самообразование - это самостоятельный познавательный процесс со всеми присущими ему компонентами: потребностями, интересами, мотивами, способностями, собственно деятельностью. И самообразования педагога начинается с анализа затруднений, постановки проблемы, изучения психолого-педагогической и методической литературы по выбранной проблеме, прогнозирования

результатов, планирования этапов работы над темой самообразования, проверки новых методов работы на практике, отбора и анализа. Так как *«только собственный, а не передовой педагогический опыт открывает дорогу к успеху и удовлетворенности своей работой»*. (К.Д.Ушинский).

Учитывая, что основные принципы обновления образования основаны на принципах гуманизации, демократизации и гуманитаризации образования, направленные на реализацию гуманистической парадигмы, нельзя не согласиться с тем, чтобы «научить учиться» учащихся, быть открытым всему новому, развить потребность в знаниях, нужно самому быть открытым ко всему новому, самому учиться, самосовершенствоваться. Ведь «только тот учитель, который понимает значимость самообразования в своей профессиональной деятельности и владеет необходимыми навыками, сможет осуществить переход от парадигмы педагогического воздействия к парадигме педагогического обучения, то есть, организовать образовательное пространство с субъектными отношениями» (К.Д.Ушинский).

В любой деятельности выделяют две стороны – адаптивную и творческую. Адаптация предполагает ознакомление и ассимилирование (присвоение) имеющихся наработанных подходов, умений и навыков из арсенала своей профессии. А самостоятельная творческая деятельность дает возможность попробовать развить собственные силы, что предусматривает, в свою очередь, возможность выхода за рамки стереотипных действий и способов и на основе этого «двинуть вперед» себя и свою профессиональную деятельность. Таким образом

можно утверждать, что творческая сторона деятельности – желание учителя работать над собой и способность учителя творить, учиться, экспериментировать и делиться своими знаниями и опытом является определяющей в процессе самообразования педагога при профессиональном саморазвитии учителя. И молодое поколение, выбирая профессию педагога, должно осознавать, что одним из необходимых условий профессиональной деятельности учителя является самообразование педагога.

### **Использованные литературы:**

1. А.Дистервег. Избр. пед. соч. М., 1956.
2. Педагогика / Под ред. В.А.Сластенина. М., 1997.
3. К.Д.Ушинский. Собр. соч. Т. 11. М., 1952.
4. Е.А.Ганин. Педагогические условия использования современных информационных и коммуникационных технологий для самообразования учителей: ИТО, 2003.
5. Многомерные компетенции в профессиональном становлении специалиста [http:// old.nmi.su/ lib/ exe/ fetch. php/ konf: didaktika - 2011: razdel\\_5.pdf](http://old.nmi.su/lib/exe/fetch.php/konf:didaktika-2011:razdel_5.pdf).
6. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. Министерство образования и науки РК. Астана, 2005// Казахстанская правда. 2005, 18 август.
7. Б.С.Смаилова. Самообразование, самоанализ и самопроектирование деятельности как основа повышения профессионализма педагога. [http: /goo.kz/](http://goo.kz/)
8. Психолого-педагогические основы самосовершенствования специалиста [http: // www.library.ru/](http://www.library.ru/)

**Рая БАЙЖАНОВА,**  
Алматы қаласындағы  
№5 мектеп-гимназияның  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## **БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАЛАБЫ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ**

Әлемдік білім беру жүйесі ХХІ ғасырда жаңа, тың бағытта дами бастады. Ал қоғамымыздағы мұғалім алдында тұрған міндет – сапалы, саналы, тәрбиелі, экономикалық ойлауы дамыған, инновациялық технологияларды меңгерген, жалпы адамзаттық құндылықты меңгеруде шығармашылығы, іскерлігі мен дағдысы қалыптасқан, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру екені белгілі.

Қазақстан Республикасының этно-мәдени білім беру тұжырымдамасында да: «Бізге қажетті – жаны да, қаны да қазақ, халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына сіңірген, туған жерін түлетуі, егеменді елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу» дегенді де Елбасымыз айтқан еді.

Пәннің негізгі мақсаты – мектеп оқушыларын қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып-білуге талпындырып, тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Мұның өзі – оқушыларға интернационалдық, патриоттық тәрбие



беру жұмысына да тікелей байланысты. Бұл мақсатқа жетуде оқыту үрдісін барынша қолайлы етудің маңызы зор, өйткені ол сабақтың білімділік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін кешенді жүзеге асыруды көздейді. Олай болса, бұл талаптар күнтізбелік жоспарда айқын бейнеленуі қажет. Ол үшін әр сабақты көркем жасалған көрнекілікпен және дидактикалық қызғылықты мысалдармен қамтамасыз ету керек. Бұл орайда қазақ тілі кабинетінің маңызы зор. Көрнекті құралдар оқушылардың сабаққа ынтасын арттыруға елеулі әсерін тигізіп келеді, ал дұрыс жабдықталған кабинет даярлық жұмысын жеңілдетеді.

Мектептің өзекті тақырыбынан туындайтын міндеттерді орындауда мұғалімдер жаңашыл педагогтардың технологияларын, еңбектерін оқып-үйрену, тәжірибелерін іс жүзінде қолдану ісі алға қойылып отыр. Атап айтқанда, Н.Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау», А.Шаталовтың «Тірек сигналдарын пайдалану», Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту» әдістемелік технологияларын оқу-тәрбие үрдісінде қолданып жүрміз.

Шығармашылық дегеніміздің өзі – ізденімпаздық. Абай атамыз:

«Өзіңе сен, өзінді алып шығар,

Ақылың мен қайратың екі жақтап», – демей ме?

Ендеше, оқушы да, ұстаз да өзіне сеніп, жаңа технологиялық ізденіс үстінде болуы керек. Менің көмекші құралым – тірек сызбасы.

Ол оқушының жете меңгермеген тақырыбына көңіл бөлуге, өзіндік ой қорытуына көп ықпал етеді, батылдандырады.

Қазақша оқуға үйрету қазақ тіліне ғана тән тоғыз дыбысты және олардың әріптерін таныстырудан басталды. Мәтінді түсіндіріп оқуды бірінші кезекке қойып, оқушылардың ауызша сөйлеуін дамытуға арналған жаттығуларды көбірек орындатып отырған өте тиімді.

Белгілі бір әріпті өткенде оны сөз ішінде келтіріп, жеке бөліп айтып, оқып түсіндіру керек.

Мысалы, *оқушы, әліппе, қағаз, ұшқыш, гүл, көз* сөздерін тақтаға жазып, оқушыларға бұл сөздерде кездесетін жаңа әріптерді таныстырамын. Алдымен өзім бір оқып беремін де, іле өздеріне оқытамын. Кейіннен бірігіп хормен оқиды. Содан кейін жатқа немесе көшіріп жазу жұмысын орындатамын. Қазақ ақындардың өлең жолдарын, күнделікті баспасөз материалдарынан алынған сөйлемдерді дауыстап оқып беріп, олардағы қазақ тіліне тән дыбыстарды есту қабілетіне, жас ерекшелігіне қарай оқушыларды үш топқа бөліп, тапсырмаларды түрлендіріп отырамын.

Сабақтағы аударма, қайталау жұмыстарына орыс тіліндегі өлеңдерді де қолдануға болады.

Мысалы, «Маша моет куклу», «Друг мой солнышко» өлеңдерін былайша пайдаландым.

Өлеңдерді мәнерлеп оқып шығып, «Осы өлең жолдарындағы біз үйренген қазақ сөздерінің баламасы бар ма, болса ол қандай сөздер» деген сұрақ қойдым. Оқушылар өлеңде кездесетін *сегодня, мыло, вода, полотенце, солнце* сөздерін тауып, олардың қазақ тіліндегі баламасын айтады, сөйлемдер құрастырады. Мысалы, *Маша орамал алды. Ол көйлегін жуды.* Ойын-сөздіктерді пайдаланамын.

Мысалы, белка-тиын, работа-жұмыс, одежда-киім, серебро-күміс, нет-жоқ, лицо-бет.

Қай тілде болса да, оның ішінде қазақ тілінде де дұрыс оқуды үнемі жаттығып отырғанда ғана ойдағыдай меңгеруге болатыны тәжірибеде дәлелденген.

Мұғалім, әрине, өз пәнінің өміртанушылық, тәрбиелік мүмкіндіктерін де жан-жақты ойластыруға міндетті. Оқушылардың дербестігін, өзіне-өзі сенімділігін, зейінділігін, тапқырлығын қалыптастыру оқу үрдісінде жүзеге асырылатын тәрбие жұмысына тікелей байланысты. Ал бұл істе мәтінмен жұмыстың орыны ерекше. Өйткені тәрбиенің қай түрі де сол мәтіннің мазмұнын ашып, мәнін ұғындыруға құрылады. Сол негізінде балалардың дүниеге, қоғамға, айналадағы ортаға көзқарасы, өмірлік бағдары қалыптасады. Сабақ барысында оқытушы бұл жәйіттерді үнемі жадында ұстауы керек. Сонымен бірге тәрбие жұмысын оқулық материалдарымен ғана шектеп қоюға болмайды. Бұл жағынан дұрыс таңдап алынған түрлі мақал, суреттер, ғылыми-көпшілік кітапшалардың берері көп. Көркемөнер туындылары (сурет, мүсін, әуен) назардан тыс қалмауы тиіс. Бұл – бір жағынан, оқушылардың қазақ өнері туындылары жөніндегі түсінігін тереңдетіп, халықтың өткені мен бүгінгісін танып-білуге, эстетикалық сезімдерін тәрбиелеуде өте тиімді құрал болса, екінші жағынан, оның мазмұнын әңгімелету, сөйлемдер құрастыру, тілге жаттықтырудың нәтижелі жолы.

Оқушылардың білуге ынтасын оқу үрдісінде үздіксіз дамытып, алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін сабаққа ойын элементтерін кірістіріп отырудың рөлі ерекше. Жаңа

тақырыпты түсіндіру, өткенді қайталау кезінде (5-7мин), «Қай әріпті жоғалттым?», «Үндемес», «Жұмбақ шешу», «Қарлы кесек», «Мәтін бөліктері», «Даналық ағашы», «Брейн ринг», «Жарыс», т.б. грамматикалық ойындарды қолданамын. Сабақ үстінде шынықтыру ойыны өткізілді. Оған оқушыларды түгел қатыстырып, мазмұн ырғағы үйлесетін шағын өлендерді жаттауға болады. Сыныптан тыс жұмыста тіл дамытуға баса назар аударылды. Мұндай жұмыстардың түрі көп. Мысалы, сыныптан тыс оқу, қазақ тілі үйірмесі, мәнерлеп оқу, әдебиеттік үйірме, тақырыптық кеш, экскурсия, мәдени орындарға саяхат, қазақ тілі апталығы, т.б.

Соңғы жылдары көркем сөз, оқушылар сайысы, жас суретшілер көрмесі, сыныпаралық жұмыстар, альбомдар, көрнекі құралдар жасау сайысы сияқты шараларды өткізіп жүрмін.

Оқушыларды одан әрі ынталандыра түсу үшін сайыс жеңімпаздарын көп алдында мадақтап, сыйлықтар беріледі.

Жетінші сынып оқушылары арасында өтетін «Сен білесің бе?» сайысы тілдік шеңберде қалмай, оқушылардың Қазақстан тарихы, өнері, мәдениеті, әдебиеті жөніндегі білім-мағлұмат сайысы болады.

«Еңбексіз талант – тұл» дегендей, уақыт көшінен қалмай, өркениетті елдермен тереземіз тең болуы үшін ұрпақ алдындағы борышымызды естен шығармайық. Қазақ даласының алғашқы ағартушыларының бірі, балалар әдебиетінің атасы - Ы.Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім өте қымбат, өйткені ол – мектептің жүрегі» деді емес пе? Олай болса қазақ тілі пәнінің мұғалімі тек ізденгенде ғана жетістікке жете алады.



Рита МҰХТАРҚЫЗЫ,  
Астана қаласындағы  
№1 мектеп-лицейдің  
мұғалімі.

## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. «АНАНЫҢ ХАТЫ»

(7-сынып)

**Мақсаттары:** С.Сейфуллиннің «Ананың хаты» өлеңінің идеясын ашып, рухани адамгершілік қағидаларымен танысу, өлеңді нақышына келтіре оқи отырып, негізгі түйінді табып білуге дағдыландыру; Ата-ана алдында баланың қашан да борышты екенін түсіндіруге баулу; Оқушылардың қоғамға деген өзіндік көзқарасының қалыптасуына ықпал ету, өз ойларын еркін, нақты жеткізе білуге баулу, тіл байлықтарын дамыту, өз бетімен ізденуге, ой қорытуға дағдыландыру.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдістер:** сұрақ-жауап, сұхбаттасу, талдау. **Көрнекіліктер:** қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, суреттер, ұнтаспа, интерактивтік тақта, презентациялар.

**Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, қазақ тілі, қазақ әдебиеті.

**Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі:**

Психологиялық дайындық жасау. Сабаққа зейіндерін аудару.

**Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру.**

**Сабақтың эпиграфы:** Атақты жазушы Роллан Сейсенбаев Сәкен Сейфуллин туралы былай деген екен:

*«Ол өз елін сүйген. Ол нағыз ақын болған, ал нағыз ақынның халқы өмір сүрсе, ол да мәңгілік өмір сүреді».*

Оның шығармалары ақынның атын өшпестей етіп отыр.

**Сабақтың кезендерімен таныстыру:**

1. Түсіндірмелі-иллюстративті оқыту (үй тапсырмасын қайталау).

2. Жаңа тақырып. С.Сейфуллиннің өмірбаяны, берілген шығармасымен танысу.

3. Кітаппен жұмыс.

4. Шығармашылық жұмыс.

5. Пікір алмасу.

6. Поэзия минутты.

7. Семантикалық картаны толтыру.

8. Ой қорыту.

Біз XIX-XX ғасырлардың қандай ақын-жазушыларымен таныстық?

1) Аты-жөні.

2) Кім болған?

3) Өмір сүрген жылдары.

4) Шығармалары.

**Мұғалімнің сөзі:** - Сәкен (Сәдуақас) Сейфоллаұлы туралы айтамыз. Үш бәйтеректің бірі – Сейфоллаұлы Сәкен – дара тұлға, әдебиетіміздің аса көрнекті ақыны, сыршыл өлең сөздің бәйге бермес шабандозы.

Астана қаласындағы Сәкен мұражайында болып, ақынның жеке әлемімен танысқан оқушыларға сөз кезегін беру.

**Ақынның өмірбаянымен танысу.**

**Кітаппен жұмыс:** мұғалімнің оқуы, іштей оқу, өлеңді дауыстап, мәнерлеп оқу.

**Сөздік жұмыс:**

Уәж – совет, синонимі – кеңес;

Ұлық – начальник.

**Шығармашылық жұмыс.**

**I тапсырма.** Өлеңнен тұрақты тіркестерді табыңыз.

## II тапсырма. Берілген сөздерге түсініктеме беріңіз.

Кем саулығым

Жауап қайыр

Ер жетіп

Мені күтті

## III тапсырма. Сөздердің синонимін тауып жаз.

Ақыл

Қалжырадым

Ұлық

Туысқан

Тозды

Уайым

Қарамадың

Не істейін

## Өлең құрылысына талдау.

– Сонымен қатар, балалар, Сәкеннің анасының хатына жауабы да бар екен.

Сол хаттың үзіндісін тыңдап көрейік. Бұл оқулықта берілмеген, қосымша материал.

Үзінді (үнтаспа арқылы тыңдау).

Ал, енді осы екі хаттың негізінде мынадай сұрақтарға жауап берулеріңізді сұраймын. Аздаған **пікірталас** деуге де болады:

1. Сағыныштан сарғайған ананың таққан кінәсін қайшумақтан байқауға болады?

2. Кімді жақтайсыңдар?

Қазақта «Ана» тақырыбына арналған өлең, әңгіме, дана сөздер де аз емес, ал енді мақал-мәтелдер жағын айтсақ, олар енді өте көп десек те болады, «**Кім көп біледі?**» ойынын ойнайық.

Сәкен Сейфуллин – лирик ақын. Оның шығармалары алуан түрлі тақырыпта жазылған. Солардың бірі – біздің мақтанышымыз, бәрімізге таныс, жанымызға жақын

табиғаты тамаша «Бурабай» өлкесі. Ал, енді, сәл тынығып, Жансаяның орындауында үзіндісін тыңдап көрелік. Бурабайдың табиғатын тамашаламаған жан жоқ шығар деп ойлаймын. Әрбір сөзіне көңіл бөліп, мұқият тыңдауларыңды сұраймын.

### Поэзия минуты

– Бүгінгі талдаған өлеңнің негізгі мазмұны – бала мен ананың арасындағы сүйіспеншілік, бір-біріне деген сағыныш.

Сабағымызды әрі қарай жалғастыра отырып, ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас мәселесі туралы ой қозғайық. Қазір көрсететін фильмнің үзіндісіне назар аударайық.

«Ананың алақаны әлемді әлдилейді» дегендей, қай заманда да ана бейнеті ауыр. Түн ұйқысын төрт бөліп, асырап-бағып жеткізген ата - анасын жалғыз қалдыру қазақ тарихында болмаған. Өмірде кездесіп жататын сондай келеңсіз жағдайлардан аулақ болып, ата-аналарының еңбегін бағалап, мәңгілік қамқорлық жасап өтуге тиіс. Себебі, ана адамда біреу ғана, оны ешкім де, ештеңе де алмастыра алмайды.

Еркін Нұржановтың орындауында «Аяулы алақан» деген өлең тыңдалып, шағын шығарма жазады.

Қазақстан Республикасының қоғамы Сәкен Сейфуллиннің аты өшпес үшін қандай құрмет көрсетті?

Семантикалық картаны толтыру

Кімнің шығармасымен таныстық	Өлеңнің негізгі тақырыбы	Осы өлеңнең маған әсер еткен шумағы

**Есінде сақта!**

- 1894 ж.    - 1938 ж.    - 1913 ж.    - 1914 ж.    - 1916 ж.

**Үйге тапсырма:** өлеңді жаттау. Бағалау.



# ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫНДА «НАН ДАСТАРХАНҒА ҚАЛАЙ КЕЛЕДІ?»

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ізденіске жетелеу, белсенділіктерін оятып, нанның дастарқанға қалай келетінін түсіндіріп, етістіктің шақтарын еске түсіру, меңгерту; **дамытушылық** – оқушыларды мәтінді зерттеп, талқылау арқылы өз пікірін айта білуге үйрету, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік** – адамдардың еңбегін бағалауға, оларға құрметпен қарауға, елін, жерін сүйуге, нанды қастерлеуге тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, диалог, топпен жұмыс. **Көрнекілігі:** плакат, суреттер, сызбалар, Венн диаграммасы, кластер.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:** оқушылардың сабаққа ынтасын, қызығушылығын ояту, сабақтың тақырыбы мен мақсаты, міндеттерімен таныстыру. Кезекшінің есеп беруі. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

**Үй тапсырмасын тексеру:** 1. Етістіктің шақтарын қайталап, еске түсіру.

Мамандықтар мәтіні бойынша жұмыс. Мамандықтардың барлығы да адамға қажет. Әр мамандықтың өз ерекшелігі бар. Мысалы: дәрігер адамдарды емдейді, мұғалім балаларды оқытады. (Оқушылар тақтаға шығып, рөлдік ойындарын орындайды).

2. Венн диаграммасын толтырып, салыстыру. Етістіктің шақтарын бір топ екінші топқа сұрақ қою арқылы айтады.



II. 1. Жаңа сабақ. Сөздіктерді мәнерлеп оқып, аударады, сөз тіркестерін құрастырады.

*Шашылу – рассыпаться;*

*Қызығу – любиться;*

*Қай жақтан – откуда;*

*Нан жабу – выпекать хлеб;*

*Диірмен – мельница;*

*Тарту – молоть;*

*Наубайшы – пекарь;*

*Нан – хлеб.*

2. – Олай болса, балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – Етістіктің шақтарында «Нан дастарқанға қалай келеді?».


Диқандар көктемде жер жыртып, егін егеді. Егін жақсы шығу үшін көптеген адамдар еңбек етеді, күні-түні тынбай жұмыс жасайды.

Содан кейін күзде піскен егінді комбайнмен жинайды, оны элеваторға тасиды, себебі элеваторда астық жақсы сақталады.

Одан кейін бидайды диірменге апарып, ұн тартады. Ұнды наубайханаға апарып, нан пісіріп шығарады. Наубайханадан нан дүкенге түседі. Тұтынушы дүкеннен қалаған нанын сатып алады.

Мәтінмен жұмыс. Мәтінді үш бөлікке бөліп, әр топқа

Мысалы:



III. 1. Жаттығу бойынша жұмыс. Берілген етістіктерді үш шаққа қойып, жалғауларын жалғату.

Үлгі: Тұр+мын – нақ осы шақ

Тұр+а+мын – келер шақ

Тұр+ды+м – өткен шақ

Істеу, өсіру, тарту, алу, білу.

2. Рөлге бөліп оқыту, диалог

«Қайдан келдің, бауырсақ?»

3. Нан туралы мақал мен нақыл сөздерді түсініп оқып, есте сақтау.

А) Еңбектің наны – тәтті, Жалқаудың жаны – тәтті.

Ә) Нан – қасиетті тағам.

Б) Нанды қастерле!

В) Ас атасы – нан.

Г) Нан дастарқанға еңбекпен келеді.

Сабақты бекіту кезеңі. Топтастыру стратегиясы бойынша кластер құрастыру.



2. Бағалау (оқушылардың жұмысын бағалау).

3. Үйге тапсырма: 122-бет, 4 тапсырма, сөздікті жаттау.

# ЕТІСТІКТІҢ РАЙ КАТЕГОРИЯСЫ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – өз ойларын шақ, жақ, есімше, көсемшенің жұрнақтарын пайдалана отырып жеткізуге баулу; тәрбиелік – Мұқағали Мақатаевтың өмірі, шығармашылығымен таныстыру; дамытушылық – Мұқағали өлеңдерінің мазмұнына үңіле отырып, қазақ поэзиясына деген қызығушылықтарын ояту.

**Түрі:** аралас сабақ.

**Көрнекіліктер:**

1. Етістіктің рай категориясы жазылған сызба.
2. «Мұқағали Мақатаев» слайд.
3. Мұқағали Мақатаевтың өмірі, шығармашылығы туралы кластер.
4. Мұқағали Мақатаевтың поэзиясынан үзінділер.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**


**II. Өткенді қайталау.**

**1. Үй тапсырмасын тексеру.** 72-бет, 4,5-жаттығулар.

2. Етістіктің категорияларын қайталау.

- Қазақ тілінде қандай сөз таптары бар?
- Етістік заттың несін білдіреді?
- Етістіктің сұрақтарын атаңдар.

- Етістіктің қандай категорияларын білесіңдер? (жақ, шақ, есімше, көсемше, етіс)




а) Етістіктің шақ категориясы нені білдіреді, олар қалай бөлінеді?




Етістіктің шақтарын компьютерден сызбаларды пайдалана отырып қайталау және мысалдар келтіру


- Есімшенің жасалу жолдары:



- Көсемшенің жасалу жолдары:



- Қазақ тілінде неше етіс категориясы бар, олар қалай жасалады?



(Етістіктің категорияларын, жасалу жолдарымен қайталап, мысалдар келтіру)

**III. Жаңа сабақ.** 1. Етістіктің райлары. Мысалдар арқылы түсіндіріп, әр сөйлемнің мағынасын ашу. Мысалы: Мен кітап оқығым келеді (айтушының тілегін, қалауын білдіреді – қалау рай). Ол кітап оқысын (өтініш, бұйрықты білдіреді – бұйрық рай).

Мен кітап оқысам (шартты білдіреді – шартты рай), т.б. мысалдар келтіру. Оқушылардың тілегін қатыстыра отырып, сөйлемдер құрату. (Мен кім болғым келеді? Бос уақытымды қалай өткізгім келеді? Анама не сыйлағым келеді? Сыныптас достарыма не тілегім келеді?)

2. Мына сөз тіркестерін қалау рай тұлғасында жаз:

Айтып келдім – айтқым келеді (I жақ, нақтылы өткен шақ, қалау рай)

Күлкісі келді – күлкің келген (II жақ, нәтижелі өткен шақ, қалау рай)

Ойнап кел – ойнағысы келер (III жақ, болжалды келер шақ, қалау рай)

3. Оқушылар кластер бойынша қысқаша әңгіме құрастырады.



4. Поэзия минуты. М.Мақатаевтың өлеңдерінен үзінділер оқу.

**«Үш бақытым» өлеңі оқылады.**

Өлеңнің философиялық мәнін ашу, ақын неге бірінші – Халқын, екінші – Тілін, үшінші – Отанын бақытым деп есептеген. Оқушыларды жарыссөзге тарту.

**«Жақындық сеземін», «Таныс өлке», «Пай! Пай! Пай!» өлеңдерінен үзінділер оқылады.**

5. Дәптермен жұмыс. М.Мақатаевтың өлеңінен үзіндіні жатқа жазу.

Батар күн,

Келер күн,

Атар таң.

Шығар күн,

Бәріңе, бәріңе құмармын.

Осы мен мәңгілік тұрармын.

Осы мен, сірә да, өлмейтін шығармын?

6. Кітаппен жұмыс. 80-бет, 7-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, ішінен қалау райды тауып жазыңдар.

7. Өздік жұмыс. Қалау райды және бүгінгі сабақта өткен лексикалық тақырыпты пайдаланып, шағын әңгіме жаз.

**8. Сабақты қорытындылау.**

9. Үйге тапсырма. Етістіктің рай категориясы. Қалау райы. 80-бет, 6-тапсырма. М.Мақатаевтың өлеңінен үзінді жаттау.

**10. Бағалау.**

11. Рефлексия. Маған не ұнады, не ұнаған жоқ. Әр сабақты мен қалай елестетемін? Қазақ тілі сабағында мен не үйренгім келеді?



# СӨЗДІК ҚОРҒА ҚОСЫЛҒАН ҚАНЫШ ТАПҚАН ҚАРА ТАС

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – мәтінді түсіне оқы отырып, мазмұнын өз сөздерімен байланыстыра айтуға жаттықтыру, өз ойларын жеткізе білу; сұрақтарға еркін жауап беру; тілдік материалдарды меңгеру; **дамытушылық** – сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту, сауатты жазу мәдениетін дамыта отырып, тақырыпты деңгейлік тақырыптық тапсырмалардың көмегімен меңгеру; **тәрбиелік** – қазақ халқының белгілі тұлғаларды білуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, жаздыру, сөйлестіру, ойландыру. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, қима қағаздар, кесте.

## **Сабақтың жоспары:**

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты.
3. Өткенді еске түсіру. Үй тапсырмасын сұрау.
4. Топтастыру тәсілі.
5. Жаңа сабақ.
6. Мәтінмен жұмыс. Синоним, антонимдерді табу. Деңгейлік тапсырмаларды беру.
7. Грамматикалық тапсырмалар.
8. Іздену жұмысы. «Сіз білесіз бе?»

9. Бекіту. ИНСЕРТ стратегиясы бойынша.

10. Қорытындылау. Үйге тапсырма.

### **Сабақтың барысы:**

#### **1. Ұйымдастыру кезеңі:**

А) сәлемдесу;

Ә) кезекшінің сөзі;

2. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

«Сөздік қорға қосылған Қаныш тапқан қара тас»

#### **3. Өткенді еске түсіру.** Үй тапсырмасын пысықтау.

Сыныпты 3 топқа бөлу: 1-топ, 2-топ, 3-топ.

#### **4. Мұғалімнің кіріспе сөзі.**

- Балалар, біздің өтіп жатқан модуліміздің тақырыбы «Қазақтың белгілі ғалымдары».

Осы тақырып бойынша қазақтың белгілі ғалымдары деген кезде кім ойға келеді?

(«Ойқозғау» стратегиясы)

1-топ – Қаныш Сәтбаев туралы әңгімелейді және слайд көрсетеді.

2-топ – Шоқан Уәлиханов туралы әңгімелейді және слайд көрсетеді.

3-топ – Әбу Насыр әл Фараби туралы әңгімелейді және слайд көрсетеді.

#### **5. Топтастыру тәсілін қолдану**



Үй тапсырмасын айтып болған соң қорытынды жасаймын. Жақсы дайындалғаны байқалады.

## **6. Жаңа сабақ:**

- Дұрыс, үй жұмысын жақсы орындадыңдар. Ендігі біздің өтетін тақырыбымыз – Қаныш Сәтбаевтың өмірінен алынған бір оқиға. Авторы - Өмірсейіт Шәріптегі.

Жоғары мектеп үздігі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

### **Қаныш тапқан қара тас.**

1. Мәтінмен жұмыс Топпен жұмыс.

А) қиын сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіреміз, қандай сөздер екені, жиі қолданылатындығы айтылады:

ғұлама – жиі қолданбайды, әдебиеттерде, тарихта көп қолданылады – ученый, великий;

қомақты – объемистый, значимый;

көне таңбалар – тарихи, көнерген сөз – древние надписи, знаки;

жәдігер – тарихта көп қолданылатын сөз – реликвия, наследие;

өгіз жеккен арба – сөз тіркесі, көнерген сөзге жатқызуға болады;

шырағдан – көнерген сөз, тарихи сөз – факел, свеча;

орысша баламасын айтып кетемін немесе оқушылар оқып шығады.

Ә) Мәтін бойынша топтарға тапсырма беру.

**1-топ** – антонимдерді тауып, сөз тіркестерін құрастырады:

жас – кәрі,

қара – ақ,

кездестірді – кездестірмеді;

қажетті – қажетсіз,

жинастырады – жинастырмайды,

көрінісі бар – көрінісі жоқ.

**2-топ** – синоним, антонимдерді тауып, сөз тіркестерін құрастырады.

ғұлама ғалым – ұлы ғалым;  
үлесі орасан – үлесі көп;  
ел аузында – халықтың есінде;  
құнды мұралар – бағалы мұралар.

**3-топ.** Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді тауып шығу.

Соның дәлелі, 20 жылдардың басында...  
Тастағы көне таңбалардың сырын ашып,..  
Тау ішіндегі Ақсақ Темір сарбаздарына....  
Қаныш Сәтбаев қара тасты тапқан кезде....

**Қорытынды жасап кету керек.**

**7. Грамматикалық тапсырмалар:** деңгейлік тапсырмаларды орындау.

1 топ –

2 топ –

3 топ -

**Қорытынды жасап кету керек.**

**8. Іздену жұмысы. Ақпарат** «Сіз білесіз бе?» Жамбыл облысының қазіргі заман ғалымдары.

Мекемтас Мырзахметұлы – филология ғылымдарының профессоры, Жамбыл облысының Құрметті азаматы. «Бауыржантану» пәнінің авторы. Қазақ тілінің мәселесі бойынша көптеген мақалалары жарық көрді.

Қожамжарова Дария Пернешқызы – ТарМУ-дың тарих ғылымдарының профессоры. ТарМУ-дің оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры. №5 Жамбыл атындағы орта мектептің түлегі.

Нұржанов Райымбек Бестайұлы – Облыстық Балалар Ауруханасының бас дәрігері. Балалар ортопед-травматологы, медицина ғылымдарының докторы. №5 Жамбыл атындағы орта мектептің түлегі.

**9. Бекіту. ИНСЕРТ кестесін толтыру.**

Мен білемін	Мен үшін жаңалық	Мені таң қалдырды

**10. Үйге тапсырма.** Қаныш Сәтпаев туралы ойтолғау жазып келу.

**Сабакты қорытындылау, оқушыларды бағалау.**

1-топ.

**1-деңгей.**

1. Синонимдерді тап:

пішінді –	ұзын –	
алып –	саулығы –	түйістіріп –
еркін –	ірі –	асқар –
ұсақ –	ақырын –	қалжыңға –
жансақ –	атақты –	еске алайық –

**2-деңгей.**

1. Көп нүктенің орынына қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшір.

Біз қазақ халқын ... адамдар деп ойлаймыз. Сіздің ... ғой. Сізге біреу ... түсіндірген. Біздің халқымыз - ... айдынында асқар ... қарап еркін өскендер. Олардың арасында мен ... болам.

*Керекті сөздер:* ең аласа, ең ұсағы, Алатауға, Арқаның, жансақ, түсіңіз ақ құба, бойыңыз ұзын, қысқа бойлы, қара түсті.

**3-деңгей.**

1. Сөйлемдерді көшіріп жазып, бастауыш пен баяндауышты табындар. Оларды тұлғасына қарай талдаңдар.

«Қаныш өзінің зор ғалым, алып адам екендігіне қарамас-тан өте кішіпейіл еді. «Жақсыны көріп, жан семіреді» дегендей, Қаныштың кескініне қарап кісінің көңілі тоятын. Оның жүзіндегі жылылық адамның жанына жайма-шуақ леп беретін.

Есімі бүкіл дүние жүзіне тарап, мемлекеттік ең жоғарғы сый-құрмет, атақ-дәрежеге ие болып жүргенде де ол сол кішіпейіл қалпынан айнамайды. Сүтпен кірген халық мейірбандылығы алтындай жарқырап, көзге ерекше түсті.

## **2-топ.**

### **1-деңгей.**

1.Синонимдерді тап:

болашақ иелері –	жұрт –
жаңылу –	адамгершілік –
лауазым –	еңбексүйгіш –
қарапайым –	ғұлама –
әдейі –	жансақ –
асқан –	еске алайық –

### **2-деңгей.**

1. Көп нүктенің орынына қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшір.

Қаныш Имантайұлы ірі мемлекет және қоғам қайраткері ... . Оның ерекше қасиеті – студенттік шағынан ... өмірінің соңғы күндеріне дейін - қарапайымдылық, ..., адамдарға сергек ..., қолынан келген көмегін ... .

Керекті сөздер: аямау еді, қарау, бастап, болған, кішіпейілділік.

### **3-деңгей.**

3. Сөйлемдерді көшіріп жазып, бастауыш пен баяндауышты табыңдар.

«Бұлар – кең-байтақ Қазақстан жерінің түкпір-түкпірінен келгендер. Халқымыздың қымбатты асыл дәстүріне

(үлкенді сыйлау, әдептілік, кішіпейілділік, т.б.) бөленіп өскен нәзік жанды балалар ғой. Олардың көңілдерін қалдырып, сағын сындыра көрме. Кемшіліктерін көбіне сөзбен айтпай, қас-қабағыңмен, көзқарасыңмен білдіргейсің. Сен кепкен нан тәрізді қатты болма. Сенің алдың кең, оларға өте қайырымды туған апасындай болғаның жөн, қарағым», - дейтін еді асыл Аға.

### **3 топ.**

#### **1-деңгей.**

1. Синоним сөздерді көшіріп алып, жаттаңдар.

сарп етеді –	қадірлі –
күшін –	жұмсау –
жылы шыраймен –	бәрі –
әрқашан –	жәрдем –
сыпайыгершілік –	оқымысты –
түнеу –	санаушы –
аяз –	создым –
сабақ –	

#### **2-деңгей.**

2. Көп нүктенің орынына тиісті сөздерді қойып жазыңдар.

1. Керекуге жақында барып ... . 2. Сізге сәлем ... . 3. Сізге әдейі барып ... сәлемімді тапсыр деп еді. 4. Мен екі қолымды ... . 5. ... отырған орнынан түрегелді. 6. Мен қысып алып ... . 7. ... тұрмысы қалай екен? 8. ... кезде отыздар шамасында еді. 9. ... бестемін дейді.

*Керекті сөздер:* жетпіс, бізге сабақ берген, денсаулығы, жібермеймін, Қанекен, бірдей создым, қолын қысып, айтып еді, қайтып едім.

#### **3-деңгей.**

2. Сөйлемдерді көшіріп жазып, бастауыш пен баяндауышты табыңдар.

Қаныш Сәтбаев – Томск технологиялық институтында білім алған жас қазақ инженері.

Бұл жинаққа әуен мен саз саласы жайында өте бағалы хабарлама жасаған. Сонымен бірге ән мәтіндерін берген. Олардың орысша аудармасын жасаған тамаша білгір де. Баянауыл әндерінің жақсы орындаушысы болған. Біреулер адал еңбегімен елінің байлығын көбейтеді. Біреулер даналығымен елінің ынтымағын біріктіреді. Қаныштың ғылым арқылы халқына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

### **Қаныш тапқан қара тас**

*Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың ғылымға қосқан жаңалығы қомақты да жан-жақты. Тек геология саласында ғана емес, әдебиет, тарих, археология, типология, өнертану салаларында да қосқан үлесі орасан.*

*Соның бір дәлелі, 20-жылдардың басында Томск университетін бітіріп келген жас ғалым Орталық Қазақстанның кен қорларын зерттеп, Ұлытаудағы археологиялық мұраларды жинастырды. Тастағы көне таңбалардың сырын ашып, Алашахан, Жошы кесенелерін тарихи мұра ретінде қор қажеттігін мемлекет алдына міндет етіп қояды. Едіге тауының басындағы батырдың ел аузында аты аңызға айналған бейітіне көтеріледі.*

*Тау ішіндегі Ақсақ Темір сарбаздарына қару жасап, болат балқытқан орынды табады. Соның орыны әлі күнге сақталған. Дәл осы жерден бетіне араб әрпімен жазылған белгісі бар қара тасты кездестіреді. Бұл жәдігерде Әмір Темірдің 1392 жылы Тоқтамысқа қарсы жорығы кезінде Ұлытауға келіп тоқтағаны айтылады.*

*Қаныш Сәтбаев қара тасты тапқан кезде Қазақстан қалаларында тарихи мұражайлар болмағандықтан, өзін жеккен арбаға мініп, оны Қызылордаға әкеледі.*



Қаныш Сәтбаев мұны Ресейдегі құнды мұралар жинақталған Эрмитажға жолдайды.

Өмірсейіт Шәріптегі, Жоғары мектеп үздігі,  
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

ИНСЕРТ кестесін толтыру.

Мен білемін	Мен үшін жаңалық	Мені таң қалдырды

1. Мәтіннің мазмұны бойынша «Қаныш аға қандай адам?» деген сұраққа жауап жазыңдар.

*Қажетті сөздер:* адам болу керек, өзі үшін емес, халық үшін, адамзат үшін, сарп етеді, барлық күшін, жігерін, ақылын, жұмсап кеткен адам, адам үшін, бірдей қарайтын, бірдей адам болатын, жылы шыраймен қабылдап, қандай ортада, жәрдемін беретін, қолынан келген, жастарға, қайталар едім, ғұлама ғалым, үлкен ойшыл, өте қарапайым, мәңгі жасамақ.

2. Екі бағанға бөлініп берілген сөздерді жұптап, сөйлем құрап, көшіріңдер.

Томскіде білім алды  
бұл жинаққа бағалы  
сонымен бірге ол  
әндердің орысша аудармасын  
ол тамаша  
Қаныш баянауыл әндерінің

Қаныш жасады  
білгір адам еді  
жақсы орындаушысы  
ән мәтіндерін берді  
хабарламалар енді  
Қаныш Сәтбаев

## ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ

(6-сынып)

**Мақсаты:** қазақ тілін оқытудың оңтайлы әдістерін қолдана отырып, зат есімнің септік жалғауларын меңгерту.

### **Міндеттері:**

1. Суреттер арқылы септіктердің жалғауларын үйрету.
2. Ой шақыру стратегияларын қолдана отырып, практикалық тапсырмаларды орындату.
3. Лексика-грамматикалық тапсырмаларды талдау, жинақтау негізінде мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру.

**Типі:** жаңа сабақ. **Түрі:** кіріктірілген, практикалық.

**Нысандары:** жеке, ұжымдық (оқушылардың жауабы жетонмен бағаланады). **Көрнекілігі мен техникалық құралдар:** септік жалғауларын үйретудің оңтайлы әдістері (сурет арқылы септік жалғауларын үйрету) кесте, киіз үйдің суреттері, жетондар. **Танымдық материалдар:** Қазақстанға шолу, слайдтар, ф.ғ.д. К.Ы.Сариеваның қазақ тілін оқытудың оңтайлы әдістері картасы.

**Сабақтың барысы:**

## **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Сабақтың мақсатын оқушылармен бірлесе отырып анықтау.

- Қазақ тілі сабағының қандай болып өткенін қалайсындар?

- Қазақ тілі сабағында қандай жұмыс түрлері ұнайды?

### **Фонетикалық жаттығу:**

- Қазақ елінің рәміздерін атаңдар.

- Тудың авторы кім?

- Елтаңбаның авторлары кімдер?

- Рәміздеріміз қай жылы қабылданды?

## **II. Жан-жақты бекіту.**

Лексикалық тапсырма: оқушылар туды, елтаңбаны қорғайды (практикалық жұмыс).

Грамматикалық тапсырма: жалқы есім, жалпы есімдерді ойын түрінде бекіту (оң қол, сол қол ойыны).

Абай, Құрманғазы, мұхит, Ажар, Каспий теңізі, гүл, дәрі,  
№19 орта мектеп, Астана, домбыра, су. т.б.

## **III. Жаңа сабаққа дайындық.**

### **Зат есімнің жалғаулары.**

1. Көптік.      2. Жіктік.      3. Тәуелдік.      4. Септік.

**IV. Жаңа сабақ.** Тақтада екі ауыл орналасқан: септіктер ауылы мен жалғаулар ауылы. Ауылдың ақыл айтар ақсақалы болады, Атау атаны тыңдау.

### **Атау септік кім? не?**

*Ілік септік кім+нің? не? +нің?*

*Барыс септік кім+ге? не? +ге?қайда?*

*Табыс септік кім+ді? не? +ні?*

*Жатыс септік кім+де? не? +де?қайда?*

*Шығыс септік кім+нен? не?+ден?қайдан?*

*Көмектес септік кім+мен? не? +мен?*

## *Сурет арқылы септік жалғауларын үйрету.*

Оқушыларға суретті кестелер таратылып беріледі. Грамматикалық көрсеткіштерін жалғай отырып септіктерге сөйлем құрайды.

### **V. Тексеру.**

#### **Септіктер ауылына саяхат**

Септіктер ауылына барған оқушы септіктің сұрақтарын айтады, жалғауларын табады. Тапсырмаларды орындауға жалғаулар ауылына барады.

Жалғаулар ауылының тапсырмалары: Оқушылар септіктердің тапсырмалары бар қима қағазды алып, жоғарғы ұяшықтан көп нүктенің орынына қоятын жалғауларын тиісті орынына орналастырады.

-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің

Абай... кітабы

Асан... бөлмесі

Пышақ... жүзі

Көше... ұзындығы

-ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е

Қала... барамын.

Ол көше... шықты.

Анам... гүл сыйладым.

Мектеп... келді.

-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті

Досым... көрдім

Әжем... шығарып салдым.

Қалам... орынына қойдым.

Нан... турадым.

-да, -де, -та, -те, -нда, -нде

Парта... кітап жатыр.

Үстел... гүл тұр.

Сынып... оқушылар отыр

Астана... көрікті жерлер көп.

-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен

Жақсы... үйрен.

Жаман... жирен.

Марат үй... шықты.

Алматы... Астанаға ұшамын.

-мен, -бен, -пен

Сабаққа досым... бірге барамын.

Мұғалім жоспар... таныстырды.

Әкем қонақ... сөйлесті.

**VI. Бекіту.** Оқушылар тақтада кесте бойынша берілген тапсырмаларды дәптерлеріне орындайды.

Тапсырма: Сөйлемдегі септік жалғаулы сөздерге сұрақтардың реттік нөмірін қояды. Мысалы: 1. Досым келді.

2. Әкемнен хат алдым.

1	2	3	4	5	6	7
кім?	кімнің? -ның, -нін, -дың, -дің, -тың, -тің	кімге? -ға, -ге, -қа, -ке	кімді? -ды, -ді, -ты, -ті	кімде? -да, -де, -та, -те	кімнен? -нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен	кіммен? -мен, -бен, -пен

1. Досым келді.

2. Бұл Болаттың досы.

3. Әкемнен хат алдым.

4. Мұғаліммен бірге мұражайға бардық.

5. Мен кітапханашыдан кітап алдым.

6. Балалар маған алғыс айтты.

7. Мен құрбымды қарсы алдым.

8. Ол бізге кітап оқып берді.

9. Ғалымға тың ой керек.

9. Кеше бір баламен таныстым.

10. Дәрігер адамды емдейді.

Қорыту: Сабақта Не білдім? Не үйрендім? Не білемін?

**VI. Үйге тапсырма:** 56-беттегі ережені жаттап, әр оқушы өз атын септеп келуі тиіс.

**Бағалау.**

# САН ЕСІМНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – сан есім тарауы бойынша алған білімдерін тиянақтау, олардың құрамын және мағыналық түрлерін ажырата білуге үйрету; дамытушылық – тілдік тапсырмалар беру арқылы ой қорытуға дағдыландыру, танымын кеңейту, өз пікірлерін еркін айтуға төселдіру, ойлау қабілетін арттыру; **тәрбиелік** – талдауға алынған мысалдар, мәтіндер арқылы ұлттық дәстүрді қадірлеуге тәрбиелеу.

**Түрі:** қайталау. **Әдісі:** талдау, сұрақ-жауап, іздендіру. **Көрнекілігі:** перфокарта, семантикалық карта, мақал-мәтелдер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, математика, тарих.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру.** Сынып оқушыларын «Санамақ» ретімен үш топқа бөліп, топтарға «**Ондықтар**», «**Жүздіктер**», «**Мыңдықтар**» деп ат қойылады.

**Қызығушылықты ояту** мақсатында «3», «7», «40» қандай сандар деген сұрақ қойып, оларға жауап алу. Осы сандарға байланысты қазақ тұрмысында кездесетін ырымдық нышандар жайлы түсінік беру.

**II. Үй жұмысын тексеру.**

**Ізденіс кезеңі.** Сан есімнің емлесі. 181-жаттығуды

тексеру мақсатында үш топқа да перфокарталар таратылады.

Перфокарталар үлгісі

Сан есімдер	Дара	Күрделі
екі бір төртеуден-бесеуден қырық жүз елудей елу шамалы екі жүздей үш мың жеті мың жүз елу бір-екі жүз		

**III. Оқулықпен жұмыс:** 182-жаттығу. Берілген есептік сан есімдерден реттік, топтау, жинақтық, болжалдық сан есімдер жасап, сөзбен жазыңдар.

5, 7, 3, 20, 180, 1000, 34, 71, 82, 120.

«**Ондықтар**» тобы – реттік, жинақтық сан есімдерді; «**Жүздіктер**» тобы – топтау сан есімдерді; «**Мындықтар**» тобы – болжалдық сан есімдерді қамтыды.

**IV. Мүмкіндік деңгей тапсырмалары.**

Мәтінмен жұмыс.

**а) «Ондықтар» тобы.** Берілген мәтіндегі сан есімдерді тауып, оларды өздері тіркескен сөздермен көшіріп жазып, тапқан сан есімдерді құрамына қарай талдаңдар.

**Тақырыбы:** «Тайқазан».

**б) «Жүздіктер» тобы.** Мәтіндегі сан есімдерді тауып жазып, мағынасын түсіндіріп көріңдер.

**Тақырыбы:** «Жақсы мен жаман»

**в) «Мындықтар» тобы.** Мәтін туралы өз ойларыңды қысқаша баяндаңдар, сан есімдерді тауып, жасалу жолына қарай талдаңдар.

**Тақырыбы:** «Екі соқа».

**Міндетті деңгей тапсырмалары. Қима қағазбен жұмыс.**

**а) «Ондықтар» тобы.** Жұмбақтағы сан есімдердің мағынасын түсіндіре отырып, жасалу жолына қарай талдаңдар, сөйлемдегі орыны, қызметі туралы ойларыңды дәлелдендер.

Бір ақынның атында

Екі түбір, төрт буын.

Төртеуі де бітеу буын.

Мұны тауып тездетіп

Айтар екен кім бұрын? (Сұлтанмахмұт)

**ә) «Жүздіктер» тобы.** Сан есімдерді тіркескен сөзімен теріп жазыңдар. Оларға сұрақ қойып, мәнін айқындаңдар.

1. Үйде ... күн ұрыс болса,

Қырық күн ырыс кетеді.

2. ... жақсы ерікпес,

... жаман бірікпес.

3. Екі ... он алты.

4. ... сөздің тобықтай түйіні бар.

5. Ер жігіттің ... сөйлегені – өлгені.

6. ... аяқтыда бота, екі аяқтыда бажа тату.

7. ... жылда ел жаңа.

**б) «Мыңдықтар» тобы.** «Орынымды тап». Мақал-мәтелдердегі орыны ауысып тұрған сөздерді айтылу ретімен орналастырып, берілген сан есімдер туралы өз пікірлеріңді айтыңдар.

1) ақшаң, бір, сом, жолдасың, жүз, болғанша, болсын.

2) қырық, қыңыр, жақ, бір, кісі, бір, кісі, жақ.

3) болса, жақсы, әйел, ырысыңның, тұрағы, жиғаның, иманың, үшінші, екінші, бірінші.

**V. Шығармашылық деңгей.**

Әр топқа семантикалық картамен тапсырмалар беріледі.

**а) «Ондықтар» тобы.** «Біздің сынып» тақырыбына



құрамында есептік, реттік сан есімдері болатын шағын мәтін құрау.

ә) «Жүздіктер» тобы. Атауында сан есім кездесетін қандай халық әндерін білесіңдер?

Оларда не жайында айтылатынын өз ойларыңмен дәлелдендер.

б) «Мындықтар» тобы. Бұқар жыраудың «Тілек» толғауын еске түсіріп, реттік сан есімдерге морфологиялық талдау жасаңдар.

**VI. Сабақты қорытындылау.** Нақыл сөздің шешімін табыңдар.

Қатар тұрған бірдей дауыссыздан бастап, сағат тілі бойынша екі әріптен тастап, нақыл сөз оқи аласыз. Нақылдан реттік сан есімінің өзі тіркескен сөзімен байланысын көрсетіп, мағынасын түсіндіріңіз.

І	У	Ы	Н	Л	Қ	Ш
Л						Ы
А						Д
Р						І
Й						Қ
С	І	А	Н	Б	Б	Е

**Жауабы:** Бірінші байлық – денсаулық.

**VII. Оқушылардың білімін бағалау.**

**Білім рейтингісі**

Бөлім / Ұпай	«5»	«4»	«3»	«2»
I	I II III	I II III	I II III	I II III
II				
III				
IV				
V				
VI				
VII				
VIII				

**VIII. Үйге тапсырма:** «Менің ғұмырнамам» тақырыбына сан есімдерді қатыстырып шағын өмірбаян жазып келу.

# СӨЗ ҚҰРАМЫН ҮЙРЕТКЕН КҮЗ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаттары:** білімділік – «Күз» туралы сөздерді дұрыс пайдаланып, сызбамен әңгіме құра білу; дамытушылық – сөз құрамын жаттығу, өздік жұмыстар арқылы бекіту, тіл дамыту; тәрбиелік – күзгі еңбекті бағалауға, табиғатты аялауға баулу.

**Түрі:** жаңа материалды түсіндіру сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, оқушыны ойландыру, жаттығу, т.б. **Көрнекілігі:** компьютерлік презентация, төрт жыл мезгілінің суреттері, сызбалар, Венн диаграммасы, тест, өздік жұмыс тапсырмалары, кестелер. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, жаратылыстану, бейнелеу өнері, әдеп, т.б.

**Сабақтың барысы:**

## 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

**Жаңа сабақ:**

## 2. Модульдің құрамын айту. 1-3слайд.

4-Модуль. Күз. Сөз құрамы. (6-сағат)

Бөлімі	Сабақ саны	Модульдің мазмұны	Модульдің уақыты
	1-сабақ.	1. Модульдің құрамын түсіндіру. 2. Грамматикалық тақырыпты сызба бойынша түсіндіру. 3. Сөздік жұмысы. 4. Лексикалық тақырып. 5. Бекіту.	5минут 10минут  8минут 12минут 10минут
Сөйлесу	2-сабақ.	1. «Көкөністер мен жемістер» тақырыбы бойынша үш деңгейлік тапсырмалар. 2. Жұмбақтармен жұмыс. 3. Аударма жұмысы.	20минут  15минут 10минут
	3-сабақ.	1. Терме, сөздік диктанты. 2. Фонетикалық жаттығу. 3 «Жыл мезгілдері» тақырыбы бойынша жұмыс.	10минут. 10минут 25минут
	4-сабақ.	1. «Ауа райы» тақырыбы бойынша тіл дамыту. 2.Сөздік, түсіндірме диктанты.	30минут 15минут
	5-сабақ.	«Табиғаттағы өзгерістер» мәтіні бойынша жұмыс.	45минут
Қорытынды	6-сабақ.	1. «Брейн-ринг» ойыны. «Күз - жыл мезгілі» 2. Тест.	35минут 10минут

### 3. Сабақтың мақсатын, барысын айту. 4-8-слайд.

Мақсаты:

1. Сөздерді құрамына қарай ажырата білу;

2. “Күз” модулі бойынша жаңа сөздер мен сөйлемдерді дұрыс пайдалану.

Оқушы нені білуі тиіс:

1. Сөздерді, оның құрамын ажырата білу керек.

Түбір, жұрнақ, жалғауды тауып, бір-бірінен ажырата білу.

2. Өз беттерімен сурет бойынша әңгімелей білу.

3. Өз сөздерімен мәтін бойынша ойларын жаза білу.

Оқушы нені үйрену қажет:

1. «Күз» деген модульге қатысты жаңа сөздер мен сөйлемдерді дұрыс пайдалана білуге үйрену.

2. Тақырып бойынша өтетін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтуға, сауатты жазуға үйрену.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Модульдің құрамын айту.

3. Сабақтың мақсатын, барысын айту.

4. Грамматикалық тақырып (сызба, ереже).

5. Сөздік жұмыс.

6. Лексикалық тақырып (сызбамен жұмыс).

7. Мәтінмен жұмыс(М-О –Т) (С-Ж).

8. Грамматиканы бекіту. (3,4-тап. Өздік жұмыс).


9. Тест.

10. Венн диаграммасы.

11. Үйге тапсырмасы. Жаңа сөздерді білу, сызба бойынша әңгімелеу, сұраққа жауап беру.

**4. Грамматикалық тақырып: «Сөз құрамы» 9-11-слайд бойынша түсіндіру.**

Сөз құрамы (состав слова)



Мысалы: кітап + хана + лар

# ТҮБІР

негізгі

туынды

(непроизводный)

(производный)

М.: ән ән+ші

балық балық +шы

Сөз тудырушы жұрнақтар:

-шы, -ші, -тық, -тік,

-шық, -шік, -лық, -лік,

-дық, -дік -ты, -ті, -ды,

-ді, -лы, -лі.

**5. Кітаппен жұмыс: Ережелерді оқыту, мысал келтіру.**

**12-слайд.**

Қазақ тілінің сөз құрамы түбір мен қосымшадан (жұрнақ, жалғау) тұрады. Ән+ші+лер.

Сөздің бөлшектенбейтін бөлігі негізгі түбір деп аталады.

Ән.

Негізгі түбірге сөз тудырушы жұрнақ жалғанса, ол туынды түбір деп аталады. Ән+ші

Түбір сөзден кейін қосылып тұрған сөз бөлшектерін қосымша дейміз. Ән+ші+лер

**6. Сөздік жұмысы (М- О –Т ), сөз тіркесін құру.**

**13-слайд.**

Серуен- прогулка /поход/

Жаза – берег;

Табиғат – природа;

Мезгіл, маусым – сезон;

Дымқыл – влажный;

Жиі – часто;

Бұлтты – облачный;

Сарғаю – желтеть;

Көңілді – веселый;

Салқын – прохладный;

Жауу – идти /дождь/.

**7. Лексикалық тақырып. Жыл мезгілдеріне шолу,**

**суретпен жұмыс. 14-слайд.**

**8. Сызбамен жұмыс. 15-слайд.**

Жыл мезгілі	Айлар	Күн	Түн	Ауа райы
Күз	Қыркүйек Қазан Қараша	қыс-қарақ	ұзағырақ	күн салқын, ауа дымқыл, аспан бұлтты, жаңбыр жиі жауады.

## 9. Мәтінмен жұмыс (М –о-т-. С –Ж).


### 10. Бекіту. Грамматиканы бекіту. 3-4тапсырма. Өздік жұмыс. 16-17 слайд.

Өздік жұмыс.

Мына сөздерді сөз құрамына талда:

Мезгілдері, еңбектену, піседі.

Жауап үлгісі:

1. Мезгіл  дер  еңбек  тен у  піс  е ді

## 11. Тест. “Күз”. 18 -20 слайд .

1. Жылда неше жыл мезгілі бар екенін тап.

а) 5;            ә) 4;            б) 3.

2. Қазір қай жыл мезгілі екенін тап.

а) күз;            ә) қыс;            б) жаз.

3. Күз айларын тап.

а) қаңтар, ақпан;            ә) шілде, тамыз;

б) қыркүйек, қазан, қараша.

4. Күзде ауа райы қандай болады?

а) салқын;            ә) ыстық;            б) аяз.

5. Ағаштың жапырақтары не істейді?

а) көгереді;            ә) сарғаяды;            б) бұлтты.

6. Жаңбыр қалай жауады?

а) бұлт;            ә) сирек;            б) жиі.

7. «Түбір» сөзінің аудармасын тап.

а) корень;      ә) суффикс;      б) окончание.

8. «Суффикс, окончание» сөздерінің аудармасын тап.

а) түбір;      ә) жұрнақ, жалғау;      б) бақша.

9. «Қосымша» сөзінің аудармасын тап.

а) корень;      ә) окончание;      б) аффиксы;

### Тест жауаптары:

1 – Ә; 2 – А; 3 – Б; 4 – А; 5 – Ә; 6 – Б; 7 – А; 8 – Ә; 9 – Б.

**12. Венн диаграммасымен жұмыс. (Сын тұрғысынан ойлау арқылы екі жыл мезгілін салыстыру.**

жаз

**Не ортақ?**

күз

1. Маусым, шілде, 1. екеуі де жыл мезгілі. 1. Қыркүйек, қазан, қараша.

Тамыз.

2. әрқайсысында 2. Күн салқын 2. Күн ыстық үш-үш айдан бар.

3. Аспан бұлтты. 3. Аспан ашық. 3. Оқушыдар үшін.

4. Ауа дымқыл. 4. Ауа таза. демалыс бар. 4. Екеуінде де.

5. Күн қысқа, түн ұзақ. 5. Күн ұзақ, түн қысқа.

6. Жапырақтар сарғаяды, қысқа. Мерекелер бар, т.б. жерге түседі. 6. Жағалай жап-жасыл.

7. Жиі-жиі жаңбыр жауады. 7. Балалар өзенге жинайды т.б.

8. Көкөніс, жемістерді шомылады, балық аулайды, т.б

8. Астана күні, ата заң мерекелері бар, т.б.

### 13. Бағалау.

**14. Үйге тапсырма беру:** “5” ереже, сызба бойынша әңгіме; “4” ереже, сұрақ-жауап; “3” ереже, сөздер.

# АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫНДА – «ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҚҰЙРЫҒЫ НЕГЕ АЙЫР?»

*(Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабынан.  
5-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың танымдық қабілетін жетілдіре отырып, ертегі мазмұнын меңгерту, өз ойын тұжырымдап, шығарманың идеялық мазмұнын ашу, топта жұмыс жасап, өзіндік ой қорытуға бағыттау; **дамытушылық** – ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, қызығушылығын ояту, ойын еркін жеткізуге баулу; **тәрбиелік** – адамгершілік қасиеттерді дамыту, атамекенді сүйю, тірі табиғатқа қамқор болуға, аялау сезіміне тәрбиелеу.

**Типі:** жаңа білім беру. **Түрі:** шығармашылықпен жұмыс. **Әдістері:** мәнерлеп оқыту, пікір айту, ой қозғау. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, табиғаттану. **Көрнекілігі:** Б.Момышұлы портреті, қарлығаштың суреті, ерлік туралы мақал-мәтелдер.

## **Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, оқушылардың сабаққа қатысуын, әзірліктерін тексеру.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1) М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін жаттау.

2) Сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру.



III. Жаңа сабақ.

Мұғалімнің сөзі (слайд арқылы көрсету)

«Жақсыдан - шарапат,

Жаманнан - кесепат», - деп мақалда айтылғандай, жақсылық тек қана адамның ғана қолынан келмейді екен. Жақсылық кімдердің, нелердің қолынан келуі мүмкін?

- Ал, сендер, адам баласына жанашыр, қамқоршы қандай құсты білесіңдер?

- Құстар – біздің досымыз. Құстардың адамға пайдасы бар.

- Ал, балалар, біз бүгін Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабынан алынған «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісімен танысамыз.

Б.Момышұлының суреті. Ол туралы дерек.

Кеңес Одағының Батыры, даңқты жауынгер, Ұлы тұлға – Бауыржан Момышұлы 1910 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, “Көлбастау” ауылында дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен. Москва түбіндегі шайқастарда даңққа бөленді.

Жазушының «Ұшқан ұя» кітабы 1975 жылы жазылды. Біз осы кітаптан алынған «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісімен танысамыз. Бұл ертегіні Бауыржан Момышұлына әжесі айтып берген болатын. Ертегінің атын орысшаға аудару.

IV. Ертегіні оқымас бұрын интерактивтік тақтада сөздік жұмысын жүргізу:

*қарлығаш – ласточка;*

*бақа-шаян – лягушка и скорпион;*

*құрт-құмырсқа – черви и муравьи;*

*әділ – справедливый;*

*жарлық береді – дает распоряжение;*

*тілін біліпті – знал язык (понимал)*

*алдын тосады – ждет;*

жау шабады – наступил;  
жұлып алады – вырвал;  
айта алмайды – не может говорить;  
ызыңдайды – жуужжит;  
тап береді – набросился;  
ұшып үлгереді – успеет улететь;  
құйрық – хвост;  
тіліп өтеді – прорезал;  
шағатын жәндіктер – насекомые;  
масаны көреді – увидит комара;  
тілін шығарады – высовывает язык;  
менің ұрпағым – мое потомство;  
ең тәтті қан – самая вкусная кровь.

Енді ертегі не туралы, оқиға қалай болғандығын көрейік.  
Мұғалім оқиды.

- Ал, балалар, енді ертегіні оқиық. Рөлге бөліп оқу.

Қарлығаштың құйрығы неге айыр екен? (слайдпен жұмыс)

Түсінгендерін сұрау.

V. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру:

1. Сүлеймен деген кім?
2. Сүлейменнің патшалығында не болды?
3. Жаудың беті қалай қайтпады?
4. Сүлеймен патша жыланға не дейді?
5. Патша қандай жарлық береді?
6. Хабаршылардың жолын не күтеді?
7. Қарлығаш қандай әрекет істейді?
8. Қарлығаш патшаға не дейді?
9. Қарлығаштың сөзі жыланға қалай әсер етеді?
10. Ашулы жылан қайтеді?

VI. Топпен жұмыс.

I топтың тапсырмасы:

Кестені толтыру.

## Кейіпкерлерге мінездеме

жағымды		жағымсыз	
Сүлеймен әділ, бір сөзді.	Қарлығаш тапқыр, қайырымды, батыл.	Жылан катал, зұлым.	Маса ақымақ, аңқау.

II топтың тапсырмасы:

Сүлеймен патшаға мінездеме беру.

Кейіпкер	Қасиеті, мінезі	Кейіпкер әрекетіне баға
Сүлеймен	Жан-жануардың, құрт-құмырсқаның, бақашаянның, балықтың тілдерін білген. Ұлы, әділ патша	Риза болған Сүлеймен патша жыланның тілегін орындағысы келеді. Хан сөзі – қашан да біреу.

III топтың тапсырмасы:

- Қарлығаш қандай құс, ол туралы не білесіңдер? (Құс туралы сөйлеу).

Кейіпкер	Қандай әрекет жасады?	Негізгі оқиға
Қарлығаш	1) адамға жаны ашиды 2) хабаршыларды күтеді 3) шағатын жәндіктердің тілін жұлып алады.	Қарлығаштың адам баласын жыланнан құтқаруы.

VII. Қорытындылау.

VIII. Бағалау. Топ жетекшілері топ мүшелерімен ақылдаса отырып, бағаларын қорытындылайды.

IX. Үйге тапсырма: Б.Момышұлының өмірі туралы мәлімет; 1. Ертегіні оқу, жоспар құру, мазмұндау.

Гүлнар БЕРКУТОВА,  
Семей қаласындағы  
№9 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ЖАҢА СӨЗДЕРГЕ БАЙ ҚЫС АЙЛАРЫ

*(2- сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға жаңа сөздерді меңгерту және оларды сөйлеу әрекетінде дұрыс пайдалана білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – жыл мезгілдерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейте отырып, табиғатты сүйуге тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі :** сұрақ-жауап, аударма, түсіндіру, ойландыру, тыңдап түсіну. **Көрнекілігі:** суреттер, сөзжұмбақ.

**Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі:**

- а) Оқушылармен амандасу;
- ә) Сыныптағы оқушыларды түгелдеу;
- б) Оқушылардың көңілін сабаққа бейімдеу.

**2. Үй тапсырмасын тексеру.**

Жаңа сөздерді жаттау, жұмбақтарды шешу.

**3. Жаңа сабақ.**

Сабақтың мақсатын, барысын түсіндіру.

а) **Сөздікпен жұмыс.**

- қыс айлары – зимние месяцы;*
- алғашқы – первый;*
- соғады – дуэт;*
- соңғы – последний.*

Мұғалім сөздерді дауыстап оқиды. Оқушылар қайталайды. Сөздердің дұрыс айтылуына мән беріледі. Осы сөздермен ауызша бірнеше сөйлем құрастырылады.

ә) **Мәтінмен жұмыс.** 56-беттегі мәтін мәнерлеп оқылады, оқушылармен бірге аударылады.

*Қыс айлары – желтоқсан, қаңтар, ақпан. Желтоқсан – қыстың алғашқы айы. Суық жел соғады. Қаңтар – қыстың екінші айы. Жаңа жыл басталады. Ақпан – қыстың соңғы айы. Қатты аяз болады.*

б) Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру:

1. Қыс айлары қандай?
2. Желтоқсанда не болады?
3. Қаңтарда не болады?
4. Ақпанда не болады?

#### **4. Дәптермен жұмыс.**

56-бет, 4-жаттығу. Берілген сөздерден сөйлем құрастырып жаз:

*Келді, қыс, суық.*

*Жауды, қар, алғашқы.*

*Коньки, балалар, тепті.*

*Жылы, киінеді, адамдар.*

#### **Сергіту сәті.**

*Ал, балалар, тұрайық,*

*Алақанды ұрайық.*

*Оңға қарай бұрылып,*

*Солға қарай бұрылып,*

*Бір отырып, бір тұрып,*

*Бой сергітіп алайық.*

#### **5. Суретпен жұмыс.**

Сурет бойынша әңгіме құрастыру (ауызша). Тірек сөздер: *қыс мезгілі, мұз айдыны, сырғанақ, жылы киінген, теуіп жүр, балалар, шаңғы, шанамен, сырғанап жүр, коньки, аққала жасады, көңілді, ұнайды.*

## 6. Сөзжұмбақ шешу.

1. Зима.
2. Валенки.
3. Лыжи.
4. Сапоги.
5. Санки.
6. Снег.

			Қ	Ы	С
П	И	М	А		
	Ш	А	Ң	Ғ	Ы
		Е	Т	І	К
Ш	А	Н	А		
	Қ	А	Р		

## 7. Сабақты бекіту, қорытындылау.

- Балалар, бүгін сабақта не білдік, не үйрендік?
- Қыс айларын атайық.

## 8. Бағалау.

9. Үй жұмысы. 56-бет, жаңа сөздерді жаттау, мәтінді мәнгерлеп оқу, «Қыс айлары» тақырыбына диалог құрастыру.



Гүлмира МҰҚАНОВА,  
Ақмола облысының  
Степногорск қаласындағы  
№6 гимназия-мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## СӨЙЛЕМДЕ «АДАМ НЕ ІСТЕЙДІ?»

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – лексикалық тақырып пен грамматикалық тақырыпты байланыстыра өту;

**дамытушылық** –үйренген сөздерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету, сауатты жазуға, мәнерлеп, түсініп оқуға жетелеу, оқушылардың сөздік қорын байыту, дұрыс сөйлем құрай білу дағдысын дамыту; **тәрбиелік** – тазалыққа, сыйластыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** суреттер, сызба, мультфильм.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалар, бүгін сабаққа қонақтар келіп отыр. Олай болса, бәріміз бірге қонақтармен сәлемдесейік.

Жақсы оқып сабақты,

Әдеп сақтау – сәніміз.

Сәлем бердік сіздерге,

Басты иіп бәріміз.

**Сұрақтарға жауап беру:**

- Біз қайда отырмыз?

- Сыныпта не бар?

- Сыныпта кімдер отыр?

- Қазір қай сабақ?

- Нешінші сабақ?

- **Соңғы өтілген «Менің отбасым» тақырыбы бойынша білімдерімізді көрсетейік.** Өз отбасың туралы не айта аласың? Отбасы мүшелерін кім атайды?

Отбасы туралы қандай санамақты білеміз?

Бас бармақ – атам,

Балаң үйрек – әжем,

Орған терек – әкем,

Шылдыр шүмек – шешем,

Кішкентай бөбек – мен.

**Санамақта кімдер аталды? Бәрі неше адам болады?**

**Отбасындағы ең кішкентай адам кім? Осы кішкентай адам туралы әңгімелесейік. Оның қандай дене мүшелері бар? Балалар дене мүшелерін атайды.**

**Тәуелдік жалғауын қайталап шығайық.**

Оқушы шығып бір қадам жасайды да, «Менің басым» дейді.

Екінші қадам – сенің басың, сіздің басыңыз.

Үшінші қадам – оның басы.

Бірнеше бала осылай 2-3 сөзді тәуелдейді.

**Жаңа тақырып.** Бүгінгі тақырыпты біз ребус арқылы білеміз. Ребусты шешу. Слайд.



- Дұрыс, жауабы – адам. Бүгін сабақтың тақырыбы: Сөйлемде «Адам не істейді?»

Фонетикалық жаттығу. А, Д, М қандай дыбыстар екенін айтқызу.

**Сөздікпен жұмыс:**

*дем алады – дышит;*

*күледі – смеется;*

*көтерді – поднял;*

*көреді – смотрит;*

*естиді – слышит;*

*ұйықтайды – спит.*

**Бізге қонаққа қуыршақ келді. Мынау кімнің қуыршағы?**

Шеңберге үш адам тұрады. Бірінші бала қуыршақты алып, «Менің қуыршағым» дейді. Екінші балаға беріп, «Сенің қуыршағың» дейді. Үшінші балаға беріп тұрып, «Оның қуыршағы» дейді.

**Қуыршақтың қимылдарын айтамыз.** Қуыршақ не істеді?



**Сызба арқылы сөйлесім.** Слайд. Адам не істейді? Адам

дем алады, көреді.

ұйықтайды

жүреді



дем алады

жүреді

**Слайд.** Суреттегі қыз не істейді? Балалар сөйлем құрастырып айтады.

жылайды

естиді

Не істейді?

күледі

тыңдайды

Оқылым, аударым, жазылым. Слайд  
мұрынымен (дышит) аяғымен (ходит)  
көзімен (видит) қолымен (пишит)

**Аударма.** Слайдта жазылып тұрады.

Человек видит глазами. Человек дышит носом. Человек пишет руками. Человек ходит ногами.

**Сергіту сәті.** Адам өз денсаулығын сақтайды. Ол үшін түрлі жаттығулар жасайды. Балаларға жаттығу жасатады.

- Кәнеки, оң аяқ,
- Кәнеки, сол аяқ,
- Шырағым, алға бас.
- Оң аяқ, сол аяқ,
- Сол аяқ, оң аяқ,
- Қарашы, оңай-ақ.

**Кітапқа көңіл аударады.**


**3-тапсырма орындалады.**

**Сұрақтарға дұрыс жауап береді.**

## Кітаппен жұмыс.

- Саша, сен мұрыныңмен не істейсің? Оля, сен көзіңмен не істейсің? Таня, қолыңмен не істейсің?

**мен**  
дем аламын  
көремін  
жазамын  
күлемін  
ұйықтаймын



**сен**  
дем аласың  
көресің  
жазасың  
күлесің  
ұйықтайсың

Жазылым. Үш сөйлемнен құрастырып жаз.

**мен мін**      **мен**      **мын**  
сен сің      сен      сың  
ол ді      ол      ды

**Әдептілікке үйрету.** Демалу үшін, көру үшін, жазу үшін денеміз сау болу керек. Денеміз сау болу үшін бір-бірімізге «деніңіз сау болсын» деп тілейік.

**Сөйлем құрап үйрен.** Үлгі бойынша сөйлем құрастыруға бірнеше сөздер беріледі.

1. Ұйықтаймын.
2. Мен ұйықтаймын.
3. Мен сағат 10-да ұйықтаймын.
4. Мен бүгін сағат 10-да ұйықтаймын.

**Сабақты қорытындылау.** Балаларды үш топқа бөлу. Әр топ бір-біріне пантомимо көрсетеді. Олар қимылдарын сөйлетеді. Әр топқа тапсырма беру. 1-топ. Адам не істейді?- деген сұраққа жауап береді.

2-топ. Мен не істеймін?

3-топ. Сен не істейсің?

«Диего» мультфильмінен үзінді көрсетіледі.

Мультфильм арқылы етістіктерді айтқызады.

Рефлексия. Өзіңді бағала. Оцени свою работу.

Сабақты қалай түсіндің? **Түсіндім** (понял).

**Бағалау. Үйге тапсырма:** сөздерді жаттау.

Айжан АБДРАСИЛОВА,  
Қарағанды қаласындағы  
Ғ.Мұстафин атындағы  
№83 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – мемлекеттік тілді құрметтеу, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, тілімізге деген сүйіспеншілігімізді тудыру; **дамытушылық** – оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру, сөздік қорын молайту, өз ойларын дұрыс жеткізуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – елін, жерін, Отанын сүйуге тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** ұлағатты сөздер жазылған плакаттар.

«Тіл – ұлттың жаны».

«Қазақтың тілі сұлу, қонымды да толымды тіл».

(В.В.Радлов)

**Сабақтың эпиграфы:** «Пейіл мен ынта болса, мемлекеттік тілді еркін меңгеруге болады».

**Түрі:** сайыс сабағы.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру.**

Сәлемдесу.

Тіл дамыту.

**II. Жаңа сабақ.**

1. Кіріспе

- Балалар, біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы.

ҚР-ның Елтаңбасы, Әнұраны, Туы, төл теңгесі бар. Сонымен

қатар ҚР-ның Ата Заңы – Конституциясында белгіленген өз

мемлекеттік тілі бар. Ол – әрине, қазақ тілі. Сондықтан да

ҚР-ның әр азаматының парызы – тілді білу, құрметтеу.

Тіл қай халықта болмасын қастерлі. Бүгінгі біздің сабағымыз – ерекше сабақ. Ол – қазақ тілінің білгірін анықтау.

Яғни, бүгінгі сабақтың тақырыбы – тіл сайысы. «Тіл – ұлттың жаны» деп аталады. Ойыншылар, сіздерге сәт сапар тілеймін!

Сайыс болғаннан кейін оның жеңімпазы да болады. Бізге соны анықтап беретін әділ қазылар алқасын сайлап алайық.

## **2. Сайыстың ережесі:**

1. Тыныштықты сақтау.

2. Бір-бірін тыңдау.

3. Ойын қысылмай айту.

Сайыс 8 турдан тұрады.

Әр ойыншының қолына 1-ден 8-ге дейін нөмірленген кәртішке беріледі. Қай ойыншы кәртішкесін бұрын көрсетсе, сол жауап береді. Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады. Екі турдан кейін ең төмен ұпай алған оқушы ойыннан шығады. Ендеше, қазір әр ойыншы өзін таныстырып өтсін.

## **I тур – «Бәйге».**

1. Қазақтың ұлы ақыны кім? (А.Құнанбайұлы). 2. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим) 3. Қазақ тілінде зат есімнің септелу жолдары нешеу? (2) 4. «Закон сингармонизма» сөзінің аудармасы қандай? (Үндестік заңы) 5. А.Иассауи кесенесі қай қалада? (Түркістан) 6. (Подлежащее) сөзінің аудармасы қандай? (Бастауыш) 7. ҚР неше елмен шектеседі? (5) 8. Қыста не жауады? (Қар) 9. Тіл туралы заң қашан қабылданды? (1989) 10. Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім? (Т.Әубәкіров) 11. Германияның ұлттық ақшасы қандай? (Марка) 12. Экологиялық апатқа ұшыраған қандай теңіз? (Арал) 13. Абайдың неше қара сөзі бар? (45) 14. ҚР Президенті кім? (Н.Ә.Назарбаев) 15. Б.Момышұлы кім? (Халық қаһарманы, батыры, жазушы) 16. Қазір қандай мезгіл? (Күз) 17. Қазақтың

батыр қыздары кім? (Мәншүк, Әлия) 18. Қазақ халқының атақты үш биі кімдер? (Әйтеке би, Қазыбек би, Төле би)  
19. «Наурыз» сөзі қай тілден енген? (Парсы) 20. Қазақтың ұлы ғалымы, Отырар қаласында туған кім? (әл Фараби)

II тур. «Шешуін тап». 9 алфавиттік жұмбақ.

- |   |  |
|---|--|
| 1. Тұзда бар,<br>Суда жоқ.<br>Мұзда бар,<br>Буда жоқ.             | 2. Гауһарда бар,<br>Гүлнарда жоқ.<br>Жауһарда бар,<br>Сәуледе жоқ. |
| 3. Үйде бар,<br>Шиде жоқ.<br>Күйде бар,<br>Биде жоқ.              | 4. Қазда бар,<br>Үйректе жоқ.<br>Құрда бар,<br>Шілде жоқ.          |
| 5. Дәнде бар,<br>Елде жоқ.<br>Сәнде бар,<br>Сенде жоқ.            | 6. Бірде бар,<br>Үште жоқ.<br>Екіде бар,<br>Бесте жоқ.             |
| 7. Қарғада бар,<br>Сауысканда жоқ.<br>Торғайда бар,<br>Үкіде жоқ. | 8. Шөлде бар,<br>Далада жоқ.<br>Көлде бар,<br>Теңізде жоқ.         |
9. Қайсы әріп  
Қасарып,  
Көнбейді болуға  
Бас әріп. (Әділқазылардың шешімі)

III. Сөз мәйегі – мақал. Отан, достық, туған жер туралы. Бос нүктені толықтыру.

- |                                 |                       |
|---------------------------------|-----------------------|
| 1. Туған жердей жер болмас... . | 6. Досы көпті... .    |
| 2. Жүз сомың болғанша... .      | 7. Ел іші... .        |
| 3. Отан... .                    | 8. Отансыз адам... .  |
| 4. Өнерлі... .                  | 9. Шешеннің сөзі... . |
| 5. Басқа пәле... .              | 10. Өнер алды... .    |

IV тур – «Полиглот».

Ең бай адам – көп тілді меңгерген адам. Көп тіл білген адамды ғылым тілінде «полиглот» дейді. Келесі жұмбақтарды орыс, қазақ, ағылшын тілінде шешу.

1. Темір тілді,  
Күміс үнді. (қоңырау, звонок...)
  2. Қыста келген, көктемде еріген (қар, снег...)
  3. Жесең ащы,  
Көзінен шығар жасы. (пияз, лук...)
  4. Қабат, қабат қаттама,  
Ақылың болса аттама. (кітап, книга...)
  5. Түк білмей барасың,  
Тәлімін аласың. (мектеп, школа...)
  6. Табаныма байладым,  
Қос аяқпен айдадым. (шаңғы, лыжи...)
  7. Аспанға ұшар бу болып,  
Жерге қайтар су болып. (бұлт, облака...)
- (Әділқазылар шешімі).

**V тур – «Кім жылдам»? Шашыраңқы сөздерден сөйлем құру.**

1. Бейнеленген, қанатты, жағында, екі, елтаңбаның, пырақтар. (Елтаңбаның екі жағында қанатты пырақтар бейнеленген).
2. Біздің, білдіреді, шаңырақ, біртұтастығын, Отанымыздың. (Шаңырақ біздің Отанымыздың біртұтастығын білдіреді).

**VI тур. 1. Барыс септігіндегі сөз тіркесін табу:**

а) қаладан келу; ә) қаланың іші; б) қалаға бару.

**2. Табыс септігіндегі сөз тіркесін табу:**

а) ауылдың маңы; ә) ауылды жақсы көру; б) ауылға кету.

**3. Шығыс септігіндегі сөз тіркесін табу:**

а) оқушыдан сұрау; ә) оқушыны көру;

б) оқушыға қарау.

**4. Көмектес септігіндегі сөз тіркесін табу:**

а) кітапты алу; ә) кітапқа қарау; б) кітаппен келу.

### **5. Ілік септігіндегі сөз тіркесін табу:**

а) мұғалімнің сөзі; ә) мұғалімді сыйлау;

б) мұғалімге бару.

(Әділқазылар шешімі).

### **VII тур - «Жорға». Екі сайыскерге берілетін сұрақ.**

#### **Жылдам жауап беру.**

#### **1-ші ойыншыға қойылатын сұрақтар:**

1. Республика күні (25 қазан).

2. «Оқушы» сөзінің синонимі (шәкірт).

3. Киіз үйдің төбесі (шаңырақ).

4. Еттен дайындалатын тағам (асата – бесбармақ).

5. «Жалғау» сөзінің орысша аудармасы (окончание).

6. Бала оқытатын адам (мұғалім).

7. Аптаның бірінші күні (дүйсенбі).

8. Біздің қаламыздың аты (Қарағанды).

9. Мемлекеттік әнұранның авторлары (Ж.Нәжімеденов,

Н.Назарбаев).

10. Шығыстың Аристотелі ( әл Фараби).

#### **2-ші ойыншыға қойылатын сұрақтар:**

1. Тәуелсіздік күні (16 желтоқсан).

2. «Мұғалім» сөзінің синонимі (ұстаз).

3. Бие сүтінен дайындалатын тағам (қымыз).

4. Орта жүздің биі ( Қазыбек би).

5. Аптаның соңғы күні (жексенбі).

6. «Корень» сөзінің аудармасы (түбір).

7. Адамды кім емдейді? (дәрігер).

8. Қазақстандағы қасиетті жер (Түркістан).

9. Қалаға немен барасың? (автобуспен).

10. Мемлекеттік елтаңбаның авторлары (Шота Уәлиханов,

Жандарбек Мәлібеков).

(Әділқазылар шешімі).

### **VIII. Қорытындылау.**

- Мінекей, осылайша бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз. Барлық қатысқан оқушыларға алғысымды білдіремін. Осы сабақта сендер өздеріңнің білімдерінді, өнерлерінді көрсете білдіңдер. Сайыс болғаннан кейін жеңген де болады, жеңілген де болады. Келешекте білімдерінді одан әрі шыңдай беріңдер.

Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,  
Қазақ тілін білмеу – қандай заңдылық?  
Өсер болсаң, байтақ далам тұрғанда,  
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!– дей отырып, бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.



Индира МҰСТАЖАПҚЫЗЫ,  
Батыс Қазақстан облысының  
Теректі ауданындағы  
№11 кәсіптік лицейдің  
оқытушысы.

## МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ЖЫР

**Мақсаты:** топтар арасында М.Мақатаевтың шығармаларын насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау, оқушылардың поэзияға деген құштарлықтарын арттыру, өлең сөздің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету, өз ой-пікірлерін ғылыми тұрғыда жеткізе білулерін дамыту, жас ұрпақтың өмірге деген құштарлықтарын рухани байыту, тарихи танымын қалыптастыру.

**1-жүргізуші:**



- Қуат алып Абайдың тіл күшінен,  
Жыр жазғанмын Абайдың үлгісімен!  
Абай болып табынсам бір кісіге,  
Абай болып түңілем мың кісіден  
\*\*\*                      \*\*\*                      \*\*\*

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,  
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін.

**2-жүргізуші:** - Мұқағали Абай өлеңдерін оқып, үйреніп, үлгі алған. Ұлы ақын Абайдың өлеңге қойған мақсатын орындай отырып, өз мақсатым деп білген қазақ халқының өте дарынды ақындарының бірі.

**1-жүргізуші:** - Махамбет пен Абайдан бірдей қуат алып өскен Мұқағали Мақатаев – туған ел мен туған жерге деген сүйіспеншілік, Отанға деген махаббат сезімін, өзінің ұлтын, туған тілін ана тіліндегі дәстүрлі өлең өрнегін ерекше құрметтеген ақын.

**2-жүргізуші:** - Ақын өмірінде ауылдық кеңестің хатшысы, әдебиет пәнінің мұғалімі, республикалық газеттің тілшісі, қазақ радиосының дикторы, «Жұлдыз» журналының әдеби қызметкері, Жазушылар одағы поэзия бөлімінің жастар жөніндегі кеңесшісі міндеттерін атқарды. Көптеген жинақтарын оқырман қауымына ұсынды: «Армысыңдар, достар», «Шуағым менің», «Дарига жүрек», «Өмірдастан», «Өмір-өзен», «Аққулар ұйықтағанда», т.б

**1-жүргізуші:** - Ол аударма саласында да ерінбей еңбек етті. Орыс тілін жетік білген. Дантени шығыс халықтар ішінде ең алғаш аударған – Мұқағали. Уайт пен Шекспир сынды классиктерді, Акоп Акопьян, Файзолла Ансори, Федор Моргун, Евгений Евтушенко сынды әр ұлттың белді ақындарын қазақ тілінде сөйлетті. Бүгінде М.Мақатаевтың 35 мың жолға жуық өлеңі поэзия сүйер қауымның іздеп жүріп оқитын жырына айналды.

**2-жүргізуші:** - Мұқағалидың ақын ретіндегі басты тақырыбы – өлең өнері.

Ақын өлеңінің жақсылығы – халқының қажетіне, рухани азығына айналған құндылығын көрсетеді. Мәңгілікке тот баспайтын асыл жырларын келер ұрпаққа жеткізетінде – өзіміз. Бүгінгі жыр додасы Мұқағали сынды өр ақынның рухына арналады.

**1-жүргізуші:**

- Қалқам, мен Лермонтов, Пушкин де емен,  
Есенинмін демедім ешкімге мен.  
Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,  
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.

**2 жүргізуші:**

- Ақынмын деп мен қалай айта аламын,  
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.  
Күпі киген қазақтың қара өлеңін  
Шекпен жауып өзіне қайтарамын, – деп ақын өте қарапайымдылықпен халық жүрегіне өлеңінің өрнегін салып кеткен.

**1-жүргізуші:** - Міне, біз бүгін қазақ поэзиясының пайғамбары, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына арналған жыр кешіне жиналып отырмыз. Ендеше ақын тойы – халық тойы. Баршаңыз да қош келдіңіздер!

**2-жүргізуші:** - М.Мақатаевтың мерейтойына арналып лицейімізде өткелі отырған «Мұқағали – мәңгілік жыр» атты топтар арасындағы командалық сайысты ашық деп жариялаймыз.

Ортаға қатысушы топтарды шақырамыз.

Қазылар алқасы таныстырылады.

Қатысушы топтар ортаға шығады, рет сандарын алады.

**1-жүргізуші:** - Бүгінгі сайыстың шарттарымен таныстырып өтейік:

Ең әуелі әр команда өздерін, топтың атын, эмблемасын таныстырады.

1-бөлім – «Поэзия, менімен егіз бе едің?!». Ақынның бір өлеңіне композициялық көрініс.

2-бөлім – Викториналық сұрақтарға жауап. Сұрақ ақын шығармаларынан қойылады.

3-бөлім «Жырлайды жүректе» ақын әндерін орындау. (кез келген музыкалық аспапта).

Әр топ өзін таныстырып өтеді.

1-нөмірлі топ бірінші бөлімді көрсетіп болғаннан кейін екінші топ шақырылады. Осылай топтар бірінші бөлім бойынша өз өнерлерін көрсетеді.

2-бөлім бойынша викториналық сұрақтар оқылады:

1. Мұқағали қай жерде дүниеге келген?
2. Мұқағали кім болған?
3. Ақынның замандастарынан кімдерді білесіңдер?
4. Ақынның поэмаларын ата.
5. Ақынның әнімен айтылатын өлеңдерін ата.
6. Атақты грек-рим күресінің палуаны Мұқағалидың досы, құрдасы кім?
7. Ақын Батыс Қазақстанға келгенде қай өңірде болды, сол жерге өлең шығарған ол қай жер?
8. Мұқағали қай жылы дүниеге келген?
9. Ақынның жарық көрген қандай шығармалар жинағы бар?
10. Мұқағалидың «Тау» тақырыбындағы өлеңдерін атаңдар.
11. Жоңғар шапқыншылығы жылдарында ерлік көрсеткен қазақ батыры жайындағы шығармасы қалай аталады?
12. Ақынның «Анау-аспан, мынау-бақ» өлеңі қандай тақырыпта жазылған?
13. Ақынның балалық шағы қай жылдары өтті?

14. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы көлдің аты қалай аталады?
15. М.Мақатаевтың жарының аты кім?
16. «Менің атым – Қожа» фильмінде ақынның қай өлеңі орындалады?
17. Ақынның диалогқа құрылған өлеңдерінен қай өлеңдерін білесіңдер?
18. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында ана неге аққуды атпақ болды?
19. Шетел әдебиетшілерінен кімдердің шығармаларын аударды?
20. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы көл не себептен «Жетім көл» деп аталды?
21. «Сүйгісі келе берер сүйген ерін,  
Сүй, жаным, сүйкімді бір күйге енемін.....» өлеңінің жалғасын оқы.
22. «О, поэзия менімен егіз бе едің,  
Білесің бе мен сені неге іздедім?  
Алауыртқан тандардан сені іздедім.....» өлеңін жалғастыр
23. «Бақыт деген – сенің бала күндерің,  
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.....» өлеңінің жалғасын әрі қарай оқы.
24. «Табыт үні» өлеңін оқып беріңдер.
- 25 «Отыздан асып барамын» өлеңін оқып беріңдер.
26. Мұқағалидың қызының аруағына арнап жазған өлеңі қалай аталады?
27. Поэзиядағы «Пейзаж» дегеніміз не?
28. Ақынның бірнеше актілі драма жанрындағы туындысы қалай аталады?
29. Наурыз тақырыбына арналған өлеңінің аты мен сазын айтыңдар.
30. Ақынның «Бәсіре» деген өлеңі бар, бәсіре

деген не?

### Эллегия «Байқалмай өткен махаббат»

Ән. «Арулар – асыл жандар». Орындайтын – аудандық Мұқағали өлеңдерін орындаушылар байқауының лауреаты Абдрахманова Ұлжан Жұмағалиқызы.

3-бөлім – «Жырлайды жүректе» ақын өлеңдерін орындаудан сайыс.

Әділ қазылар бағасын береді.

«Жазылар естеліктер мен туралы» байқауында ақынның шығармаларына, өмірбаяны мен өмірлік дастандарына тоқталу. Ақын туралы слайд көрсету. Мұқағали – біздің заманымыздағы теңдесі жоқ, орыны ерекше ғажайып ақын. Сөз жоқ, Мұқағали шығармалары оқушысының жүрегіне сәуле түсіреді. Себебі ақын туған жерін, туған халқын, ана тілін жанындай жақсы көреді.

Оның өлеңдеріндегі өмір жайлы толғанысының өзі бір поэма. Сол өлеңдеріндегі өсиет жолдарына көз салалық.

Өмірде қымбат асылдар – күндер,

Өмірде қилы ғасырлар – күндер...

Жылап келіп, келмейді жылап кеткім!

Немесе

Өлі балық жолығар, өлмегенге,

Өлмегенге не жетсін, өлмегенге!

Өмір деген осылай, жаным менің!

Қайтер едік, өмірге келмегенде! – деген жолдары ақынның өмірі де өлең, өнері де өлең екенін көрсетеді.

Ақынның көп өлеңдерінің басты тақырыбы – махаббат тақырыбы.

«Ғашықпын!

Шын ғашықпын сол адамға!

Мен болмасам, болмайын. Сол аман ба?

... Мен өтермін, өтермін, өтермін мен

Мәңгілік сен қаларсың, сағынышым!

....Жарқ етіп сөнген жасындай,  
Өтуі мүмкін жақсы мен жақсы қосылмай» деген өлең жолдарының бәрі де – сағыныштан, көзсіз ғашықтықпен сұлулықты көре білгеннен туған ақиық ақынның ақмаржан жырлары.

Сайыстың қорытындысын анықтау. Жеңімпаздарға сыйлықтар табыс ету.



Анаргүл КӨКЕШЕВА,  
Ақмола облысының  
Степногорск қаласындағы  
№2 «Бестөбе» орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕ – ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНЫ

**Мақсаты:** оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту арқылы таным, білім дағдыларын қалыптастыру.

**Түрі:** сайыс сабақ. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта.

**Мұғалімнің сөзі:** - Бүгінгі біздің «Әдебиет әлемінде» атты зияткерлік ойын сабағымызға қош келіпсіздер!

Сендер қазақ әдебиетінен қаншалықты білімдерің бар екендеріңді осы сабақта көрсетесіңдер. Сабақ сайыс болғандықтан 2 топқа бөлінеді. Сайысты бастамас бұрын әділқазылармен таныстырып өтейін. Сайысымыз 8 кезеңнен тұрады. Әр кезең 1-5 ұпай аралығында бағаланады.

(Тапсырмалар слайд арқылы көрсетіледі)

**1-кезең. Таныстыру.** Әр топ өздерін таныстырады.

**2-кезең. «Ойлан, тап».** Әр топқа әдеби шығармадан

үзінді беріледі.

Үзінді қай шығармадан, авторы кім екенін көрсету.

**3-кезең. “Теория әлемінде”.** Бұл кезең 2 тапсырмадан тұрады. 1-тапсырма: әдеби терминдерге түсінік беру, 2-тапсырма: Абай өлеңдерін құрылысына қарай талдау.

**4-кезең. «Кино әлемі».** Бұл кезеңде қазақ киноларынан үзінді көрсетіледі, бұл қай шығармадан және авторы кім екенін көрсету. («Менің атым – Қожа», «Көксерек» фильмдерінен үзінді)

**5-кезең. “Өнерпаз болсаң...”** Әр топтан бір оқушы өз өнерін көрсетеді.

**6- кезең. “Сен білесің бе?”** Оқылған өлеңнің тақырыбын, авторын табу. (Төлеген Айбергеновтың «Ана», Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасынан үзінді)

**7-кезең. “Белгілі тұлғалар”.** Белгілі ақын- жазушылардың портреті көрсетіліп, солардың өмірбаянына, шығармашылығына тоқталу.

**8-кезең. «Білімді мыңды жығады».** Бұл кезеңде әр топқа 10 сұрақтан беріледі. Әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады.

**«Жасұлан» тобына:**

1. Әбу Насыр әл Фарабидің өмір сүрген жылдары (870-950 ж.ж.)

2. «Құтты білік» шығармасының авторы кім? (Жүсіп Баласағұни)

3. Махмұд Қашғари кім? (Білімпаз тілші, ғалым, әдебиет үлгілерін жинаушы )

4. «Жалғыздық», «Мұнар күн», «Қызғыш құс» өлеңдері кімнің шығармасы? (Махамбет)

5. Мына өлең жолдары қай шығармадан алынған:

Тұранның елі, шексіз шөлі қандай?

Теңіздей кемері жоқ көлі қандай?

(М.Жұмабаев, «Түркістан»)

6. Кезінде шекара асып кетіп, 40 жылдан соң елге заңсыз оралған қарт жайлы шығарма қалай аталады және авторы

кім? ( Қ.Жұмаділов, «Қаздар қайтып барады»).

7. Әбіш Кекілбаев – «Сыршыл ақын» деп баға берген ақынды ата. (Қадыр Мырза Әли)

8. «Қараш-қараш» оқиғасындағы басты кейіпкерлер кімдер? (Бақтығұл, Тектіғұл, Қатша, Сәлмен, Жарасбай болыс ...)

9. Қорқыт жайлы не білеміз? (Өмірбаянына тоқталу)

10. «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандарын жазған ақынды ата. (Ж.Жабаев)

### **«Топжарған» тобына:**

1. «Хикметтер» еңбегінің авторы кім? (Ахмет Иассауи)

2. Тұңғыш қазақ романы кім, роман қалай аталады және қашан жазылды? (Міржақып Дулатұлы, «Бақытсыз Жамал», 1910 ж.)

3. Мына өлең жолдары қай шығармадан алынған және авторы кім?: «Сауып ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ, Ақша деген мал шықты.» (Шортанбай Қанайұлы, «Зар заман»)

4. Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты драмасында хат жазған бесеу кім? ( Мүсірепов, Ғатауллин, Алтынбеков, Қуанышев, Дәулетқалиев)

5. «- Ей! Кімсің? Тірісің бе? Аққуды неге атасың, арың бар ма?»- бұл қай шығармадан алынған және авторы кім? (М.Мақатаев, «Аққулар ұйықтағанда»)

6. XX ғасыр Гомері атанған ақын кім? (Жамбыл Жабаев)

7. Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» шығармасында неше кейіпкер бар, олар кімдер? (әкесі, қызы Жаңыл, күйші Естемес, әкесі Оразымбет)

8. «Қалқаман-Мамыр» поэмасының авторы кім? (Шәкәрім Құдайбердіұлы)

9. «Диуани лұғат-ат-түрк» кітабының авторы кім? (Махмұд Қашғари, «Түркі сөздерінің жинағы»)

10. «Қыш кітап», «Аз и Я» кітаптарының авторы кім? (Олжас Сүлейменов)



Шолпан Әблемова,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Петропавл қаласындағы  
Бірінші қалалық  
білім беретін лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН ЛЕКСИКА- ГРАММАТИКАЛЫҚ СҰРАҚТАР

(11-сынып)

1. Тек орыс тілінен енген сөздерде қолданылатын белгілер: Ы,Ъ.
2. Үнді дауыссыздар нешеу: 7.
3. Сөйлемнің неше тұрлаусыз мүшелері бар: 3.
4. Бастауыш пен баяндауыштан тұратын сөйлем: жалаң.
5. Құрмалас сөйлемнің түрлері: сабақтас, аралас, салалас.
6. Қыста ауа райы қандай болады: суық.
7. Күріш қай облыста өсіріледі: Қызылорда.
8. Қазақ музыкасын зерттеген, насихаттаған композитор: А.Затаевич.
9. Есімшенің жұрнақтары: -ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтын, -йтін.
10. Ата Заң неше тараудан тұрады? 9.
11. Шоқан Уәлиханов: ғалым.
12. «Кім? Не?» деген сұрақтарға жауап беретін сөйлем мүшесі: бастауыш.
13. «Көгілдір, сұлу» сөздері қай сөз табынан: сын есім.
14. Бір тәулікте неше сағат: 24.

15. Мұсылман мәдениетінің орталығы болып саналатын қала: Түркістан.
16. Ғалым Ғұбайдолла Айдаровтың зерттеген саласы: көне түркі жазулар.
17. Қазақстандағы христиандар мейрамдары: рождество, пасха.
18. Шығыс қыздарынан тұңғыш рет Батыр атағын алған: Ә.Молдағұлова.
19. Қазақ әліпбиінде қанша әріп? 42.
20. Есіл бойында, Сарыарқа жерінде орналасқан қала: Астана.
21. Адамдардың қысқы киімі: тон.
22. Елтаңбаның төменгі жағындағы жазу: «Қазақстан».
23. Астанаға дейінгі Қазақстанның астанасы: Алматы.
24. Жыл басы, қыстың ортасы болатын ай: қаңтар.
25. Реттік сан есімнің жұрнақтары: -ыншы, -інші, -ншы, -нші.
26. Заттың меншіктілігін білдіретін қосымша: тәуелдік жалғау.
27. Дейін, кейін - шылаудың қай түрі: септеулік.
28. Жәңгір ханның хан болып, тарихта қалған баласы: Тәуке хан.
29. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан.
30. Бастауыштың сұрақтары: кім? не? кімдер? нелер?
31. Сөйлемде сан есім ненің қызметін атқарып тұр: *Бірінші байлық – денсаулық.* Анықтауыш.
32. Қазақстанның ең терең көлі: Алакөл.
33. Қазақстанның оңтүстік шығысында және шығыста шектесетін ел: Қытай.
34. «Музыканың ұлы кітабы» деп аталатын еңбекті жазған ғалым: Әбу Насыр әл Фараби.
35. Атау септіктің сұрағы: кім? не?

36. Алматы қаласының астана болған жылдары: 1929–1997.
37. Қазақстанның ең тұщы көлі: Марқакөл.
38. Оқу жылы қай айда басталады: қыркүйекте.
39. Сан есім тұлғасына қарай бөлінуі: негізгі, туынды.
40. Ұлттық валютамыз айналымға енгізілген жылы: 1993.
41. «Қазақфильм» киностудиясы кімнің атында: Ш.Айманов.
42. XVIII ғасырда қазақ халқының бостандығы үшін күрескен хан: Абылай хан.
43. Қыран құс баулитын адамды қалай атайды: құсбегі.
44. Шешесінің әкесі балаға кім болады: нағашы ата.
45. Ұлы жүздің төбе биі: Төле би.
46. Қазақ тіліне тән дыбыстар саны: 9.
47. Қазақ тілінде буынның неше түрі бар: 3.
48. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш.
49. Үндестік заңындағы үндестіктің атаулары: буын үндестігі, дыбыс үндестігі.
50. Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау Қазақстанның қай аймағында орналасқан: батыс.
51. Бала мектепке алғаш барғанда жасалатын той: тілашар.
52. Сөйлемнің айтылуы мен дауыс ырғағына (интонациясына) қарай бөлінуі: хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті.
53. Көшпенділердің баспанасы: киіз үй.
54. Лексика нені зерттейді: сөз мағынасын.
55. Жамбыл, Шымкент облыстары Қазақстанның қай аймағында орналасқан: оңтүстігінде.
56. Баяндауышы антоним болатын салаластың түрі: қарсылықты.
57. Қазақстан Туы мен Елтаңбасы қандай түсті:

көк және сары түсті.

58. Қазақстан Республикасының елордасы:

Астана қаласы.

59. Заттың ретін білдіретін сөз табы: сан есім.

60. Мұқан Төлебаев кім? Композитор.

61. Қазақстан Республикасының Конституция күні:

30 тамыз.

62. Шартты райдың жұрнағы: -са, -се.

63. Қазақ драма театрының ең бірінші қойған пьесасы:

«Еңлік-Кебек».

64. Төле бидің өмір сүрген уақыты: 17-18 ғасыр.

65. Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары: сұраулық есімдік, шылаулар.

66. «Медеу» мұз айдыны орналасқан қала: Алматы.

67. Жетіге дейін саналатын сан есім: жинақтық.

68. Ғарышқа тұңғыш жол салған қазақ жері:

Байқоңыр қаласы.

69. Туынды зат есім жасаушы қосымша: жұрнақ.

70. Қазақстанның күн шығысындағы облыс орталығы:

Өскемен.

71. Мизам мейрамы қай кезде болады: күзде.

72. Бітеу буынды киіз үйдің ағашының атауы: уық.

73. Барлық буында жазылатын дауысты дыбыстар:

а, ы, і.

74. Елтаңбадағы бес құрлықты білдіретін бейне:

жұлдыз.

75. Бір отбасындағы 2 қыз бала бір-біріне кім болады:

апалы-сіңлі.

76. Сын есім нені білдіреді: заттың сынын.

77. Сарыарқаға жататын қалалар:

Қарағанды, Жезқазған, Павлодар.

78. Дауысты дыбыстардың түрлері: жуан, жіңішке.

79. Мезгіл пысықтауыштың сұрағы: қашан?

80. Алтын адам табылған жер: Алматы облысы, Есік қорғаны.
81. Әкесінің әкесі баласына кім болады: ата.
82. Реттік сан есім нені білдіреді: заттың ретін.
83. *Үшін, туралы, жайлы* шылаулары қай септіктен кейін келеді: атау.
84. Тұрлаулы сөйлем мүшелері: бастауыш, баяндауыш.
85. Алматы және Талдықорған өңірлерінің атауы: Жетісу.
86. Қазыбек би қай жылы туған: 1667 ж.
87. «Көктемде» қандай сөйлем мүшесі болады: пысықтауыш
88. Рәміздердегі сары түс ненің белгісі: байлықтың .
89. Жоғары оқу орнына түсетін бала: талапкер.
90. «Қой аузынан шөп алмас» фразеологиялық тіркесінің антонимі: тентек.
91. Е.Брусиловский «Гэкку» әнін қай операда пайдаланды: «Қыз Жібек» операсы.
92. Бірінші қоңырау қашан соғылады: 1 қыркүйекте.
93. Ертеде киіз үйдің ортасына қандай темір ошақ қойылған: үш сирақты.
94. Қазақстанда мекендейтін аң: түлкі.
95. Бір айда неше апта бар: төрт.
96. Кім? Не? Қандай? есімдіктің қай түріне жатады: сұрау.
97. «Қансонарда бүркітші шығады аңға ...» өлеңінің авторы: Абай.
98. Наурыз мерекесінде пісірілетін тағам: көже.
99. Көктемнің алғашқы гүлі: бәйшешек.
100. Еңлік, Қыз Жібек бейнелерін ойнаған бұлбұл әнші: К.Байсейітова.

## 10-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ ДИКТАНТТАРЫ

**Бақылау жұмыстарының мақсаты:** 2010 ж. бағдарламасында қазақ тілі пәні бойынша қамтылған тақырыптар негізінде оқушылардың білімдерін, сауаттылықтарын бақылау, қатесіз жазу біліктіліктерін арттыру, таза және сауатты жазуға тәрбиелеу.

### 1-тоқсан.

#### Қазақ отбасы.

Отбасымызда әке мен шешенің орыны ерекше. Әке – отбасының тірегі. Ананың да орыны ерекше. Ата-ана балаларының тәрбиесіне жауаппен қарауға тиіс болса, балалары есейгенде әке-шешелеріне қамқоршы болуға тиіс. Ата-анаңның алдында шыншыл бол. Атаң мен анаң саған өмір сыйлады. Олардың есіл-дерті – сенің бақытты болуың.

Сенің адал өмір сүруің, еңбексүйгіштігің, оқу мен еңбектегі табыстарың – ата-аналарың үшін айтып жеткізгісіз зор бақыт. Өз үйіңнің бағын жандыра біл. Ананың жүрегін сезе біл, анаңның көз жанарынан хошы мен тыныштықты, бақыт пен қуаныш нұрын, беймазалық пен әбігерлікті, қиналыс пен кейістікті көре біл. Жастайыңнан анаңның көзінен жан дүниесін көре білуге үйренбесең, сен ғұмыр бойы адамгершілік тұрғысынан ақ көз болып өтесің. (109 сөз)

## Ұлттық тәрбие

Ұлттық тәрбиенің бірі – сыйластық. Үлкенді сыйлау – қазақ халқының ата салты. Үлкенді сыйлау, ең алдымен, әке мен шешені сыйлаудан басталады. Өз отбасын, ата-анасын сыйламайтын ұл мен қыз басқа адамдарды да сыйлай алмайды. Ата-ана баланы дүниеге келтіріп, өмір береді, тәрбиелеп өсіреді, білім береді. Оған ержетіп, отбасының қамқоршысы болады деп сенім артады. Есейген бала ата-анаға қамқоршы болуға жараса – жігіт болғаны. Ата мен ананың қартайғанда бойынан күш қайтады. Бірақ олардың ақылы, көпті көрген тәжірибесі отбасына үлкен көмегін тигізеді. Әрбір қиын істің шешімін, ең алдымен, ата-ана табады. Ол үшін ата-анамен ақылдасып, олардың пікірін тыңдап отырған орынды. Ата-ананы сыйлаған жастардың өз балалары да кейін соны қайталайды. Ата-ананың ісінен үйреніп қана қоймай, олардың тәрбиесін бойға сіңіре білу – әр баланың парызы. (106 сөз)

### **Орамал тон болмайды, жол болады**

Қазақ халқының ұлттық-мәдени игіліктерінің ішінде, ел дәстүрлерінің қазынасында бата сөздерінің мән-мағынасы, сымбат-көркі айырықша бағалы. Өйткені қанымызға сіңісті, жанымызды серпілтетін, марқайтып, қанағаттандыратын осынау ақыл, нақыл сөздер – ұлттық тәлім-тәрбиенің бастау бұлағы. Аталардың қасиеті, өсиеті замандар бойы мысқалдап жиналып, ақыл елегінен өткізілген өмір тәжірибесінің, тарихи сананың даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспетті.

Бата нәресте дүниеге келгенде, бесікке салғанда, атқа мінгенде, ұл үйленгенде, келін түсірілгенде, қыз ұзатқанда, жолға, аңға шыққанда, қажылық сапарға аттанарда, ас қайырғанда, мал сойғанда, мүшел тойларда, ұлыстың ұлы

күндерінде беріледі. Тойлардан кейін қонақтар үйлеріне кетерде үй иесі қонақтарға кішкентай сыйлық таратады. «Орамал тон болмайды, жол болады» деген қағида осыдан қалса керек. Сыйлықты қонақтар ырым болсын деп алады. (103 сөз)

### **Ата-ана**

Ата-ананы сыйлау – тілсіз кіріптарлық емес... Ата-ананың құптауынсыз істеуге болмайтын нәрсеге олардың рұқсат, ризалығын ал. Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр тіркесте бар. Ол – көркем, сүйкімді де ұлы сөз. Бесікте жатқан бала соны айтып былдырлайды. Ана – барлық адамның және бүкіл дүниенің символы...

Ана баласын, ол әйгілі немесе елеусіз болсын, бәрібір сүйеді, ана үшін «бұл менің ұлым» деген қарапайым да жоғары қастерлі бір-ақ ұғым бар. Ана одан басқа ештеңе білмейді. Ана – адамдар үшін ең биік мәртебе! Қартаң адамдардың өнеге айтып, ақыл-кеңес беруге қақысы бар. Олардың уәжін қадір тұту керек. Ата-ананың алақанында тербетіліп, тәрбие алған бала мейірімді болады. Балалардың міндеті ата-ананың еңбегін ақтау, оларды ренжітпеу деп айта аламыз. Ата-ананың көңіліне кейістік сала көрмейік. (108 сөз)

### **2-тоқсан.**

#### **Қара шаңырақ.**

Қазақ отбасында кенже ұл – шаңырақ иесі.

Әке-шешені асырау осы кенже ұлдың міндеті. Бұл «үлкен» үй деген мағынаны білдіреді.

Кенже бала – отбасындағы ең кіші бала, кіші ұл. Кенже бала әке-шешесімен тұрады. Кенже баланың өз отбасы болса да, ата-анасымен бірге тұрады.

Кенже бала – қара шаңырақ иесі. Қара шаңырақ – үлкен үй, әке-шеше үйі. Қара шаңыраққа осы отбасының барлық



балалары, туыстары жиналады. Әке-шеше қара шаңырақты кенже ұлына береді. Бұл дәстүрдің мәні зор. Қара шаңырақта балаға туыстарын, нағашыларын, ата-бабасын, үлкен аталарын, жеті атасын үнемі айтып отырған.

Егер «қара шаңырақ» батыр, би, әулие, молда, сыйлы кісілердің үйі болса, онда сол ауылдың адамдары алыс сапарға шықса немесе алыстан адам келсе сол үйден ырым қылып дәм татады. (111 сөз)

### **Қаныш Сәтбаев**

Қаныш Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған.

Қаныштың әкесі Имантай ауылда би, қажы болған.

Бала кезінен алғыр, зерек болған Қаныш ауыл молдасынан хат танып, ауылдық орыс-қазақ мектебін, Павлодар қаласындағы екі сыныптық училищені, Семейдегі оқытушылар семинариясын да жақсы оқып бітірген. 19 жасында мұғалімдер курсына сабақ берді және өзі туған Баянауыл ауданында халық соты болды. 20 жасында Томск технологиялық институтының геология факультетіне оқуға түсті. Ғалымның Қазақстанда болмаған жері жоқ десе де болғандай. Қарсақбай мен Жезқазғанда мыс кенін, Екібастұз көмірін ашты. Содан кейін ол жерлерде үлкен зауыттар мен комбинаттар ашылды. Қаныш Қазақстанның кен қорларының картасын жасады.

Ал 1946 жылы Қ.Сәтбаев Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті болды. Ғылымдағы ерен еңбегінің арқасында академик дәрежесіне жетті. (110 сөз)

### **Ғалымдар**

Адамзатты өркениетке жеткізген нәрсе – ғылым. Ғылымды дамытатындар – ғалымдар. Ғалымдар – өз елін, жерін, туған халқын сүйген ойшыл, данышпан адамдар. Олар жазған ғылыми еңбектер, жаңалықтар қашан да халқына, Отанына

қызымет етеді. Қазақ халқында ерте заманнан осы уақытқа дейін қаншама ғұлама ғалымдар өзінің күш-қайратын, ақыл-ойын ғылымға арнаған. Орта ғасырда өмір сүрген Әбу Насыр әл Фараби – әлемге әйгілі ғалым. Шоқан Уәлиханов – саяхатшы, этнограф, тарихшы, географ, өнертанушы. Ахмет Байтұрсынұлы – тіл білімінің атасы, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі. Мұхтар Әуезов – абайтанушы, ғұлама ғалым. Академик Қаныш Сәтбаев – аса көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, алғашқы академик. Әлкей Марғұлан – тарих, әдебиет, өнер, археология, этнография, сәулет өнерін меңгерген академик, профессор.(105 сөз)

### **3-тоқсан.**

#### **Қазақстан.**

Қазақстан – көп диаспоралы егеменді мемлекет. Халқының саны – 15 миллионнан астам.

Археологтардың айтуы бойынша, Қазақстан жерін алғаш адамдар бұдан 300 мың жыл бұрын мекендеген. Қазіргі Қазақстанның 14 облысында 126 ұлттың өкілдері тұрады.

Қазақстан батысында Каспий ойпаты, шығысында Алтай тауларына дейін үш мың шақырымға, солтүстігінде Батыс Сібір, оңтүстігінде Тянь-Шянь шыңдарына дейін бір мың бес жүз шақырымға созылып жатыр.

Жер көлемі 2,7 миллион шаршы шақырымнан асады.

Республиканың оңтүстік аудандарында күріш, қант қызылшасы, мақта, жүзім, алма, қарбыз, қауын, әр түрлі дәрілік шөптер мен толып жатқан өсімдіктер өсіріледі.

Республиканың солтүстігінде астық пен көкөністер жақсы өседі.

Қазақстанның жері пайдалы кендерге өте бай, жер шарында кездесетін кен байлықтарының бәрі бар.

Мен Қазақстанда тұрғаныма мақтанамын. (107 сөз)

## Қарағанды

Қазақстанның орталығында Қарағанды облысы орналасқан. Облыстың орталығы – Қарағанды қаласы. Қарағанды облысының көлемі үлкен. Мысалы, Италия, Бельгия, Нидерландия сияқты үш мемлекеттің жер көлемін қосқанда бір Қарағанды облысына әзер жетеді.

Облыс картасына көз жіберсек, Жезқазған, Жезді, Қантөбе, Теміртау, Ұлытау деген жерлер бар. Бұл атаулардың өзі-ақ айтып тұр. Бұл жерде жез, темір сияқты қазба байлықтар болғандықтан, осылай айтылғаны айдан анық. Қарағандының өзінде қара алтын шығады. Қара алтын дегеніміз – көмір. Көмірдің түсі қара, бірақ пайдасы мол. Көмірмен үй жылытады. Көмір электр жарығын береді.

Нұра өзеніне таяу жерлерде Жаманкөл, Шөптікөл, Маржанкөл, Ағаштыкөл, Шұңғылкөл, Балықтыкөл, Шошқакөл, Сұлукөл сияқты көлдер бар. Қарағандының Қарқаралысындағы Шайтанкөлдің өзі – бір керемет, кереметтігі сонша – халық аңыздармен ауыздарын толтырып айтады (108 сөз).

## Жарнама

Жарнама – деген сөз француз тілінен жар салу деген ұғымды білдіреді. Жарнама дегеніміз тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама: белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу.

Жарнама көпшілік ақпарат құралдары: теледидар, радио, газет, интернет, плакаттар, т.б. арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның ақылы түрі болып табылады.

Жарнаманың түрлері көп: сату орынындағы жарнама, хабарламалық жарнама, сауда және көлік жүйесіндегі

жарнама, көше жарнамасы, ауызша жарнама, баспалық жарнама, т.б.

Ежелгі Грекия мен ежелгі Римде жарнама хабарландыруларын тақтайларға жазып, халық көп жиналатын алаңдарда айғайлап жар салатын болған. Баспаға басылған жарнамалар Англия мен Францияда XVII ғасырда пайда болды.

Жарнама қазақ халқына да ежелден белгілі. Оның ауызша үлгілері фольклорлық әдебиетте «жарлық шашу», «жар салу» ұғымдарымен берілген. (121 сөз)

#### **4-тоқсан.**

#### **Мамандық.**

Мамандық таңдау – әрбір мектеп бітіруші түлектің мақсаты. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» дейді халық. Барлық адам баласының арманы болады. Мамандықпен өнерді өз қабілетіне қарай таңдап алады. Өмірде мамандықтың түрі өте көп. Халық алдына шығып ән салатын әнші болу. Адам өмірінің арашасы болатын ақ халатты дәрігер болу. Шәкірттерді білімге жетелейтін ұстаз болу. Адам жас кезінен бастап өзінің жүрегі қалаған мамандығына қарай бейімделе бастайды. Терең білім алуға талпынады. Өз бетінше ізденеді. Көп оқиды. Инженер, дәрігер, мұғалім, ғалым, журналист болу үшін оқу керек. Бақташы, сауыншы, егінші, шопан болу үшін ауылда жұмыс істеу керек. Ал жақсы жұмысшы, кенші, құрылысшы болу үшін өндірісте еңбек ету керек. (110 сөз)

#### **Еңбектің наны тәтті**

Нан – өлең-жырдың арқауы. Барлық заманның ақын-жазушыларының ең тамаша шығармалары нан туралы жазылған. Күнсіз, сусыз, ауасыз өмір болмайтыны сияқты нансыз да өмір болуы мүмкін емес. Халық «Наны бар дастарқан – молшылық, наны жоқ дастарқан – жоқшылық»

дейді. Әлімханмен баласы, атасы ауыл аралап келеді. Тұста үй іргесіне бау-бақша егілген. Күз мезгілі. Бірде Сәкен мектептен келе жатыр еді. Сөмкесіндегі катыңқырап қалған нанды алып, лақтырып тастады.

- Әй, балам-ай, нанның қадірін білмейсің. Мына біздер, бүкіл ауыл азаматтары, егінжайда астық үшін еңбек етіп жүрміз. Ал сендер аппақ нанды үзіп-жұлып жеп, қалғанын жерге тастайсыңдар,- деді ренжіп әкесі. Ол үндемей келе жатты да:

- Кешіріңізші, көке!- деп артқа қарай жүгіре жөнелді де, жаңағы тастаған нанын алып келді. (109 сөз)

### **Бақыт кілті – еңбекте**

Бұрынғы заманда бір бала болыпты. Өзі жалқау екен. Ол балаға бәрі де дайын. Өйткені оның әкесі бай еді. Бір күні оның әкесі қайтыс болыпты. Бала барлық байлықты шашыпты. Ақшаны қалай болса солай жұмсайды. Сосын бір күні ақшасы бітіп қалады. Бала не істерін білмеді. Оның барлық киімі тозып бітті. Сосын жаман-жаман киімін киіп, қолына дорбасын ұстап, қайыр тілеп жүрді. Бірақ балаға ешкім тиын тастамайды. Бір күні бала ұйықтап жатқанда түс көреді. Түсінде әкесі: - «Ақша, байлық, бақыт – бәрі еңбекпен келеді», - деген. Бала шошып оянып, өзінің қателігін түсінеді. Күні-түні еңбек етіп, байып, мұратына жетеді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей». Бақыттың кілті – еңбекте екен, сондықтан еңбек етіп бақытты болайық. (107 сөз)

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Р.Баттал. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. А., «Жеті жарғы», 2001.
2. Р.Смағұлова, Б.Тауықбаева. Диктанттар жинағы. Аймақтық баспа орталығы, 2006.
3. Ж.Қалиева. Диктанттар жинағы. Қостанай, 2007.

Сағдат ЖАРҚЫНБЕКОВА,  
Қарағанды облысының  
Шет ауданындағы  
«Көктіңкөлі» орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## 10-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ЕМТИХАН БИЛЕТТЕРІ

### 1-билет

1. Көне жазба мұралары қай ғасырда пайда болды?
2. Қазақ тілі мен түркі тілінің айырмашылығы қандай?
3. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жаса:

*Қоңырау соғылып, оқушылар сыныпқа кірді.*

### 2-билет

1. Ислам дәуіріне қандай шығармалар жинағы жатады?
2. Алтын Орда-Қыпшақ дәуірі қай ғасырда пайда болды?
3. Мына сөйлемге фонетикалық талдау жаса:

*Әр бейсенбі сайын сенбілік болады.*

### 3-билет

1. Тілдің қоғамдық қызметі дегеніміз не?
2. Ұлттық дәстүрге байланысты ырымдарды атау
3. Мына сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

*Сара емтиханға көп дайындалған соң, жақсы тапсырды.*

### 4-билет

1. Бата, тілек, алғыс сөздерді ата.
2. Тыйым сөздер дегеніміз не?

3. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жаса:  
*Кеш бойы Абай Пушкинді қайта оқумен болды.*

### 5-билет

1. Қоғамдық қатынастағы ұлттық тілдің мәні қандай?
2. Әдеби тіл дегеніміз не?
3. Мына сөйлемге фонетикалық талдау жаса:  
*Олар ертең ауылға барады.*

### 6-билет

1. Көркем әдебиет тілі дегеніміз не?
2. Ресми іс қағаздарына нелер жатады?
3. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жаса:  
*Бүгін күн жылы болғандықтан, олар далаға шықты.*

### 7-билет

1. Ауызша сөйлеу дегеніміз не?
2. Ауызекі сөйлеу тілінің стильдік ерекшелігі қандай?
3. Мына сөйлемге морфологиялық талдау жаса:  
*Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді, бірақ талған жоқ.*

### 8-билет

1. Дауыс ырғағы не үшін қажет?
2. Табу сөздерінің ерекшелігін ата
3. Мына сөйлемге фонетикалық талдау жаса:  
*Мен газет оқып отырмын да, ол хат жазып отыр.*

### 9-билет

1. Жұрт алдында сөйлеу әдебі дегеніміз не?
2. Жұрт алдында сөйлеу әдебінің ерекшелігін ата
3. Мына өлең жолдарына морфологиялық талдау жаса:  
*Жұрттан бұрын күн тұрады,  
Дала нұрмен құлпырады.*

### 10-билет

1. Сөз қолдану мәдениеті дегеніміз не?
2. Қазақ халқы қандай үш түрлі жазу жүйесін қолданған?

3. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жаса:

*Жақан таныс болғандықтан, мен оған ішкі сырымды баяндадым.*

### 11-билет

1. Сөз дәлдігі дегеніміз не?
2. Тұрақты тіркестер дегеніміз не?
3. Мына мақал-мәтелге фонетикалық талдау жаса:

*Туған жерге туың тік.*

*Тас-тілдің қамалы.*

### 12-билет

1. Тұрақты сөз тіркестерінің белгілерін ата.
2. Идиома дегеніміз не?
3. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жаса:

*Күз келіп, күн суыта бастады.*

### 13-билет

1. Фраза мен идиоманың айырмашылығы қандай?
2. Сөйлеудегі сөз бен мағына бірлігі қандай болу керек?
3. Мына сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

*Бұл жолы да ол сол әдетінен жаңылған жоқ.*

### 14-билет

1. Сөйлеудегі қосымша құралдарды ата.
2. Механикалық ым-ишара дегеніміз не?
3. Мына сөйлемге фонетикалық талдау жаса:

*Жанар сабақты өте жақсы оқиды.*

### 15-билет

1. Эмоциялы сөйлесу дегеніміз не?
2. Суреттеме сөйлесу дегеніміз не?
3. Мына сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

*Жол үстінде машина ақырып жүріп келеді.*



### 16-билет

1. Сөз әсерлілігі дегеніміз не?
2. Ауыспалы мағыналы сөз қалай жасалады?
3. Мына сөйлемге морфологиялық талдау жаса:  
*Күн батты да, тау бөктерін қара көлеңке басты.*

### 17-билет

1. Сөз байлығы қалай жасалады?
2. Ауыспалы мағыналы сөз бен тура мағыналы сөздің қандай айырмашылығы бар?
3. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жаса:  
*Оттың жалыны әзір көрінбейді, жаңа тұтанды.*

### 18-билет

1. Портрет дегеніміз не, мысал келтір
2. Пейзаж дегеніміз не?
3. Мына сөйлемге фонетикалық талдау жаса:  
*Жел соқты, жаңбыр жауды.*

### 19-билет

1. Дисфемизм дегеніміз не
2. Диалекті сөздер қалай жасалады?
3. Мына сөйлемге морфологиялық талдау жаса:  
*Көктем келіп, күн жылынды.*

### 20-билет

1. Ресми құжаттардың түрлерін ата.
2. Хаттама дегеніміз не?
3. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жаса:  
*Бүгін күн суық болғандықтан, мен далаға шыға алмадым.*

### 21-билет

1. Сынаптағы бір оқушыға мінездеме бер.
2. Мінездеменің қандай түрлері бар?

3. Мына сөйлемге фонетикалық тадау жаса:  
*Жел соқты, жаңбыр жауды.*

### 22-билет

1. Жеке адамға қатысты іс қағаздар қандай?
2. Өтініш қандай болады?
3. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жаса:  
*Күн ыстық болғандықтан, үйдің іргесі түрулі еді.*

### 23-билет

1. Өз өмірбаяныңды қысқаша айт.
2. Баяндаманың ерекшеліктерін ата.
3. Төмендегі өлең жолына морфологиялық талдау жаса:  
*Біздің дала – бай дала,  
Алтын астық – айнала.*

### 24-билет

1. Хат тілінің қандай ерекшеліктері бар?
2. Хаттың қандай түрлері бар?
3. Төмендегі мақалға фонетикалық талдау жаса:  
*Ұстаздан шәкірт озар.*

### 25-билет

1. Күнделік не үшін қажет?
2. Ауызша әңгімелеу дегеніміз не?
3. Мына сөйлемге фонетикалық талдау жаса:  
*Көктем айы құлпырған ай тәрізді.*

Назира ИНСЕБАЕВА,  
«Бота» балабақшасының  
тәрбиешісі.

Алматы облысы,  
Қарасай ауданы,  
«Үшқоңыр» ауылы.

## ОТБАСЫНДАҒЫ СЫЙЛАСТЫҚ

**Мақсаты:** бір отбасындағы адамдар арасындағы сыйластық қарым-қатынасты қалыптастыру, бір-біріне қамқор болуға, өз отбасын мақтан етуге тәрбиелеу, «Бақытты отбасы», сыйлы отбасы ұғымдарын терең түсіндіру, отбасына байланысты сөздер мен сөздік қорларын көбейту, өлең-тақпақтар, мақал-мәтелдер үйрету арқылы ой-өрістерін, тілдерін дамыту.

**Міндеттері:** отбасындағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту.

- сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту;
- сыйластыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- отбасында өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** отбасы суреті, жүрекшелер, үйдің суреті.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімін ояту.	Шаттық шеңбері. - Сенде де бар отбасы, Менде де бар отбасы. Үлкенде де, кішіде, Отбасы бар әрбір кісиде.	Балалар шеңберде тұрып, қимыл-қозғалыс арқылы өлең жолдарын тәрбиешімен қосылып айтады.

Отбасы бары шуақ қой  
Қуаныш пен қуат қой.  
Армысыңдар, аналар!  
Армысыңдар, әкелер!  
Қайырлы таң, апайлар!  
Қайырлы таң, достарым!

Отбасына арналған сурет  
тақтаға ілініп, сабақты  
түсіндіріп, әңгімелеп  
беремін. «Тату-тәтті отбасы»  
атты әңгімені оқып, оны  
әңгімелеймін.  
Тату-тәтті отбасы.

Ізденіс-  
тер,  
ұйымдас-  
тыру.

Арлан мен Арнұр бес  
жаста, олар балабақшаға  
барады. Балабақша олардың  
үйіне жақын орналасқан.  
Оларды балабақшаға атасы  
мен әжесі апарып, алып  
келеді. Балабақша оларға  
өте ұнайды, достары да  
көп. Сонда да олар үйге  
қайтқанша асығады.  
Өйткені кешке барлық  
отбасы мүшелері үлкен  
дастарқан басына жиналады,  
қызықты әңгімелер  
айтылады. Күнделікті  
кешкі астан кейін атасы  
мен әжесі немерелеріне  
«күндерім, құлыншақтарым,  
ботақандарым» деп еркелете  
отырып, ертегі айтып  
береді. Содан кейін олар  
ата-аналарының ақылдарын  
тыңдай отырып, үлкендерге  
көмектеседі. Гүлдерге су  
құяды, ойыншықтарын  
жинайды, киімдерін реттеп,  
орындарына қояды.

Әңгімені зейін  
қойып тыңдады.

*«Әкемізге еркелеп,  
Анамызды тыңдаймыз.  
Әжем айтар ертегі көп,  
Атамызды сыйлаймыз»,-*  
деп әндетіп те қояды. Атасы мен әжесі немерелерінің ақылдылығына сүйсіне қарап, «Айналайындарым, үлкен азамат болындар, өркендерің өссін!» деп баталарын береді.

Әкесі мен анасы да балаларының ақылды азамат болып өсіп келе жатқандарына қуанады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп олардың тәрбиелі, ақылды отбасында өсіп келе жатқандарына сүйсіне қарайды.

*Сұрақ-жауап арқылы  
балалармен әңгімелесу.*

- Балалар, қалай ойлайсындар, бұл қандай отбасы?
- Отбасында кімдер тұрады?
- Атасы мен әжесі немерелерін қалай еркелетеді?
- Арлан мен Арнұр қандай балалар?
- Отбасында сыйластық бар ма?
- Ата, әжелерің сендерді қалай еркелетеді?

*Тақпақ*

Балалар сұрақтарға белсенді жауап берді.

Диада:

- Мені жақсы көреді,  
Күндей күліп келеді.  
Көп ертегі біледі,  
Маған айтып береді.  
Мен гүлдерді жұлмаймын,  
Торғайларды қумаймын.  
Айтқан сөзді тыңдаймын,  
Апашымды сыйлаймын.

*Дәйек сөз*

Отбасы - үлкен қуаныштың шаттықтың, мейірімділіктің, сүйіспеншіліктің ортасы. Халықта «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген сөз бар. Бала отбасында жақсы тәрбиеленсе, өскенде әдепті, ақылды азамат болып шығады. Отбасы мүшелеріне қашан да көмектесу, қамқор болу, үлкендердің айтқанын тыңдау, үлкенді, кішіні сыйлау, ұқыпты болу әр баланың қолынан келеді. *«Өзіммен-өзім» психологиялық тренингін өткізу.*

*(Әуен ойналады)*

Балалар бәріміз жайғасып отырып, көзімізді жұмып, өзіміздің отбасымызды ең жақын, сүйікті отбасы мүшелерін көз алдымызға елестетейік. Демалыс күндері отбасы мүшелеріміз түгелдей үлкен дастарқан басына жиналды деп ойладық. Бәріміздің жүзімізде қуаныш, бір-бірімізге сүйіспеншілікпен, сыйластықпен қараймыз. Біздің қуанышты сәтімізге ортақтаса Күн сәулесі де үй ішін жылы шуаққа бөлеп тұр. Қандай тамаша, қандай шуақты күн!

Енді, «Әжесі мен Бағлан» көрінісін тамашалаңыздар:

- Жүрегім кім менің?
- Мен.
- Тірегім кім менің?

- Мен.  
 - Жаным кім менің?  
 - Мен.  
 - Сәнім кім менің?  
 - Мен.  
 - Ботақаным, Бағлан қозым,  
 Не деген тәтті баласың,  
 Ой, қарғам менің!  
 - Жоқ, әже, қарғаң мен емес!  
 Жоқ, жоқ, қарға болмаймын!  
 Қарға «қарқ-қарқ етеді»  
 Алысқа ұшып кетеді  
 Қасында болып әрдайым  
 Мен ешқайда бармаймын.

- Ал, балалар, тұрайық,  
 Алақанды ұрайық.  
 Бір отырып, бір тұрып  
 Біз демалып алайық.  
 Алға қарай бір адым,  
 Артқа қарай бір адым,  
 Жоғары-төмен қарайық,  
 Орнымызды табайық.

Балаларға жылы сөздер таратылады. Тақтаға ілінген үйдің суретіне өздерінің сабақта үйренген өнегелі сөздерін айтып жапсырады.  
 Мысалы:

Өлеңді айтып,  
 қимыл-қозғалыс жасады.

- Мен отбасыма денсаулық тілеймін.  
 - Бақыт тілеймін, жақсы көремін.  
 - Біз бір-бірімізді сыйлаймыз.  
 -Татулық тілеймін.  
 - Ашық аспан тілеймін.  
 - Олар менің жүрегімде.  
 - Әлемдегі бар жақсылықты тілеймін.

Сергіту сәті.

Ғажайып сөздер.

- Балалар, бүгін біз сүйікті отбасы, отбасы мүшелері туралы жақсы жағымды сөздер айттық. Отбасында бір-бірін сыйлауға, құрметтеуге, аялауға үйретеді. Біз отбасымызды жан жүрегімізбен жақсы көреміз.

*Жүректен жүрекке жетеді.*

*Н.Әлімқұловтың «Балалы үй базар» өлеңінің бір шумағы айтылады.*

Біздің үйден ән тарап  
Думандатар өмірді.  
Біздің үйде - салтанат,  
Біздің үй де көңілді.

*Мақал-мәтел.*

**Берекет:** - Әке - асқар тау.

Ана - шалқар көл.

Бала - жағадағы құрақ.

**Жәмила:** - Ана көрген тон пішер.

Әке көрген оқ жонар.

*Тақпақтар.*

**Ыбырай:** - Мақтайды әкем - батырым

Енді өзіме серік деп

Өсіп келе жатырмын

Өз әкеме еліктеп.

Әкем менің жасымнан

Тастамайды қасынан.

**Зәуреш:** - Күн жетпейді алаң боп,

Кітап оқи бастасам.

Шаруам көп, шамам жоқ

Демейді анам ешқашан.

Бізді бағып, қағады,

Қайдан мұрша табады.

**Аянат:** - Әкем, шешем және мен,

Тату-тәтті тұрамыз.

Сыйластықпен, махаббатпен

Сауық-сайран құрамыз.

**Еркежан:** - Анам маған үлкенді сыйла деген,

Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.

Үлкендерден ауысқан кішілікті,

Үлкендердің өзіне сыйға берем.

Балалар қонақтарға жүрекшелерін сыйлайды.

Қоры-  
тынды-  
лау.  
Өзін-өзі  
бағалау.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Білуге тиіс:** отбасындағы құндылықтарды.

**Көрсете білуі:** әңгімені тыңдай білді, өлең, тақпақ, мақал-мәтелдерді өз еріктерімен жеткізе білді.

**Түсінігі:** отбасындағы сыйластықты, үлкендерге құрмет көрсету, сыйлау, кішіге қамқор болу керектігін түсінді.



Анар ЕРМЕКҚЫЗЫ,  
Ақмола облысының  
Еңбекшілдер ауданындағы  
«Бірсуат» орта мектебінің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## «ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАДЫҢ СЕН МАҒАН...»

**Мақсаты:** жасөспірімдерді бауырмалдылыққа, үлкенді сыйлай білуге, адамзат үшін теңдесі жоқ, құрметті, асыл дарылардақты адам – ананы қадірлей білуге үйрету.

Ғалымдардың айтуынша, адам миы оқыған кезде 10%, естіген кезде 20%, көрген кезде 30%, ести және көре отырып 50%, өзіміз айта отырып 70%, өзіміз жасай отырып 90%-ға дейін есте сақтай алады екен. Осы жағдайларды ескере отырып: 1) Оқушы шығармашылығын арттыру; 2) Оқушыларды әдемілікке, сұлулыққа баулу; 3) Оқушылардың анаға деген сүйіспеншілігін, сағынышын сезіндіре білу; 4) Оқушыларды ұжымдыққа, достыққа тәрбиелеу; 5) Балаларды мейірімділікке, аналардың шексіз еңбегін бағалай білуге, анасын сүю арқылы еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** қанатты сөздер, қабырға газеті, балалардың алдын ала дайындаған открыткалары, аналар туралы ұнтаспа, мерекелік безендірілген оқу бөлмесі.

### **Сабактың барысы:**

Халықаралық әйелдер күні

*1910 жылы Данияда, Копенгаген қаласында әйелдердің халықаралық конференциясы өтті. Конференцияға Клара*

Цеткин қатысты. Ол ақ шашты, қара көзді қария адам еді.  
Ол жыл сайын 8 наурыз күнін әйелдер күні деп атап өтуге  
ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты жиналған жұрт бірауыздан  
қабылдады..

Ресейде Халықаралық әйелдер күні бірінші рет 1913  
жылы Петербургте өтті.

### **Оқушыларды таныстыру:**

- Бәрімізге қымбатты,  
Жанарынан бал тама,  
Келбетті де сымбатты  
**Аягөз**, міне, ортада!
- Сүйсінген елі есті ерге,  
Көмектесер қартыңа да.  
Қатысқан талай кештерге  
**Рысбек** тұр сахнада!
- Атыңнан айналайын **Арман** деген,  
Сенің жақсы ісіңе баға бергем.  
Сыныбыңа бол қашанда ардақты,  
Ақ жолыңнан талма осындай салмақты.
- Білімді, оқу озаты сыныптағы  
Талай қиын істерді құрықтады.  
**Нұрназдың** алдында талай іс тұр,  
Алдынан атсын дәйім үміт таңы.
- Әзілді өзі қайнатқан,  
Ақ көңілді **Қайратжан**!  
Тамылжытып ән салған,  
Өнерін гүлдей жайнатқан!
- Ақылы асқан **Бақыт** бар арамызда,  
Көрік берген игі ісі санамызға.  
Мөлдіреген көздері оттай жанып,  
Айналды ол біз үшін дана қызға!
- Әрқашанда таусылмайтын тағаты.  
**Айгерім** қыз – оқуының озаты.

*Қиындықтан алып шығар жолдасын,*

*Биікте тұр кірленбеген таза аты!*

(Осылай қатысатын оқушылар өздерін таныстырады).

**1-жүргізуші:** - Армысың, ауылымның асылдары,  
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.  
Сендер үшін ән мен күй, өлең мен би,  
Сендер үшін мереке шашулары!

**2-жүргізуші:** - Әлемнің жарығын  
Сыйладың сен маған!  
Даланың әр гүлін  
Жинадың сен маған!

**1-жүргізуші:** - Көктемді қанатына қондырып, жан жылуын көкірегіне толтырып, әйел-аналардың дәстүрлі мерекесі – 8 наурыз да ауылымызға келіп жетті. Өздеріңізді анадай шуақты, құлпырған қызғалдақтай әсем мерекемен құттықтаймыз!

**2-жүргізуші:** - «Отбасы – шағын мемлекет» деген сөз бар. Ынтымағы келіскен, түтіні түзу ұшқан әрбір шаңырақ – мемлекетіміздің құт-берекесі. Әйел-ана – отбасы жылуын сақтаушы, қоғамның ертеңі, болашақ – балаларды тәрбиелеуші.

**Мұғалім:** - Ананың өмірдегі рөлі.

*Ана – бала үшін өмірдегі ең қымбатты жан. Қандай ана болмасын түн ұйқысын төрт бөліп баласына деген мейірімін, махаббатын ақ сүтін беріп асырайды. Әр ана баласының дені сау, жақсы азамат болғанын арман етеді.*

*Ананың мейірімділігі сонша, отбасында қанша бала болса да, солардың бас-басына өзінің жақсы қасиеттерін үйрете отырып тәрбиелейді. Осы балалардың ішінде біреуі ауырып қалса, сол баласы жазылғанша ана жаны қоса қиналады.*

*Балалары ержетіп кетсе де, ана үшін ол әлі сәби күнгісіндей көрінеді. Көп күн келмесе, алыста жүрсе,*

хабарласпа, «Не болды екен?» деп есі-дерті сол бала-сында болады.

Менің оқушыларыма айтарым, аналарыңның ақ сүтін ақтап, өмір бойы сыйлап өтіңдер дегім келеді.

Арулар маңын нұрлантты,  
Ғажайып күйін төгеді.  
Көктемге қыздар үн қатты,  
Шаттыққа бізді бөледі.

**Би: 8 «а» сыныбының қыздар тобы.**

**Аягөз:** - Бүкіл әлем аналардың ақ сүтінен нәр алған  
Бүкіл әлем аналардың үмітінен таралған.  
Әлемде егер сен болмасаң осылайша жаралған,  
Туар ма еді жүрегімде биік мақсат, ізгі арман?!

**Рысбек:** - Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,  
Тәтті ұйқыңды бөліп талай үн қаттың.  
Өміріме нәрін бердің ақ сүтіңнің керемет,  
Кең құшағың – аясындай гүл бақтың!

**Арман:** - Аналарды сүйеміз,  
Сөзін ойға түйеміз.  
Әрқашан біз ардақтап,  
Әжеге бас иеміз!

**Дария:** - Мен өзіңмен қайда болсаң біргемін,  
Махаббатың жүрегімде жүр менің.  
Күн нұрындай – жадырай бір күлгенің,  
Қандай жақсы ортамызда жүргенің!

**1-жүргізуші:** - «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, ақ сүтін өтей алмайсың» деген даналық сөз дәл айтылған. Анаға қандай қамқорлық жасасақ та, қарызымыздың ширегіне де тұрмайды. Сондықтан да абзал аналарымызға тарту етіп, балалық жүрегімізден жарып шыққан өлең жолдарын арнаймыз.

**Ән: «Анашым».**

**Нұрназ:** - *Адамдықтың ашқан соң қақпасын кеп,  
Туған елі сүйсіне мақтасын деп,  
Пәк сезіммен тілеймін адамдарға  
Анасының ақ сүтін ақтасын деп.*

**Қайрат:** - *Мінеки, жер көгеріп, көктем келді,  
Шығарып сап боранды, өкпек желді.  
Жаңа көктем әкелсін мол жақсылық,  
Өткен өтті, салауат өткенге енді.*

**2-жүргізуші:** - *Теңіздей тербетіліп көл бетінде,  
Бишілер билеп кетті тербетіле.  
Аққудай қалықтаған теңіздегі  
Бишілер өнерлерін көрсетуде.*

**Би:** «Той шашу».

**Қайрат:** - *Ана сүтінен барлық адам нәр алған,  
Ол азығың өзіңмен бірге жаралған.  
Туа салып тұңғыш татқан дәмің ол,  
Күш-қуат боп өн бойыңа таралған.*

**Бақыт:** - *Өмірде ана – бақыт, ана – пана,  
Өмірді өркендетер ана ғана.  
Өсірген талай көсем, талай шешен,  
Талай ер, талай ақын, талай дана.*

**Арман:** - *Сенен өскен балалар,  
Шешендер де, даналар.  
Құттықтаймыз мейраммен,  
Құрметті ана, аналар!*

**Кластер кұру.** «Ана» деген сөзге сезімдерін білдіру.

**Аягөз:** - *Ана – дейміз бәріміз де аңқылдап,  
Ана – дейді жас сәби де жарқылдап.  
Ана – деген бәйтерегі өмірдің,  
Ана – деген алтын қазық, алтын бақ!*

**Рысбек:** - *Адам бар ма ана сүтін татпаған,  
Алуан-алуан ауыр сынды аттаған  
Адалдықты, ар-намысты сақтаған  
Мен анамның сонысына мақтанам!*

**Дария:** - *Туғаннан құлыным деп аймалаған  
Өзіңнен қымбат адам қайда маған?!  
Дүние аналармен көрікті зой,  
Онсыз бұл бір бұлбұл да сайрамаған.*

**1-жүргізуші:** - *Тыныштық – баршамыздың ұранымыз,  
Мәңгілік таусылмайтын жыр-әніміз.  
Арманның асқарына қанат қаққан,  
Бақытты, бейбіт елдің ұланымыз.*

**Ән:** «Әрқашан күн сөнбесін!» (3-тілде)

**Нұрназ:** - *Ана – деген адамзаттың данасы,  
Ана – деген сәбилердің панасы.  
Ана – деген жарық жұлдыз, шырағың,  
Ана – деген қайнар ыстық бұлағың,  
Ана – деген өмірдегі қамқорың,  
Мәңгі-бақи арта берсін даңқы оның!*

**Қайрат:** - *Құттықтаймын мейрамыңмен, аналар,  
Әр күлгенің – бізге бақыт саналар.  
Еңбегіңді еш етпейтін өмірде  
Елің, жұртың, ұл мен қызың бағалар.*

**Көрініс:**

**2-жүргізуші:** - *Ол – ана, азаматқа қанық үні,  
Әр жүрек, әр көңілдің жарық күні.  
Ол деген-алыбы зой алыптардың,  
Ананың тілі емес не халық тілі!*

**1-жүргізуші:** - *Мұрат, мүдде, мақсатың –  
Жақсы күн мен жақсы түн!*

*Нағыз бақыт – ананың  
Ақтау дер ем ақ сүтін!*

**Ән: «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған...»**

**Мұғалімнің сөзі:**

*«Анам менің – жасыл бағым құлпырған,  
Сол бағымда асқар шыңға ұмтылғам.*

*Өзіңе арнап жыр жазады перзентің,*

*Асыл анам, жанарыңда Күн тұрған!»* деп, қазір,

балалар, сыйлы қонақтар сіздерге арнап шағын қолтаңбаларын жазады. **Синквейн стратегиясы** бойынша орындайды.

Тапсырма орындалған соң оқушыларға оқытады.

**Жұмбақтар шешу:**

Табакқа түспес,

Қазанға піспес,

Оны ішпей адам өспес.

(Ана сүті).

Бір дән бар дастарқанға салынбаған,

Ешкім жоқ дәмін татпай жалындаған.

Бітіпті бір ағашқа екі бұтақ

Қанша жан ықтаса да, алынбаған.

(Ана төсі).

**Хормен: Мереке құтты болсын!**

Ата-анаға, қонақтарға сыйлық беру рәсімі болады.

*Кешіміздің жарқырап салтанаты,*

*Төгіледі Күн нұрының шапағаты!*

*8 наурыз тойы құтты болсын,*

*Дендеріңіз сау, мықты болсын!*

*Гүл өмірде аман-есен болайық,*

*Баршаңызға тілек осы, халайық!*

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 05.02.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1650. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru**

**Басылатын жері – “Према” ЖШС.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№2, 2013 ж., 144 бет, Алматы.